

Лекция 1 Музей экспонаттарының атрибуциясы туралы жалпы түсінік

Атрибуция – тарих және мәдениет ескерткіші, құжаттар, көркем туындар, т.б. музейлік маңызы бар заттардың авторын, жасалған уақытын, материалын анықтау. Музей затын атрибуциялауда зерттеуші заттың жасалу техникасын, стилін, материалын, мазмұнын, қолданыс аясын т.б. затқа тікелей қатысты дүниелерді анықтайды. Затқа тікелей және жанама қатысты мәліметтер мол болған сайын атрибуцияның дәлдігі нақтылана түседі. Көркемөнер туындысында авторды анықтау, немесе туынды мазмұнындағы қандай-да бір белгіні анықтауға қатысты дау туғанда жасалатын сараптама атрибуция деп аталады. Зерттеу барысында заттың химиялық, физикалық құрамын анықтау, заттың тарихи дәуірлерде жасалу технологиясын, қолданыс аясын анықтау, әрі сол затты музей жағдайында сақтау (қордағы жылу, ылғалдылық, т.б.) деңгейін нақтылау үшін қажет.

Музейлік атрибуция – заттың музейлік маңызын нақтылауға қатысты сипаттаулар мен музейлік заттың қолданыс аясын, қалыптасуын, затқа қатысты зерттеулерді негізге ала отырып ғылыми негіздеу. Музей заттарын атрибуциялауда қойылатын басты талап – заттағы белгілерді анықтаудағы нақтылық. Музей затының атрибуциясында міндетті көрсетілетін деректер: 1. заттың атауы, 2. Инвентарлық номері, 3. Түсу көзі, уақыты, жасалған жері. 4. Түпнұсқалығы немесе көшірме. 5. Заттың аңызы (жасалу тарихы, кімнің тапқаны, кімде сақталғаны, кім өткізгені т.б.). 6. Затта таңбаның, мөрдің, геральдикалық белгілердің болуы (бірдей белгілердің басқа да заттарда болуы. 7 Жасалу материалы. 8 Жасалу техникасы, әдісі. 9. Көлемі (сантиметр, диаметр, ұзындығы, көлемі, тереңдігі, т.б.). 10. Құрылымы мен бейнесі (бірнеше материалдан тұрған жайғайда, құрамының көлемділігі). 11. Заттың қысқаша сипаттамасы. 12. Стилистикалық ерекшелігі. 13. Заттың қолданыс аясы. 14. Жасалу уақыты, жері (жасалу уақыты нақты болмаған жағдайды болжалды мерзімі). 15. Заттың иесі. 16. Заттың әлеуметтік ортадағы қолданысы. 17. Этникалық қолданысы. 18. Нақты тұлғаға қатысты қолданысы. 19. Сақталу деңгейі [1].

Музей затының атрибуциясын жаау үшін музей терминологиясын, зерттеліп отырған заттың түсу мәліметін, яғни экспедициядан, кездейсоқ табылымнан, жеке адамнан, сыйға тартылған, антикварлы дүкеннен сатып алынған, т.б. мәліметтерін нақты білу маңызды. Заттың физикалық және химиялық құрамын анықтау арқылы нақтыланатын мәліметтер: заттың шикізаты: ағаш, мата, кенеп, киіз, тері, темір т.б.; заттың жасалу әдісі (қолдан немесе өрмек, т.б. арнайы қондырғыда жасалғандығы, құйма, қалыпта құю, бедер салу, жону, тесу, сызба түсіру, қыру, тоқу, т.б.; өнер туындыларында – кенеп, майлы бояу, теипера, сангина, грифельді қарындаш, гравюра, литография, акварельді бояу, ағашта бояу, т.б. Заттың түсі бояу арқылы берілген болса табиғи бояу немесе екі түсті бояудың қосындысынан алынған түс пе, ол түстердің алыну жолдары көрсетіледі.

Нумизматика, асыл тастар, бағалы металдан жасалған заттардың салмағы (1.2 гр, 3 гр., т.б.), атауы, құрамы (нумизматикада - мыс монета, күміс монета, жез монета, т.б.; асыл тастарда – лағыл, зүбіржат, маржан, ақық, переза т.б.) көрсетіледі. Фабрика маркалары, геральдикалық белгілер, заттағы таңбаларды тіркеуге алу да өте маңызды. Атрибуция заттың авторлық туынды, ұжымдық, мемориалдық, этникалық, әлеуметтік қолданыста болғандығын да анықтайды. Атрибуция нәтижелері музейлік каталог, фотоальбом, экскурс, анықтамалық, т.б. музейлік басылымдардың жасалуына негіз болады [3,4]. Музейлік басылымдарда музей затының айырықшы белгілерінің фрагменттерін айғақтауда қазіргі заманғы ақпараттық технологияның маңызы ерекше [2].

ҚРМӨМ қорындағы сәукелелер сипаттамасы мен атрибуциясы үлгісі



Сурет 1 а, б – ҚРМОН қорындағы XIX ғасыр сәукелелері

а) **КП 495. Сәукеле.** XX ғ. соңы. Барқыт, жібек, шыт, оқа, шашақ. Биік. 47 см, мильық шеңб. 49 см, желкелігі 64 см. Сақталуы – орташа. Конус тәріздес пішінде, күрең қызыл барқыттан тысталып, қызыл жібекпен астарланып тігілген. Төбесі доғалданған. Тәжіне үш қатар оқа жүргізіліп, шашақпен көмкерілген. Маңдай бөлігіне жіңішке оқа жүргізілген. Шытпен астарланып, төменгі бөлігі дөңгеленген желкелік қондырылған. Желкелігінің ортасына жіңішке оқа жүргізіліп, геометриялық өрнекті оқамен жиектеліп, шашақ тағылған. Мильығы желкелігіне дейін сары оқамен жиектелген (Сурет 1а)

ә) **КП 3427. Сәукеле.** Алматы обл. XX ғ. басы. Мауыт, тері, оқа, маржан, перуза, меруерт, шытыра, үкі. Биік. 47 см, мильық шеңб. 46 см, төбесі 20 см. Сақталуы – нашар (терінің кейбір жерлеріне күйе түскен, маржан жоғалған, маталарының кейбір жерлерінде тесіктер бар). Төбесі кесілген конус тәріздес, тәжі қызыл мауытыдан, мильығы қара барқыттан (зооморфтық өрнек кестеленген) тысталған. Тәжінің ішіне картон қағаз салып қатырған. Төбесіне үкі, айналдыра шашақ тағылған. Тәжінің үстіңгі бөлігіне маржан, перузамен безендірілген металл қаңылтыр жапсырылған. Алдыңғы бетіне өрнекті шытыралар жапсырылып, оқа жүргізілген. Оқа үстінен тәждің екі жанынан маржан, перузасы бар металл шалпыншақтар тағылған. Артына осындай оқа жолағы тігінен жүргізілген. Маңдай бөлігі перуза, маржандар орнатылған темір салпыншақтармен, қызыл маржандардан, меруерт араластыра, өрілген таспамен (ені 4,5 см.) безендірілген. Моншақ таспаға қоңырауша пішініндегі шытыралар тағылған. Мильығы құндыз терісімен әдіптелген. 1938 ж. Алматы қ. тұрғыны Батырхан Жүнүсовтан алынған (Сурет 1 ә).

б) **КП 3426. Сәукеле.** Батыс Қазақстан обл. Барқыт, зертаспа, шытыра, перуза. Ұз. 73 см, мильық шеңб. 52 см. Сақталуы – нашар (шытыралары түскен, тігістері сетінеген, барқыт оңған). Тәжі қызыл, маңдай бөлігі мен мильығы қоңыр барқыттан тысталып, жұқа киізден бидайлық салынған, төбесінің арты биік (қалақша пішінінде) тігілген. Гүлді мақта матадан астар салынған. Төбесі зертаспамен айналдыра ұсталған. Тәжіне ромбик тәрізді шытыралар қондырылып, екі қатар зертаспамен айналдыра жүргізілген. Маңдай бөлігі мильығына қарай кеңейтілген, екі қатар зертаспамен желкелігіне дейін жүргізіліп, үстіңгі зертаспа үстінен перуза тастары бар өрнекті шытыралар қондырылған. Желкелігі және екі құлақшыны үшбұрыш формасында, құлақшындарына қызыл жібектен екі байлауыш тағылған (Сурет 1б).

Сәукеле – ұзатылатын қыздың өз үйінен киіп шығатын бас киімі. Сәукеле бағалы, көп әшекейлі, өте ертеден келе жатқан бас киім. Оның негізін ақ киізден не болмаса, бірнеше қабат матадан биік конус тәріздендіріп жасайды. Сыртын қызыл түстес шұға, барыт сияқты қымбат матамен көмкеріп, құндызбен жиектейді. Сәукелені тек зергерлер

алдын-ала тапсырыс бойынша жасаған. Қыз әкесі ауқатты болса ұзатылатын қызының сәукелесінен байлығын еш аямаған. Қымбат сәукелелер зерлі жіппен сырылып, алтындалған күміс *күлдіреуіштермен* көмкерілген. Сәукеле күлдіреуіштері кей жерлерде сәукеле *шұбыртпасы* деп те аталады.. Сәукеленің биіктігі қыздың шыққан тегінің дәулетін білдірген. Алтындалған, күмістелген күлдіреуіштерін барған жерінің ұрпаған көбейтсін, бала-шағалы болсын деген мағынада мол салған. Алтын, күміс құймалармен қатар інжу, маржан, ақық сияқты тастарды да молынан салған. Сәукеленің екі жақ самай тұсынан бетке жеткізе шолпы тәріздендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтары *сәукеленің бетмоншағы* деп аталды. Сәукеленің төбесінде алтынмен, күміспен әшекейленген *бергек* деп аталатын қатырғы болды. Бергек қатырылған сәукеленің бір түрі Астана қаласындағы Президенттік Мәдени орталықтың этнография залында қойылған. Осы бергекке көбіне ақ жібек желек орнатылды. Кейде бергекке құстың қауырсындары бекітілді. Оны *қарқара* дейді. Сәукеленің алдыға түсіп тұратын екі құлағы мен белге дейін жететін шашқап тәрізді артқы құлағы да маржан, ақық тастармен әшекейленді. Сәукелені жас келін той өткенше киген, той өткен оны қадірлеп жоғары жерге іліп қойған. Қазақ қоғамында сәукелелер қымбат бағаланған. Мысалы, сәукелелердің Бөкей ордасында кездескен бір түрінің құны күміс ақшамен 1000 сомға бағаланған. Семей төңірегіндегі сәукеле құны 2000 сомға жеткен көрінеді. Ал, XIX ғ. орта шенінде Жетісу атырабында жасалып, Петербургтегі Антропология және этнография музейіне сыйланған бір сәукеле жүз жылқының құнына бағаланғаны белгілі. Әрине, мұндай қымбат сәукелелер сирек кездесті. Қазақстан музейлерінде сақталған қымбат сәукелелердің саны саусақпен санарлық десе болады. Сәукеленің әрбір деталі ұмтыла сүйірлене біткен пішіні мән-мағынаға толы. Сәукеленің пішіні мен ою-өрнегінің өзі-ақ көшпелі өмір сүрген қазақтардың мифологиялық таным-түйсіктерінің қаншалықты терең де бай болғандығын айқын аңғартады. Ою-өрнектер айналадағы кеңістікті, дүниенің жаратылысын, адамзат қоғамының қалыптасуын бейнелейді.

Маңдайша – сәукеленің маңдайына тағатын асыл тасты күміс әшекей; Төбелдірік – сәукеленің төбесіндегі тәж сияқты әшекей, бергек; *қасаба* – үшкірлеу төбесіне бір шоқ қауырсын қадап, маңдай тұсын түгелдей асылтас, алтын, күміс әшекейлермен безеп, оң жақ самай тұсына 5-6 қатардан ілмелі моншақ күміс қоңыраушалар байлап, ұзын салпыншақты етіп жасаған қыз тақиясының бір түрі. *Зере* – зере өзі ұзын, іші қуыс, сәукелемен бірге киетін бас киім, ертеде бір қабат киім сыртынан киетін сауыт та «Зере деп аталыпты». *Жырға* – 1. Асыл тас, моншақтар тізіп, көп сапыншақты етіп жасаған әйелдердің сәнді бас киімі, сәукеленің бір түрі. 2. Ертедегі қазақ әйелдерінің бас киім әшекейі. Дәлірек айтқанда, *жырға* – сәукеленің, бергектің, кейде сырғаның төгілме моншақтары, сәнді салпыншақ шұбыртпасы. *Сәукеленің сырғасы* – салпыншағы мол, өзі ұзын да ауыр болғандықтан тек салтанатты кездерде сәукелеге байлайтын сырға. Мұны Батыс Қазақстанда *сабақ*, *сабақты сырға* деп атаған. Оның мәнісі: ауыр сырғаларға жіп байлап, шашқа, сәукелеге бекітеді (қазақ қолөнерінде сабақ «жіп» деген мағынаны білдіреді) [3, 4 т., 80-90 бб.].

Музей заттарының атрибуциясы, сипаттамасы, сараптамасы музей интерпретациясы мен интеграциясының ғылыми негізі болады. Мұраны интерпретациялау арқылы музей өзінің ғылыми-ағарту, ғылыми-зерттеу қызметін атқарады. Музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығының білім алушыларына атрибуция, сараптама, сипаттау мәселелерін оқыту өте маңызды.

Әдебиеттер:

- 1 Словарь актуальных музейных терминов. М.2009.
- 2 Ноль Л.Я. Информационные технологии в деятельности музея. Спб., 2007.; Свободное программное обеспечение. Приложения для образования, культуры и доступа к информации: Учебное пособие. Автор/создатель: Калима Туенбаева, Жанат Куленов, Шынар Когабай. Кластерное бюро ЮНЕСКО в Алматы/Казахстан. Алматы, 2009

3 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-5 том. Алматы, 2011-2014.

4 ҚРМММ археологиялық коллекциясы: сақтар мен үйсіндер мәдениеті. Ғылыми каталог. Алматы, 2011.

Лекция 2-3 Киім қоры бұйымдарын атрибуциялау мен сипаттаудың әдіс-тәсілдері КИІМДЕР АТТРИБУЦИЯСЫ

ҚРМММ қорындағы сәукелелер атрибуциясы

№ п/п	Сурет Фото.	КП. Сипаттама. КП. Описание.
.		<p>КП 495 Сәукеле. XX ғ. соңы. Барқыт, жібек, шыт, оқа, шашақ. Биік. 47 см, мильқ шеңб. 49 см, желкелігі 64 см. Сақталуы – орташа.</p> <p>Конус тәріздес пішінде, күрең қызыл барқыттан тысталып, қызыл жібекпен астарланып тігілген. Төбесі доғалданған. Тәжіне үш қатар оқа жүргізіліп, шашақпен көмкерілген. Маңдай бөлігіне жіңішке оқа жүргізілген. Шытпен астарланып, төменгі бөлігі дөңгеленген желкелік қондырылған. Желкелігінің ортасына жіңішке оқа жүргізіліп, геометриялық өрнекті оқамен жиектеліп, шашақ тағылған. Мильғы желкелігіне дейін сары оқамен жиектелген.</p> <p>Женский свадебный головной убор. Кон. XIX в. Бархат, шелк, ситец, позумент, бахрама. Выс. 47 см, окр. 49 см, дл. полосы 64 см. Сохр. - средняя.</p> <p>Конусообразной формы, из бархата бордового цвета, подклад из красного шелка. Макушка дугообразная. Тулья опоясана тремя полосами серебряного позумента, средняя полоса с бахромой. Между тульей и околышем пришита узкая полоса позумента. Сзади пришита бархатная полоса бордового цвета с закругленным концом, образующая назастьник, по середине полосы пришит узкий позумент, а по краям – вырезанный фестонами позумент с геометрическим орнаментом и бахрама. Подклад из цветного ситца. Околыш до полосы обрамлен желтым позументом.</p>

1.



КП 3427

Сәуке. Алматы обл. XX ғ. басы. Мауыт, тері, оқа, маржан, перуза, меруерт, шытыра, үкі. Биік. 47 см, мильқ шеңб. 46 см, төбесі 20 см. Сақталуы – нашар (терінің кейбір жерлеріне күйе түскен, маржан жоғалған, маталарының кейбір жерлерінде тесіктер бар).

Төбесі кесілген конус тәріздес, тәжі қызыл мауытыдан, мильғы қара барқыттан (зооморфтық өрнек кестеленген) тысталып тігілген. Тәжінің ішіне картон қағаз салып қатырған. Төбесіне үкі, айналдыра шашақ тағылған. Тәжінің үстіңгі бөлігіне маржан, перузамен безендірілген металл қаңылтыр жапсырылған. Алдыңғы бетіне өрнекті шытыралар жапсырылып, оқа жүргізілген. Оқа үстінен тәждің екі жанынан маржан, перузасы бар металл шалпыншақтар тағылған. Артына осындай оқа жолағы тігінен жүргізілген. Маңдай бөлігі перуза, маржандар орнатылған темір салпыншақтармен, қызыл маржандардан, меруерт араластыра, өрілген таспамен (ені 4,5 см.) безендірілген. Моншақ таспаға қоңырауша пішініндегі шытыралар тағылған. Мильғы құндыз терісімен әдіптелген. 1938 ж. Алматы қ. тұрғыны Батырхан Жүнусовтан алынған.

Женский свадебный головной убор. Алматинская обл. Нач. XX в. Сукно, мех, позумент, кораллы, бирюза, жемчуг, бляшки, перья филина. Выс. 47 см, окр. 46 см, макушка 20 см. Сохр. – плохая (мех местами поеден молью, отсутствует жемчуг, на тканях есть дырки).

В форме усеченного конуса, из красного сукна и черного бархата, жесткой формы. К верхушке отделанной бахромой прикреплён пучок перьев филина. Верхняя часть спереди обшита крестообразными штампованными бляшками, полосой позумента, над ними пришита фигурная пластина с кораллами и бирюзой. Ниже позумента - полоса из серебряных бляшек квадратной формы украшенных бирюзой, многоярусные подвески каплевидной формы. По нижнему краю нашита сеточная полоса (шир. 4,5 см.) из красных кораллов с подвешанными к ним серебряными подвесками. К обеим сторонам поверх позумента прикреплены подвески украшенные бирюзой и кораллами. Край оторочен мехом выдры. Приобретен в 1938 г. у Батырхана Жунусова, г. Алматы.

2.



КП 3426

Сәукеле. Бат.-Қазақстан обл. Барқыт, зертаспа, шытыра, перуза. Ұз. 73 см, мильық шеңб. 52 см. Сақталуы – нашар (шытыралары түскен, тігістері сетінеген, барқыт оңған).

Тәжі қызыл, маңдай бөлігі мен мильығы қоңыр барқыттан тысталып, жұқа киізден бидайлық салынған, төбесінің арты биік (қалақша пішінінде) тігілген. Гүлді мақта матадан астар салынған. Төбесі зертаспамен айналдыра ұсталған. Тәжіне ромбик тәрізді шытыралар қондырылып, екі қатар зертаспамен айналдыра жүргізілген. Маңдай бөлігі мильығына қарай кеңейтілген, екі қатар зертаспамен желкелігіне дейін жүргізіліп, үстіңгі зертаспа үстінен перуза тастары бар өрнекті шытыралар қондырылған. Желкелігі және екі құлақшыны үшбұрыш формасында, құлақшындарына қызыл жібектен екі байлауыш тағылған.

Женский свадебный головной убор. Зап.-Казахстанская обл. Бархат, галун, бляшки, бирюза. Выс. 73 см, окр. 52 см. Сохр. – плохая (отсутствуют бляшки, швы распороты, бархат потерт).

Тулья из красного, околыш из коричневого бархата, на тонкой войлочной основе, подклад из цветочной х/б ткани. Задняя часть макушки лопатообразной формы выше чем передняя, обшита ленточным галуном серебряного цвета. Лицевая часть тульи украшена ромбовидными металлическими бляшками, двумя полосами из галуна. Нижняя часть слегка расширяющаяся к низу, украшена двумя полосами галуна, поверх верхнего нашиты узорные бляшки с бирюзой. Пришиты три лопасти образующие назатыльник и наушники треугольной формы. К наушникам пришиты ленточки из красного шелка.

9.



КП 507


Зере – сәукеле ішінен киетін бас киім. Барқыт, мақта мата, тері, зертаспа, металл пластина, сердолик. Биік. 30 см, мильық шеңб. 52 см, желкелік ұз. 32 см, құлақшын ұз. 34 см. Сақталуы – нашар (барқыт сырылған, тері қырылған, тасы түскен).

Конус тәріздес формада, қызыл барқыттан, қызыл-көк түсті кенеппен астарланып тігілген. Тәжінің үстінгі бөлігі тік жодлар жасай, төменгі бөлігі көлденең жолдар жасай сырылып қатайтылған. Желкелігі үшбұрыш формасында, қызғылт мақта матадан астар салынып, сары мақта матамен жиектелген. Оң жағына ұзын құлақшынын тағылған, зертаспамен жиектеліп, үш мыс пластина тағылған. Олардың ортасында сердолик және маржан тастары бар. Екі жанынан қызыл гүлді мақта матадан екі құлақ бау тағылған. Мильығының маңдай тұсы құндыз терісімен әдіптелген.

Зере – женский головной убор, одеваемый под саукеле. Бархат, х/б ткань, мех, галун, метал. пластинки, сердолик, коралл. Выс. 30 см, окружность 52 см, дл. полосы 32 см, дл. наушника 34 см. Сохр. – плохая (бархат потерт, мех облез, отсутствует один камень).

Конической формы из красного бархата, подклад из красно-синей мешковины. Верхняя часть прострочена прямыми, нижняя часть вертикальными линиями, что придает жесткость конусу. Сзади на шею свисает треугольный назатыльник из красного бархата, на розовой х/б подкладке, окантован желтой х/б тканью. На правом боку пристегнута широкая лента образующая наушник, окантованная галуном, с тремя медными пластинками, в каждой из которых углубления заполнены сердоликом и кораллом. С боков из красной цветочной х/б ткани пришиты узкие полосы-завязки. Край налобной части оторочен мехом выдры.

1.



КП 3425


Сәукеле. Бат.-Қазақстан. XIX - XX ғғ. Барқыт, кенеп, металл пласт., маржан, сердолик, шашақ, оқа, үкі, тері. Биік. 54 см, мильқ шеңб. 53 см, желкелік ұз. 34 см, құлақшын ұз. 67 см. Сақталуы – нашар (тері сырылған, кейбір жерінде терісі жоқ).

Цилиндр формалы, қызыл барқыттан тысталып, жұқа киізбен бадайлынып, кенеппен астарланып тігілген. Төбесіне үкі, айналдыра шашақ тағылған. Тәжі оқамен жүргізіліп, сердолик, шыны, маржан орнатылған, (күмістен алтын жалатқан) өрнекті пластиналармен әшекейленген. Маңдай бөлігінің алдыңғы жағы оқамен қапталып, үстінен өрнекті металл шалпыншақтар тағылған. Желкелігі қара барқыттан тысталып, сатенмен астарлана, жұрындалған. Тәжінің артқы жағынан тағылған қызыл барқыт жолағы желкелігіне дейін түсіп тұрады. Жолақ үстіне сердолик орнатылған металл пластиналармен, салпыншақтармен әшекейленген. Екі құлақшыны зертаспамен жиектелген, пластиналармен бөлінген төрт қатар маржанмен әшекейленіп, ұшына шашақ тағылған. Мильғының алдыңғы бөлігі құндыз терісімен әдіптелген. 1924 ж. Габдулла Нығмаділовтан алынған. Иесі – К.Қазмұқамедова, Орал губ., Ілек уезі, Қарағанды болыстығы, № 7 аул.

Женский свадебный головной убор. Зап. Казахстан. Кон. XIX – нач. XX вв. Бархат, мешковина, металл. пласт., коралл, сердолик, бахрама, позумент, перья филина мех. Выс. 54 см, окружность 53 см, дл. полосы 34 см, дл. наушника 67 см. Сохр. – плохая (мех потерт, отсутствуют некоторые украшения).

Цилиндрической формы, из красного бархата, на тонкой войлочной основе, подклад из мешковины. Макушка украшена перьями филина, вкруговую обшита бахромой. Верхняя часть тульи украшена полосой позумента, фигурными пластинками с сердоликом, кораллами, стеклом. Нижняя часть обшита позументом, нашиты подвески. Три лопасти образующие два наушника в виде двух красных бархатных полос и назастьльник треугольной формы, из черного бархата, подклад из ситца. С задней стороны тульи подвешана полоса красного бархата, украшенная пластинками с сердоликом и подвесками. Наушники обшиты галуном, украшены четырьмя низками кораллов, разделенными пластинками. Край налобной части оторочен мехом выдры. Приобретен в 1925 г. у Габдуллы Нигмадилова. Принадлежал К.Казмухамедовой, Уральская губ., Илекский уезд,

		<p>Караганда волость, № 7 аул.</p>
<p>1.</p>		<p>КП 20174 Сәукеле. Алматы қ. 1983 жыл. Барқыт, тері, үкі, шытыра, перуза, маржан, шыны. Биік. 49 см, мильқ шеңб. 47 см, төбесі 21 см. Ісмері Ильясов Қахар Ильясұлы, суретші-модельер. Сақталуы – жақсы.</p> <p>Төбесі кесілген конус тәріздес, тәжі күрең қызыл барқыттан, мильғы қара барқыттан (зооморфтық өрнек кестеленген), жұқа киізбен бидайланып, сәтіннен астар салып тігілген. Төбесіне үкі тағылған. Тәжінің үстіңгі бөлігіне металл қаңылтыр жапсырылған. Алдыңғы жағына өрнекті шытыралар жапсырылып, зертаспа жүргізілген. Артына осындай зертаспа тігінен жүргізілген. Маңдай бөлігінің алдыңғы жағы перуза, шынымен әшекейленген салпыншақтар, қызыл маржандардан өрілген таспамен (ені 3,5 см.) және оған “Ж”-тәріздес металл шытыралар тағылған. Артқы бөлігі майда түйіршікті салпыншақмен маржан, перузамен әшекейленген алқалармен безендендірілген. Мильғы айналдыра құндыз терісімен әдіптелген. 1985 ж. түскен. Иесі - Алматы қ. тұрғыны Михринис Кахаровна.</p> <p>Женский свадебный головной убор. Г. Алматы. 1983 г. Бархат, мех, перья филина, бляшки, бирюза, кораллы, стекло. Выс. 49 см, окружность 47 см, макушка 21 см. Мастер Ильясов Қахар Ильясович, художник-модельер. Сохр. - хорошая.</p> <p>Из темно-красного и черного бархата, в форме усеченного конуса, на тонкой войлочной основе, подклад из сатина. Макушка украшена перьями филина. В верхней передней части прикреплена крупная фигурная бляха. Лицевая часть украшена нашитыми фигурными бляшками, галуном, сзади пришита вертикально такая же полоса галуна. Нижняя часть тульи спереди украшена подвесками с стеклом и бирюзой, сплетенной из красных кораллов лентой (шир. 3,5 см.) и внизу ниспадают фигурные «Ж»-образные металлические подвески, сзади подвесочками из мелких шариков и кораллов, бирюзой на цепочках. Нижний край оторочен мехом выдры. Приобретен в 1985 г. Принадлежал Михринис Кахаровне, г. Алматы.</p>

4.		<p>КП 13077/1 Сәукеле. Алматы қ. Шұға, шелк, зер жіп, оқа, металл, ұсақ моншақ, кесте. Ұз. 35 см, мильқ шеңб. 55 см. Сақталуы – орташа.</p> <p>Төбесі кесілген конус тәрізді, ақ шұғадан тысталып, картонмен қатырылған, қызыл жібекпен астарланып тігілген. Төбесі айналдыра зер жіпке тағылған моншақтармен әшекейлеген. Тәжінің өн бойына зер жіппен өсімдік тәріздес жене зооморфтық өрнек кестеленіп, үстінен бисер, сақиналар тәрізді әшекейлер, екі қатар металл алқалармен тағылған. Мильғы айналдыра зер оқамен жиектелген. 1973 ж. ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнология институты тапсырған. Иесі – Қаз. КСР-дің халық әртісі Жамал Омарова.</p> <p>Женский сценический головной убор. Г. Алматы. Сукно, шелк, канитель, позумент, металл, бисер, вышивка. Выс. 35 см, окружность 55 см. Сохр. – средняя.</p> <p>В форме усеченного конуса, из белого сукна, жесткой формы. Подкалад из красного шелка. Макушка украшена бахромой с бисером на концах. По всей длине украшена растительным и зооморфным орнаментами вышитыми канителью, поверх вышивки нанизаны бисеры, пришиты металлические кольца и цепочки в два ряда. Нижний край вкруговую обрамлен позументом. Приобретен в 1973 г. у института истории археологии и этнологии АН КазССР. Принадлежал народной артистке КазССР Жамал Омаровой.</p>
----	-----------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Тақиялар



№ п/п	Сурет Фото.	ТН. Сипаттама. КП. Описание.
.		<p>КП 503 Тақия. Семей обл. XIX ғ. Жібек, зер. Биік. 15 см, мильқ шеңб. 55 см. Сақталуы - өте нашар (жыртылған).</p> <p>Конус тәрізді, ақ жібектен тысталған, қыз баланың бас киімі. Төрт сайға бөліп, сайларының үстіне орала және арасына зер жіптен өсімдік тәріздес өрнектер түсірілген. Күлгін қызыл түсті жібек матамен астарланған. 1930 ж. түскен.</p> <p>Нарядный мужской головной убор. Семипалатинская обл. XIX в. Шелк, канитель. Выс. 15 см, окр. 55 см. Сохр. – очень плохая (ткань порвана).</p> <p>Из белого шелка. Остов мягкой конусообразной</p>



		<p>формы. Конический верх состоит из четырех клиньев, по линии швов пришиты полоски из скрученной канители. Вышивка канителью. Узор растительный, выпуклый. Подклад из шелка малинового цвета. Приобретен 1930 г.</p>
<p>6.</p>		<p>КП 662 Тақия. XIX ғ. соңы. Барқыт, оқа, зертаспа, шашақ, спираль, жібек, картон. Биік. 10 см, мильқ шеңб. 50 см. Сақталуы – орташа. Цилиндр тәрізді, күрең қызыл түсті барқытпен тысталған әйел адамның бас киімі. Төбесі жалпақ, крест тәрізді алтын оқа, екі шетінен зертаспа жүргізілген. Төбесінің жанынан шетіне дөңгеленіп алтын шашақ пен спираль тәрізді салпыншақтар тағылған. Картонмен бидайланып, өзбек жібегінен астарланып, көктеп, жүрмеп тіккен. 1947 ж. Сейдалинадан алынған.</p> <p>Девичий головной убор. Кон. XIX в. Бархат, позумент, галун, бахрома, спираль, шелк, картон. Выс. 10 см, окр. 50 см. Сохр. - средняя. Цилиндрической формы, из бордового шелкового бархата. На плоскую круглую макушку крестообразно пришиты две полосы золотистого позумента, параллельно – две полосы галуна. По верхнему краю твёрдого околыша пришита золотистая бахрома со спиралевидными подвесками-кистями. Подклад из узбекского цветного шелка и картон. Приобретен в 1947 г. у Сейдалиной.</p>
<p>7.</p>		<p>КП 512 Тақия. XIX ғ. I жарт. Мақта мата, жүн жіп. Биік. 18 см, мильқ шеңб. 47 см. Сақталуы – жақсы. Конус тәріздес, тұтас пішілген, қыз баланың бас киімі. Төбесі және қабырғасы қара, қызыл, көк, қоңыр, ақ, жасыл түсті жіптерден геометриялық, өсімдік тәріздес, бадам өрнегі станокта кестелеген. Артқы жағынан түрлі түсті жіптен шашақ тағылған. Қызыл түсті мақта матамен астарланып, жүрмеп тігілген. 1930 ж. түскен.</p> <p>Мужской головной убор. 1-я пол. XIX в. Х/б ткань, шерстяные нити. Выс. 18 см, окр. 47 см. Сохр. - хорошая. Конусообразная цельнокроеная макушка и прямой мягкий околыш, полностью вышитая геометрическими и растительными орнаментами, строчками нитями красного, синего, черного, белого, зеленого цветов. Сзади пришита кисть из крашенных шерстяных ниток разных цветов.</p>

		Подклад из красного цвета х\б ткани. Приобретен в 1930 г.
4.		<p>КП 9096. Тақия. XX ғ. басы. Барқыт, үкі, күміс оқа, тоқыма, шашак, зер, картон, атлас. Биік. 13 см, мильқ шеңб. 51 см. Сақталуы – орташа (өңі кеткен, жіптері шыққан).</p> <p>Қызыл барқыттан тысталған, цилиндр пішінінде тігілген қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ және дөңгелек, ортасына үкі тағылған. Жанының төменгі тұсына күміс оқа мен түрлі түсті тоқыма баумен өрнектелген. Ал жоғарғы жағы алтын шашақпен безендірілген. Төбесі мен жаны күміс және алтын зерлі жіптермен өсімдік тәрізді өрнек кестеленген. Картонмен бидайланған, төбесі картоннан, қабырғасы қызғылт атластан астарланған. 1955 ж. түскен.</p> <p>Девичий головной убор. Нач. XX в. Бархат, перья филина, серебристый позумент, тесьма, бахрома, канитель, картон, атлас. Выс. 13 см, окр. 51 см. Сохр. – средняя (ткань выцвела, нити вытерты).</p> <p>Цилиндрической формы, на жесткой основе, из красного бархата. Макушка плоской круглой формы, в центре которой прикреплен пучок перьев филина. Нижний край околыша вкруговую украшен полоской серебристого позумента и цветной тесьмой, верхний - золотистой бахромой. Макушка и околыш вышиты золотистыми, серебристыми конителями. Узор растительный. Подклад из картона и из розового атласа. Приобретен в 1955 г.</p>
7.		<p>КП 21885 Телпек. Түркменстан. XX ғ. II жарт. Пүліш, мақта мата. Биік. 14 см, мильқ шеңб. 41 см. Ісмері Мариям Сағындықова. Сақталуы – орташа.</p> <p>Күрең қызыл түсті пүліштен тысталған, конус тәрізді ер баланың бас киімі. Сары жіптермен иректеліне шырша тәрізді етіп сырылып тігілген. Түрлі түсті мақта матадан астарланған. 1987 ж. Түркменстан, Красновод обл., Красновод ауд. Кошоба ауылында жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында алынған. Иесі - Иманғали Шақаев (табын).</p> <p>Детский головной убор. Туркменистан. 2-я пол. XX в. Плюш, х/б ткань. Выс. 14 см, окр. 41 см. Мастер Сағындықова Мариам. Сохр. – средняя.</p> <p>Из бордового плюша. Остов мягкой</p>

		<p>конусообразной формы. Коническая цельнокроенная макушка и околыш прострочены зигзагообразной и елочной машинной строчкой желтыми нитями. Подклад из х/б ткани разных цветов. Принадлежал Шакаеву Имангали (табын). Приобретен в 1987 г. во время этнографической экспедиции в Туркменистан, с. Кошоба, Красноводский р-н, Красноводская обл.</p>
<p>9.</p>		<p>КП 23652 Такия. Қызылорда. XX ғ. Барқыт, мақта мата, картон, кесте. Биік. 16 см, мильқ шеңб. 57 см. Ісмері Зіліха. Сакталуы - жақсы. Көк түсті барқыттан тысталған, төрт бұрышты пішінде тігілген қыз баланың бас киімі. Төбесіне ақ түсті жіптен өсімдік тәріздес бастырма өрнек кестеленген. Картонмен бидайланған. Мильғы қара түсті барқытпен әдіптелген, қызыл түсті мақта матамен астарланған. 1990 ж. Қызылорда обл. жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында Дариха Иманбекқызы Мариевадан алынған.</p> <p>Девичий головной убор. Кызылорда обл. XX в. Бархат, картон, х/б ткань, вышивка. Выс. 16 см, окр. 57 см. Мастер Злейха. Сохр. – хорошая. Каркас картонный, обтянут снаружи синим бархатом, изнутри красной тканью, макушка из четырех клиньев, линии соединения в форме острых ребер, вышивка белого цвета растительным узором, околыш из четырех прямоугольных деталей по нижнему краю обтянут полосой из черного бархата. Подклад из красной х/б ткани. Приобретен в 1990 г. Во время этнографической экспедиции в Кызылординскую обл у Мариевой Дарихи Иманбековны.</p>
<p>2.</p>		<p>КП 10634/1 Такия. Ақтөбе обл. 1960 ж. Барқыт, зертаспа, зер, шашақ, мақта мата, картон. Биік. 10 см, мильқ шеңб. 50 см. Ісмері Айнер Ержанова (әлім). Сакталуы – орташа (сырылған). Цилиндр тәрізді, жаны қызыл барқыттан, төбесі түрлі-түсті жолақ барқыттан тысталған әйел адамның бас киімі. Төбесіне алтын шашақтар тағылған, жанына зер жіппен зооморфты өрнек түсірілген, мильғына зертаспа жүргізілген. Картонмен бидайланған, мақта матадан астарланған. 1966 ж. Ақтөбе обл., Шалқар ауд. тұрғыны Айнаш Ержановадан алынған</p> <p>Девичий головной убор. Актюбинская обл. 1960 г. Бархат, галун, канитель, бахрома, картон, х/б ткань. Выс. 10 см, окр. 50 см. Мастер Ержанова Айнер</p>

		<p>(алим). Сохр. – средняя (потерт).</p> <p>Цилиндрической формы, из красного бархата. На плоскую круглую макушку пришита золотистая бахрома. На твёрдом околыше вышивка канителью зооморфного орнамента, по нижнему краю круговую и вертикально сзади пришит галун. Подклад из х/б ткани. Приобретен в 1966 г. у Ержановой Айнаш, Актюбинская обл., Чалкарский р-н.</p>
4.		<p>КП 9937</p> <p>Тақия. Семей обл. XX ғ. Барқыт, ұсақ моншақ, мақта мата, үкі. Биік. 16 см, мильқ шеңб. 51 см. Сақталуы – орташа (өңі кеткен).</p> <p>Қар түсті барқыттан тысталған қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ әрі дөңгелек пішінде, ортасына үкі тағылған. Жандарына әр түрлі ұсақ моншақтардан (қызыл, ақ, жасыл, сары) зооморфты өрнек түсірілген. Қою көк түсті мақта матамен астарланып жұрмеліп, көктелген. 1961 ж. Қали Мейірмановтан алынған. Иесі - Мұхтар Мейірманова (кенже).</p> <p>Девичий головной убор. Семипалатинская обл. XX в. Бархат, бисер, х\б ткань, перья филина. Выс. 16 см, окр. 51 см. Сохр. – средняя (ткань выцвела).</p> <p>Цилиндрической слегка расширяющейся книзу формы, на жесткой основе, из черного бархата. Макушка круглой плоской формы, в центре которой прикреплен пучок перьев филина. На околыше вышивка бисером разных цветов (красный, белый, зеленый, желтый). Узор зооморфный. Подклад из темно-синей х/б ткани (коленкора). Приобретен в 1961 г. у ее мужа Меирманова Кали. Принадлежал Мухтар Меирмановой (кенже).</p>
8.		<p>КП 9720/7.</p> <p>Тақия. XX ғ. басы. Мақта-мата, жіп. Биік. 16 см, мильқ шеңб. 50 см. Сақталуы – нашар (сырылған астары, жандары жыртылған).</p> <p>Конус тәрізді пішіндегі ер баланың бас киімі. Тысы сары түсті мақта матаның үстіне, күлгін, қызыл, көк, қоңыр, ақ түсті жіптерден геометриялық, өсімдік тәріздес өрнектер станокта кестеленген. Сары түсті мақта матадан астарланып, жұрмеп тігілген. 1960 ж. иесі А.Жангелдиннен алынған.</p> <p>Мужской головной убор. Нач. XX в. Х/б ткань, нити. Выс. 16 см, окр. 50 см. Сохр. – плохая (потерт, подклад и края порваны).</p>

		<p>Из х/б ткани. Макушка конусообразная. Весь расшит вышивкой, цветными нитями мулине (малинового, бордового, темно-синего, розового цветов), на песочного цвета фоне узор растительный. Подклад из х/б ткани бежевого цвета. Приобретен в 1960 г. у А.Жангильдина. Принадлежал А. Жангильдину.</p>
<p>2.</p>		<p>КП 17893 Тақия. XX ғ. II жарт. Барқыт, мақта мата. Биік. 12 см, мильқ шеңб. 49 см. Сақталуы - жақсы. Қара түсті барқыттан тысталған, конус тәрізді пішіндегі ер адамның бас киімі. Сегіз сайға бөлініп, тігін машинасымен мұқият сырылған. Түрлі түсті мақта матадан астарланып, тігін машинасымен сырып, жүрмеп тіккен. 1983 ж. түскен.</p> <p>Мужской головной убор. 2-я пол. XX в. Бархат, х\б ткань. Выс. 12 см, окр. 49 см. Сохр. – хорошая. Из черного бархата. Остов конусообразной формы. Коническая макушка из восьми клиньев и околыш прострочены машинной строчкой х/б нитями. Подклад из цветной х/б ткани. Приобретен в 1983 г.</p>
<p>4.</p>		<p>КП 17896 Тақия. Ақтөбе обл. 1950 ж. Мулине, мақта мата, кестелеу. Биік. 16 см, мильқ шеңб. 52 см. Ісмері Айнер Ержанова (әлім). Сақталуы - орташа. Түрлі түсті мулине жібімен тысталған, дөңгелек пішінді ер адамның бас киімі. Өсімдік тәріздес өрнектер қоңыр, жасыл, күлгін, ақшыл көк түсті біз кестемен кестеленіп, арасына қол кестемен айқыштап толтырған. Қара түсті мақта матамен астарланған. 1983 ж. түскен.</p> <p>Мужской головной убор. Актюбинская обл. 1950 г. Мулине, х/б ткань, вышивка. Выс. 16 см, окр. 52 см. Мастер Ержанова Айнер (алим). Сохр. - средняя. Макушка круглой полусферической формы, остов мягкий. Весь расшит вышивкой тамбурным швы коричневым, зеленый, пепельный, светло синих цветов шелковыми нитями, узор растительный. Подклад из черной х/б ткани. Приобретен в 1983 г.</p>

<p>8.</p>		<p>КП 14029/1</p> <p>Тақия. Алматы. 1967 ж. Барқыт, сәтен, парша, моншақтар, сым темір, үкі. Биік. 18 см, мильк шеңб. 42 см. Сақталуы – өңі сәл оңған, үкі аздап сиреген.</p> <p>Әйел адамның бас киімі. Қара түсті барқыттан тысталған, қара сәтенмен астарланған, мильғы үш бұрыш тәріздеп пішіліп, одан жоғары паршадан ойылған қошқар мүйіз өрнегі бастырылған, өрнек үстінен және оны айналдыра моншақтар қадалған. Маңдайына әр түрлі моншақтардан құрастырыла өрілген тор ұсталған. Құлақ тұстарына жіпке тізілген моншақтардан тұратын тағылған. Үкінің төбеге қадалар тұсына трапеция пішініне келтіріле моншақтар қадалып, иілген сырты моншақтармен безендірілген жіңішке сым темір ұшына сегіз шок түріне келтіріле үкі қадалған. 1977 ж. Қаз.КСР-дің халық артисі Роза Бағланованың сахналық киімі.</p> <p>Сценический женский головной убор. Алматы. 1967 г. Бархат, перья, сатин, бусы. Выс. 18 см, окр. 42 см. Сохр. - хорошая.</p> <p>Из черного бархата в форме усеченного конуса. Украшена перьями филина, разноцветным стеклярусом и стеклянными бусами, аппликацией из серебристой парчи. Орнамент <i>қошқар мүйіз</i>, подклад из черного сатина. Принадлежал народной артистке КазССР Р. Баглановой. Приобретен в 1977 г.</p>
<p>4.</p>		<p>КП 20751</p> <p>Тақия. Бат.-Қазақстан (Орал) обл. XX ғ. II-інші жарт. Барқыт, мақта мата, үкі. Биік. 16 см, мильк шеңб. 53 см. Ісмер Айжан Исмағұлова. Сақталуы – жақсы.</p> <p>Қызыл барқыттан тысталған, цилиндр пішіндес қыз баланың бас киімі. Төбесі мен қабырғасы жеке жеке пішіліп тігілген, төбесі жалпақ ортасына үкі тағылған. Қоңыр түсті мақта матадан астарлап, жүрмеп тіккен. 1986 ж. Орал обл., Қаратөбе ауд., Шоқайгүл ауылына этнографиялық экспедиция барысында Оспан Исмағұловтан (алаша) алынған.</p> <p>Девичий головной убор. Зап.-Казахстанская (Уральская) обл. 2-я пол. XX в. Бархат, х/б ткань, перья. Выс. 16 см, окр. 53 см. Мастер Исмагулова Айжан. Сохр. - хорошая.</p> <p>Из красного бархата, цилиндрической формы на уплотненной основе с отдельно скроенной плоской макушкой, в центре которой прикреплен пучок перьев филина. Подклад из коричневой х/б ткани. Приобретен в 1986 г. у Исмагулова Оспана</p>

		(алаша), с. Шокойгуль, Каратобинский р-н, Уральская обл., во время этнографической экспедиции ЦГМ в Зап.-Казахстанскую обл.
5.		<p>КП 20775/2а Такия. Бат.-Қазақстан (Орал) обл. XX ғ. Барқыт, мақта мата. Биік. 15 см, мылық шеңб. 54 см. Сақталуы - орташа.</p> <p>Қара барқыттан тысталған, конус тәрізді, ер адамның бас киімі. Сегіз сайға бөлінген, сайлары жеке-жеке тігін машинасымен қара түсті жітпен сырылған. Қара түсті мақта матадан астарланған. 1986 ж. Орал обл., Қаратөбе ауд., Қаратөбе ауылына этнографиялық экспедициясы барысында Мұса Қожбановтан алынған.</p> <p>Мужской головной убор. Зап.-Казахстанская (Уральская) обл. XX в. Бархат, х/б ткань. Выс. 15 см, окр. 54 см. Сохр. - средняя.</p> <p>Из черного бархата. Коническая макушка из восьми клиньев и цилиндрический околыш простеганы машинной строчкой нитями черного цвета. Подклад из черной х/б ткани. Приобретен в 1986 г. у Кожбанова Мусы, с-з Каратөбе, Каратобинский р-н, Уральская обл., во время этнографической экспедиции ЦГМ в Зап.-Казахстанскую обл.</p>
8.		<p>КП 21121 Телпек. Түркменстан. XX ғ. Иленген кой терісі, ши барқыт. Биік. 17 см, мылық шеңб. 57 см. Ісмер Ақзер Масакбаева (адай). Сақталуы - орташа.</p> <p>Иленген кой терісінен тігілген, сары түске боялған, төбесі конус тәрізді болып пішілген, ер адамның бас киімі. Төбесіне ілмек тағылған, мылығына сарғыш түсті ши барқыт жүргізілген. Туркм.ССР. Красноводский обл., Красноводс ауд., Қошоба ауылының тұрғыны Ақзер Масакбаеванікі. 1987 ж. алынған.</p> <p>Мужской нижний головной убор. Туркменистан. XX в. Овчина, вельвет. Выс. 17 см, окр. 57 см. Мастер Масакбаева Ақзер (адай). Сохр. – средняя.</p> <p>Из дубленой овчины, окрашенной в светло-коричневый цвет. Цельнокроеная макушка конической формы, в центре которой вшита петля. Нижний край цилиндрического цельнокроеного околыша обшит узкой полосой вельвета желтого цвета. Принадлежал Масакбаевой Ақзер (адай), Қошоба, Красноводский р-н, Красноводской обл., Туркменская ССР. Приобретен в 1987 г.</p>

<p>6.</p>		<p>КП 9685 Тақия. Шығ.-Қазақстан. (Семей) обл. Барқыт, зер, бүртіктер, саржа. Биік. 8 см, мильқ шеңб. 50 см. Халық ісері Калиман Есергенова (арғын). Сақталуы - жақсы Цилиндр тәрізді, қызыл барқыттан тысталғын, қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ және дөңгелек, жасыл түсті барқыттан зооморфты өрнек түсірілген. Өрнек үстінен зер жіптен бүртіктер тағылған. Көк түсті саржамен астарланған. 1960 ж. музейге түскен.</p> <p>Девичий головной убор. Вост.-Казахстанская (Семипалатинская) обл. Бархат, канитель, поетки, саржа. Выс. 8 см, окр. 50 см. Мастер Есергепова Калиман (арғын). Сохр. – хорошая. Из красного бархата. Цилиндрической формы, плоская круглая макушка, твёрдый околыш, вышивка золотистой канителью, орнамент зооморфный. Подклад из синей саржи. Приобретен в 1960 г. у мастера.</p>
<p>7.</p>		<p>КП 9700 Тақия. Шығ.-Қазақстан. (Семей) обл. XX ғ. Барқыт, саржа, ұсақ моншақ. Биік. 15 см, мильқ шеңб. 48 см. Ісері Кәлиман Есергенова (арғын). Сақталуы - жақсы Цилиндр тәріздес, қызыл барқыттан тысталған, қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ және дөңгелек, түрлі түсті ұсақ моншақтардан зооморфты өрнектер түсірілген. Сұр түсті саржамен астарланған. 1960 ж. ісерден алынған.</p> <p>Девичий головной убор. Вост.-Казахстанская (Семипалатинская) обл., Абаевский р-н. Бархат, саржа, бисер. Выс. 15 см, окр. 48 см. Мастер Есергепова Калиман (арғын). Сохр. – хорошая. Из красного бархата. Цилиндрической формы, плоская круглая макушка, твёрдый околыш, вышивка бисером, орнамент зооморфный. Подклад из серой саржи. Приобретен в 1960 г. у мастера.</p>

1.



КП 21800

Тақия. Түркменстан. XX ғ. II-інші жарт. Пүліш, мақта-мата, күміс алқа, пластинкалар, үкі. Биік. 13 см, мильық шеңб. 50 см. Сақталуы – орташа (дән тәріздес салпыншағы жоқ, сырылған, көгерген дақтары бар).

Қоңыр қызыл түсті пүліштен тысталып тігін машинасымен сырылған, дөңгеленген пішіндегі, мильығы түрлі кесте жіптерімен жолдар жасай кестеленген, мақта матамен әдіптелген. Төбесіне үкі тағылған, оның айналасына өрнектелген жапырақ бейнесіндегі пластинкалар, олардан кейін айналдырыла күміс пластинкалар қондырылған. Ақ металдан, гүл бейнесінде қалыпталған декорацияланған әшекейлер (29 дана) шынжырға тағылған. Мақта матамен сырылып, жүрмеп, көктеп астарлаған. Жәдігер 1988 ж. Түркмен ССР этнографиялық экспедиция барысында алынған.

Детский девичий головной убор. Туркменистан. 2-я пол. XX в. Плюш, х/б ткань, метал. цепочка, пластинки, перья филина. Выс. 13 см, окр. 50 см. Сохр. – средняя (отсутствует одна зернообразная подвеска, две двойные семечкообразные подвески, потерт, на металле имеются следы позеленения).

Из бордового плюша. Остов полусферической формы. Округлая макушка и околыш простеганы машинной строчкой. Околыш обшит широкой тесьмой. На макушке в центре прикреплены перья филина «султаном», вокруг пришиты пластинки, со штампованным декором в виде лепестков, далее по кругу метал. цепочка, к которой подвешены декоративные элементы из белого металла, выполненные в технике витой скани в виде цветка (29 штук) штампованные подвески. Подклад из х/б ткани. Приобретен в 1988 г. во время этнографической экспедиции ЦГМ в Туркменскую ССР.


7.



КПД 274

Тақия. Семей обл. Абай ауданы. Барқыт, зер, бүртіктер, атлас, үкі. Биік. 15 см, мильық шеңб. 50 см. Ісмер Кәлиман Есергенова (арғын). Сақталуы – жақсы.

Цилиндр тәрізді, жасыл барқыттан тысталған, қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ және домалақ, оның ортасына үкі тағылған. Алтын зер жіптерден зооморфты өрнектер түсіріліп, өрнек үстінен бүртіктер тағылған. Сия көк түсті атласпен астарлаған. 1958 ж. музейге түскен, ісмерден алынған.

		<p>Девичий головной убор. Семипалатинская обл., Абаевский р-н. 1958 г. Бархат, канитель, поетки, атлас, перья. Выс. 15 см, окр. 50 см. Мастер Есергеева Калиман (аргын). Сохр. – хорошая.</p> <p>Из зелёного бархата. Цилиндрической формы, плоская круглая макушка, в центре которой прикреплен большой пучок перьев филина, твёрдый слегка округлый околыш. Вышивка золотистой канителью, орнамент зооморфный. Подклад из фиолетового атласа. Приобретен в 1958 г. у мастера.</p>
		<p>КПД 244/3</p> <p>Тақия. Шығ.-Қазақстан (Семей) обл. 1958 ж. Жұқа киіз, атлас. Биік. 18 см, мильық шеңб. 57 см. Ісмер Кәлиман Есергеева (аргын). Сақталуы – жақсы.</p> <p>Жұқа киізден тысталған, ер адамның бас киімі. Төрт сайға бөлініп, сары түсті атласпен астарланған. Төбесіне өсімдік тәрізді ал қабырғасына геометриялық ою тігін машинасымен сырылып түсірілген. 1958 ж. музейге түскен.</p> <p>Мужской головной убор. Вост.-Казахстанская (Семипалатинская) обл. 1958 г. Фетр, атлас. Выс. 18 см, окр. 57 см. Мастер Есергеева Калиман (аргын). Сохр.- хорошая.</p> <p>Из белого фетра. Макушка из четырех клиньев, круглый околыш, подклад из желтого атласа. На макушке растительный орнамент, на околыше - геометрические узоры простеганы машинной строчкой. Приобретен в 1958 г.</p>

Тымақтар

№ п\п	Сурет Фото.	ТН. Сипаттама. КП. Описание.
-------	-------------	------------------------------

**КП 3156**

Тымақ. XX ғ. орт. Барқыт, түлкі терісі, киіз, жібек. Биік. 38 см, мильқ шеңб. 55 см, маңдайы 18x4 см. Сақталуы – орташа (тысы оңған).

Жасыл барқытпен тысталған ер адамның шошақ тымағы. Төбесі трапеция пішінді төрт сайдан тұрады, оның бидайы киізден, астары көкшіл жібектен. Екі құлағы мен желкелігі тұтас, маңдайлығы бөлек пішіліп, оларға түлкі терісі күсілген. Құлағына тыстық матадан ызылған құлақбау тағылған. Алматы қ. тұрғыны Ажардан алынған.

Зимний мужской головной убор. Сер. XX в. Бархат, лиси мех, войлок, шелк. Выс. 38 см, окр. 55 см, лоп. 18x4 см. Сохр. – средняя (выцвела ткань).

Состоит из двух частей: тулья, покрытая зелёным бархатом, сшитая из четырех трапециевидных клиньев на войлочной основе, подклад из сиреневого шелка; три широких лопасти, образующие два наушника и назатыльник, оторочены лисьим мехом. С двух сторон пришиты завязки из бархатных полос. Приобретен у Ажар, г. Алматы.

**КП 648**


Тымақ. Семей. XX ғ. басы. Сәтен, түлкі терісі, қой терісі, киіз. Биік. 36 см, мильқ шеңб. 50 см, маңдайы 19x3 см. Сақталуы - жақсы.

Қызыл сәтенмен тысталып, түлкі терісі күсілген, астарланбаған шошақ тымақ. Төрт сайдан тұратын төбелігінің ішкілігі қой терісінен жеке-жеке сырылып, киізбен бидайланып, өзара құрастырылып тігілген. Құлағы, желкелігі тұтас пішіліп, түлкі терісі күсіліп, тыстық матамен тысталған. Құлағына тыстық матадан құлақбау тағылған. 1947 ж. музейге түсті. Абай Жақыповтың немересінен алынған.

Зимний мужской головной убор. Семей. Нач. XX в. Сатин, лиси мех, овчина, войлок. Выс. 36 см, окр. 50 см, лоп. 19x3 см. Сохр. - хорошая.

Состоит из двух частей: тулья, покрытая сатином, сшитая из четырех простеганных насквозь клиньев на войлочной основе, подклад из овчины; три широкие цельнокроенные лопасти образующие два наушника и назатыльник, отороченные пушистым мехом лисы. С двух сторон пришиты завязки из сатиновых полос. Приобретен в 1947 г. у внучки Абая Джакуповой.

		<p>КП 528</p> <p>Тымақ. Қарағанды обл. XX ғ. І-інші жарт. Мақтамата, түлкі терісі, киіз. Биік. 40 см, мильқ шеңб. 57 см, маңдайы 17х5 см. Сақталуы - нашар (тыстық матасы оңып кеткен, тігістері сетінеген)</p> <p>Күрең түсті мақта матамен тысталған, астарланбаған, маңдай, желкелігі мен екі құлағына түлкі терісі күсілген ер адамның шошақ тымағы. Тымақтың жеке-жеке сырылған төрт сайының керегесі киізбен бидайланып, матамен тысталып, тігін машинасымен сырылған. Құлағы, маңдайы, желкелігі жеке-жеке пішілген. Аталған бөліктерін өзара қолмен жөрмеп тіккен. Құлағына тысты матадан ызылған бау тағылған.</p> <p>Зимний мужской головной убор. Карагандинская обл. І-ая пол. XX в. Х\б ткань, лиси мех, войлок. Выс. 40 см, окр. 57 см, лоп. 17х3 см. Сохр. – удовл. (ткань верха выцвела, распорота по швам).</p> <p>Состоит из двух частей: тулья, покрытая х\б тканем, сшитая из четырех клиньев на войлочной основе простеганных по отдельности по линии шва; три лопасти образующие два наушника, налобник и назатыльник с округленными краями, обшиты лисьим мехом. С двух сторон пришиты завязки из х\б ткани.</p>
9.		<p>КП 23932/30</p> <p>Тымақ. ОҚО (Қызылорда). XX ғ. басы. Барқыт, сәтен, түлкі терісі, киіз. Биік. 44 см, мильқ шеңб. 49 см, маңдайы 17х9 см. Сақталуы – орташа (ескі, сырылған, терісін күйе жеген)</p> <p>Қара барқытпен тысталған, қара сәтенмен астарланған, ер адамның қыстық бас киімі. Төрт сай керегесіне киізден бидай салынған, сайларын жөрмеп біріктірген. Құлағы, маңдайы, желкелігі жеке-жеке пішіліп, тысы да түлкі терісі де тігін машинасымен бірге сырылып тігілген. Аталған бөліктерін де өзара қолмен жөрмеп тіккен. Құлақшасына ызылған құлақбау тағылған. Қызыл-Орда облысы, Шиелі ауданы, Телікөл ауылының жүгері звеносының механизаторы, Жоғарғы Кеңес депутаты болған Еңбек ері Жазира Таспамбетованікі. 1988 ж. ҚР ОММ-нің Қызылорда обл. жүргізген этнографиялық экспедициясы барысында алынған. 1991 ж. музейге түскен.</p> <p>Зимний мужской головной убор. ЮКО (Кызылорда). Нач. XX в. Бархат, сатин, лисий мех, войлок. Выс. 44 см, окр. 49 см, лоп. 17х9 см. Сохр. – средняя (потерт, мех поеден молью).</p>

		<p>Состоит из двух частей: тулья, покрытая черным плюшем, сшитая из четырех широких клиньев, стеганная на войлочной прокладке, с отворотом в налобной части, подклад из лисьего меха; три широкие лопасти образующие два наушника и назатыльник на толстой войлочной прокладке, отороченные мехом лисы. С двух сторон пришиты завязки из сатиновых полос. Принадлежал Ж.Таспамбетовой, Герою Соц. труда, депутату Верховного Совета КазССР, механизатору с-за «Теликольский». Чиелийского р-на, Кзыл-Ординской обл. Приобретен в 1988 г. во время этнографической экспедиции ЦГМ в Кзыл-Ординскую обл.</p>
4.		<p>КП 9756/9 Дөңгелек төбелі тымақ. ОҚО (Қызылорда). XX ғ. Мақта мата, қой терісі. Биік. 46 см, мильқ шеңб. 57 см, маңдайы 34х7 см. Сақталуы – орташа (матасының кейбір жері жамалған, жыртылған). Сұр мақта матамен тысталған, астары қой терісінен бүтін жасалған, желкелігі мен құлақтары тұтасып, дөңгелене келген ер адамның жабасалма тымағы. Төбесі аласа төрт сайдан құралып тігілген, трапеция пішінді ұзын құлақшалары мен маңдайлығы жеке-жеке пішіліп тігілген. Құлақтарының жақ тұсынан мақта матадан ызылған құлақбаулары бар. 1960 ж. ҚР ОММ-нің Қызылорда обл. ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция барысында алынған.</p> <p>Зимний мужской головной убор. ЮКО (Кызылорда). XX в. Х\б ткань, овчина. Выс. 46 см, окр. 57 см, лоп. 34х7 см. Сохр.– средняя (ткань выцвела, местами порвана). Состоит из двух частей: тулья низкой полусферической формы, покрытая серой х\б тканью, сшитая из четырех широких клиньев; длинная лопасть, выкроенная в форме трапеции из двух одинаковых частей со швом сзади с отдельно скроенным налобником. Вся внутренняя часть подбита мехом овчины черного цвета. С двух сторон пришиты завязки из х\б полос разного цвета. Приобретен в 1960 г. во время этнографической экспедиции ЦГМ по Кзыл-Ординской обл.</p>

8.



КП 12121

Тымақ. Шығ.-Қазақстан. 1934 ж. Қытай жібегі, мақта-мата, киіз, түлкі терісі. Биік. 43 см, мильық шеңб. 48 см, маңдайы 22х9 см. Ісмері Сатығалиева (төре). Сақталуы - жақсы (терісі ескірген).

Ашық жасыл өңді қытай жібегімен тысталған, мақта матамен астарланып, сайлары тігін машинасымен жеке жеке сырылған, ер адамның бас киімі. Төрт сайға бөлініп өзара құрастырылған, қабырғасының бидайы киізден. Құлағы мен маңдайы жеке пішіліп, жөрмеліп біріктірілген, түлкі терісімен көмкерілген. Сыртқа қайырылған тұсы қабып тігілген. Құлақшындарының екі жағында тыстың түсіндей қытай жібегінен жасалған құлақбаулары бар. 1971 ж. ҚР ОММ-нің этнографиялық экспедиция кезінде Шығ.-Қазақстан обл., Зайсан ауд., Зайсан ауылы тұрғыны Дүйсенбаевадан алынған.

Зимний мужской головной убор. Вост.-Казахстанская обл. 1934 г. Китайский шелк, х/б ткань, войлок, лиси мех. Выс. 37 см, окр. 22 см., лоп. 34х7 см. Мастер Сатығалиева (төре). Сохр. - хорошая (мех старый).

Верх покрыт китайским шелком с цветами по зелёному полю. Состоит из двух частей: тулья высокой формы, сшитая из клиньев на войлочной прокладке, тщательно простеганная с изнаночной стороны, с отворотом в налобной части, подклад из х/б ткани; три широкие лопасти образующие два наушника и назатыльник с округленными краями, оторочены мехом лисы. С двух сторон пришиты завязки из шелковых полос. Приобретен в 1971 г. у Дүйсенбаева, с. Зайсан, Зайсанский р-н, Вост.-Казахстанская обл. во время этнографической экспедиции ЦГМ.

<p>1.</p>		<p>КП 22710 Тымақ. Атырау обл. XX ғ. Түлкі терісі, сәтен. Биік. 37 см, мильқ шеңб. 53 см, маңдайы 20x13 см. Сақталуы – орташа (сырылған, терінің түгі түскен). Бүтіндей түлкі терісімен тысталған, ішкілігі жасыл түсті сәтеннен тігін машинасымен сырылып астарланған ер адамның қыстық бас киімі. Төбесі жалпақ, тұтас пішілген, кішігірім құлақшасы бар, маңдайлығы ұзындау келген. Олар да терімен қапталған. Құлақшалардың ұшына жасыл түсті құлақбаулар тағылған. Тымақ Жұмағали Демеуғалидікі. Өткізген баласы Әлім Жұмағалиев. Музейге 1989 ж. түскен.</p> <p>Зимний мужской головной убор. Атырауская обл. XX в. Мех, сатин. Выс. 37 см, окр. 53 см, лоп. 20x13 см. Сохр. – средняя (свалывшийся мех загрязнен, потерт).</p> <p>Весь покрыт лисьим мехом. Состоит из двух частей: тулья цельнокроеная с плоской верхушкой и небольшой лопастью, подклад стеганный из черного сатина; налобник, удлиненные боковые лопасти, которые закрывают уши, пришитые отдельно. С двух сторон на концах лопастей пришиты завязки из шнурков зелёного цвета. Принадлежал Жумагалиеву Демеугалию, 1917 г.р., Приобретен в 1989 г. у его сына Жумагалиева Алима.</p>
<p>3.</p>		<p>КП 25208 Тымақ. ОҚО. XIX ғ. басы. Барқыт, мақта-мата, түлкі терісі, мақта, шыт мата. Биік. 48 см, мильқ шеңб. 52 см, маңдайы 24x11 см. Сақталуы - орташа (тысы мен терісі түгілген). Қара барқыттан тысталған, ашық көк түсті мақта-матамен астарланған ер адамның қыстық бас киімі. Төбесі төрт сайдан құралған, түлкі терісі күсілген, мақта салып бидайлап сырған, маңдайы, құлақшалары бөлек пішілген, желке тұсы кеңдеу келген. Құлақшаларына қара шыт матадан баулар тағылған. Иесі әйгілі балуан Қажымұқан Мұнайтпасов (1871-1948). Оңт.-Қазақстан обл., Отырар ауд., Шәуілдір ауылы тұрғыны Зәбира Құлымбетованың айтуынша оның ата-анасы Қажымұханнан тымақты қалап алған. 1994 ж. музейге өткізген Өзбекәлі Жәнібеков.</p> <p>Зимний мужской головной убор. ЮКО. Нач. XX в. Бархат, х\б ткань, лиси мех, вата, ситец. Выс. 48 см, окр. 52 см, лоп. 24x11 см. Сохр. – средняя (потерт, загрязнен).</p> <p>Верх покрыт черным плюшем, внутренняя часть и</p>

		<p>отвороты подбиты лисьим мехом. Состоит из двух частей: полусферическая тулья из четырех клиньев с небольшим отворотом в налобной части; лопасть, назатыльник, два наушника отдельно скроены. С двух сторон на концах лопасти пришиты завязки из полос черного сатина. Принадлежал знаменитому борцу Кажымукану Мунайтпасову (1871-1948). По словам Забиры Кулымбетовой, жительницы с. Шауильдер, Отырарского р-на, Южно-Казахстанской обл., ее родители выпросили у Кажымухана данный тымак. Приобретен в музей в 1994 г. у Джанибекова Узбекали.</p>
<p>6.</p>		<p>КП 21884. Тымак. Түркменістан. XX ғ. орта шені. Ши барқыт, киіз, қой терісі. Биік. 40 см, милық шеңб. 35 см, маңдайы 17x12 см. Сақталуы - орташа (өңі кеткен). Сұр түсті ши барқыттан тыстаған, төбесінің қабырғасы астарланбаған, баланың бас киімі. Кішкентай төрт сайдан құралып, бидайлығы киізден, үшкір, кішкентай төбесіне жалғастырыла екі жалпақ құлақшалары мен желкелігі, маңдайы тұтас кара қойдың терісімен астарланған. Маңдайы бөлек тігілген, тыс жағының жиектеріне тігін машинасымен сырып жүргізілген тігісі бар. Иесі 1898 жылы туған Иманғали Шақаев (табын-телпек). 1987 ж. ҚР ОММ этнографиялық экспедиция барысында ТССР-інің қазақтар тұратын Красноводск обл., Кошоба ауылы тұрғыны Д.И. Бтиновадан алынған. 1988 ж. түскен.</p> <p>Зимний мужской головной убор. 1950-е гг. Вельвет, овчина, войлок. Выс. 40 см, окр. 35 см, лоп. 17x12 см. Сохр. – средняя (ношенный, выгоревший). Из овчины мехом вовнутрь, верх покрыт вельветом. Состоит из двух частей: маленькая удлиненная тулья с закруглённой макушкой из четырех узких клиньев, на войлочной прокладке; три широкие лопасти, образующие два наушника, назатыльник, отдельно скроен налобник. Принадлежал Шакаеву Имангали (табын-телпек), 1898 г. р. Приобретен . в 1988 г. у Бтиновой Д.И., с. Кошоба, Красноводская обл., 1987 г. Туркменская ССР во время этнографической экспедиции ЦГМ.</p>


<p>7.</p>		<p>КП 11983. Тымақ. Шығ.-Қазақстан обл. XX ғ. орта шені. Помбарқыт, мақта-мата, киіз, түлкі терісі. Биік. 43 см, мильқ шеңб. 49 см, маңдайы 22x12 см. Сақталуы - жақсы.</p> <p>Көк помбарқыттан тысталған, қара түсті мақта матамен сайлары жеке жеке сырылып астарланған, ер адамның қыстық бас киімі. Төрт сайдан өзара құрастырылған, қабырғасы киізден бидайланған. Құлағы, желкелігі мен маңдайы жеке пішіліп біріктірілген, оларға түлкі терісі күсілген. Сыртқа қайырылатын тұсы қабып тігілген. Құлақшаларына екі жағынан көк помбарқыттан баулар тағылған. 1971 ж. Шығ.-Қазақстан обл., Кәлима Бәйткеновадан (керей) алынған.</p> <p>Зимний мужской головной убор. Вост.-Казахстанская обл. Сер. XX в. Бархат, х\б ткань, войлок, лиси мех. Выс. 43 см, окр. 49 см, лоп. 22x12 см. Сохр. - хорошая.</p> <p>Покрыт синем бархатом. Состоит из двух частей: тулья из четырех клиньев на войлочной прокладке, тщательно простеганной с изнаночной стороны, с отворотом в налобной части; три лопасти образующие два наушника и назатыльник с округленными краями, отороченные лисьим мехом. С двух сторон пришиты завязки из бархатных полос. Приобретен в 1971 г. у Бальтикеновой Камили (керей), Вост.-Казахстанская обл.</p>
<p>1.</p>		<p>КП 23797 Тымақ. ОҚО (Қызылорда). XX ғ. соңы. Барқыт, атлас, мақта, түлкі терісі. Биік. 38 см, мильқ шеңб. 42 см, маңдайы 16x10 см. Сақталуы - жақсы.</p> <p>Көк барқытпен тысталған, қоңыр атласпен тігін машинасымен сырылып астарланған жас өспірім баланың қыстық бас киімі. Төрт сайдан тұратын, бөлек бөлек пішілген, бидайлығы мақтадан, екі құлағы, маңдайы мен желкелігі түлкі терісімен күсілген. Музейге өткізген Сырдария ауд., Айдарлы ауылының тұрғыны Рақия Әбдікәрімова. Оған енесі Биғали Оспанова (алтыбай-қыпшақ) 1981 ж. сыйлаған. 1991 ж. Қызыл-Орда обл. ұйымдастырылған ҚР ОММ-нің этнографилық экспедициясы барысында алынған.</p> <p>Зимний мужской головной убор. ЮКО (Қызылорда). Кон. XX в. Бархат, атлас, вата, лиси мех. Выс. 38 см, окр. 42 см, лоп. 16x10 см. Сохр. – хорошая.</p> <p>Верх покрыт синим бархатом. Состоит из двух частей: тулья с уплощенной макушкой, сшитая из</p>

		<p>четырёх клиньев, с отворотом в налобной части; три лопасти образующие два наушника и удлинённый назатыльник, обшитые лисьим мехом. Подклад из коричневого атласа. Приобретен в 1991 г. у Абдукаримовой Рахии, жительницы с-за Айдарлы, Сырдарьинского р-на, во время этнографической экспедиции ЦГМ по Кызыл-Ординской обл., был подарком от свекрови Бибайли Оспановой (алтыбай-кыпчак) в 1981 г.</p>
<p>5.</p>		<p>КП 18864 Тымак. Шығ.-Қазақстан обл. XX ғ. соңы. Жібек, мақта-мата, киіз, түлкі терісі. Биік. 41 см, мильқ шеңб. 45 см, маңдайы 20x8 см. Сакталуы - орташа (терісі, тысы түтілген). Қызғылт түсті қытай жібегімен (<i>жартылай синтетика</i>) тысталған, мақта матамен астарланып, сайлары тігін машинасымен мұқият сырылған ер адамның бас киімі. Төрт сайға бөлініп өзара құрастырылған, қабырғасын киізден бидайлаған. Құлағы мен маңдайы жеке пішіліп, түлкі терісі күсілген. Сыртқа қайырылған тұсы қабып тігілген. Құлақшындарының екі жағына қызғылт түсті қытай жібегінен құлақбау тағылған. Шығыс Қазақстан обл., Тарбағатай ауд. тұратын Парзан Ережеповадан 1984 ж. алынған.</p> <p>Зимний мужской головной убор. Вост.-Казахстанская обл. Кон. XX в. Шелк, х\б ткань, войлок, лиси мех. Выс. 41 см, окр. 45 см, лоп. 20x8 см. Сохр. – средняя (мех вылез, потерт). Верх покрыт розовым набивным шелком. Состоит из двух частей: тулья из четырех клиньев на войлочной прокладке, тщательно простеганной с изнаночной стороны, с отворотом в налобной части; три лопасти образующие два наушника, назатыльник, обшитые лисьим мехом. Подклад из х\б ткани. С двух сторон пришиты завязки из шелковых полос. Приобретен в 1984 г. у Ирежеповой Парзаны, Вост.-Казахстанская обл., Тарбагатайский р-н.</p>

<p>0.</p>		<p>КП 19439 Тымақ. ОҚО (Қызылорда). 1930 ж. Барқыт, киіз, қой терісі. Биік. 51 см, мильық шеңб. 60 см, маңдайы 19x11 см. Ісмер Тұрсынай Қожахметова (табын). Сақталуы – нашар (түтілген, өңі кеткен). Көк түсті барқытпен тысталған, төбесінің қабырғасы киізден бидайланған, астарланбаған ер адамның бас киімі. Төрт сайға бөлініп өзара құрастырылған. Құлағы, маңдайы мен желкесі қой терісімен күсілген. Құлақшасына көк түсті көк түсті барқыттан құлақбау тағылған. Чимбай қ. тұрғыны Арыстан Шомбаловтан алынды. Бас киім соғысқа кеткен ағасынікі. 1985 ж. түскен.</p> <p>Зимний мужской головной убор. ЮКО (Қызылорда). 1930-е гг. Бархат, войлок, овчина. Выс. 51 см, окр. 60 см, лоп. 19x11 см. Мастер Турсынай Кожаметова (табын). Сохр. – плохая (выщел, потерт). Верх покрыт синим плюшем, внутренняя часть и отвороты подбиты мехом. Состоит из двух частей: небольшая полусферическая тулья из четырех широких клиньев, на войлочной прокладке, с отворотом в налобной части; три отдельно скроенных лопасти, образующих удлинённый назатыльник, два наушника, обшитых овчиной. С двух сторон пришиты завязки из плюшевых полос. Приобретен в 1985 г. у Шомбалова Арыстана, г. Чимбай. Головной убор принадлежал его брату, который ушел на ВОВ.</p>
<p>2.</p>		<p>КП 12256 Тымақ. Шығ.-Қазақстан. XX ғ. Қытай жібегі, мақта-мата, киіз, түлкі терісі. Биік. 42 см, мильық шеңб. 51 см, маңдайы 20x8 см. Сақталуы - жақсы (тысы оңған). Гүлдері бар көкшіл түсті қытай жібегімен (<i>жартылай синтетика</i>) тысталған, мақта матамен астарланып, сайлары тігін машинасымен мұқият жеке жеке сырылған, ер адамның бас киімі. Төрт сайға бөлініп өзара құрастырылған, қабырғасының бидайы киізден. Құлағы мен маңдайы жеке пішіліп, көмкеріліп біріктірілген, түлкі терісімен тысталған. Сыртқа қайырылған тұсы қабып тігілген. Құлақшындарының екі жағына көкшіл түсті қытай жібегінен құлақбаулары бар. Иесі Ауғанбай Жиреншин (керей). Шығыс-Қазақстан обл., Зайсан ауд. (1962 ж. Қытайдан көшіп келген).</p> <p>Зимний мужской головной убор. Вост. Казахстан. XX в. Китайский шелк, войлок, мех. Выс. 42 см, окр. 51 см, лоп. 20x8 см. Сохр. – хорошая (ткань</p>

		<p>слегка выцвела).</p> <p>Верх покрыт китайским лиловым шелком с цветами, подклад из х/б ткани, отвороты подбиты лисьим мехом. Состоит из двух частей: тулья высокой формы с плоской макушкой из четырех клиньев, на войлочной прокладке тщательно простеганной с изнаночной стороны, с небольшим отворотом в налобной части; три отдельно скроенных удлиненных лопасти, образующие назатыльник, два наушника с округленными краями. С двух сторон пришиты завязки из шелковых полос. Принадлежал Жиреншину Ауганбаю (керей), Зайсанский р-н, Вост.-Казахстанская обл. (возвратился из Китая в 1962 г.).</p>
<p>6.</p>		<p>КП 13313</p> <p>Тымақ. Талдықорған обл. XX ғ. Атлас, мата мақта, киіз, қарақұл терісі. Биік. 34 см, мильық шеңб. 42 см, мандайы 17х6 см. Сақталуы - орташа (түтілген, жаңғыртылған).</p> <p>Көк атласпен тысталған, мақта матамен астарланып сайлары тігін машинасымен жеке жеке мұқият сырылған ер адамның бас киімі. Төрт сайға бөлініп өзара құрастырылған, қабырғасының бидайы киізден. Құлағы мен желкелігі тұтас пішіліп тігіліп, шетін қарақұл терісімен жұрындаған. Сыртқа қайырылған тұсы қабып тігілген. Құлақшындарының екі жағына көк атластан жалпақ құлақбаулары бар. Иесі Менғали Құттыбаев. 1975 ж. алынған.</p> <p>Зимний верхний мужской головной убор. Талдықорганская обл. XX в. Атлас, х/б ткань, войлок, мех каракуля. Выс. 34 см, окр. 42 см, лоп. 17х6 см. Сохр. – средняя (загрязнен, потерт, реставрирован).</p> <p>Верх покрыт китайским шелком, отвороты подбиты овчиной. Состоит из двух частей: низкая с уплощенной верхушкой тулья сшитая из четырех клиньев, на войлочной основе, тщательно простеганная с изнаночной стороны, с отворотом в налобной части, подклад из х/б ткани; три цельнокроенные короткие лопасти, образующие назатыльник, два наушника с округленными краями. С двух сторон по краям лопастей пришиты завязки из широких шелковых полос. Принадлежал Куттебаеву Менгалия. Приобретен в 1975 г.</p>

<p>7.</p>		<p>КП 13315 Тымак. Талдықорған обл. XX ғ. Атлас, мақта-мата, киіз, қаракүл терісі. Биік. 36 см, мильық шеңб. 51 см, маңдайы 20x6 см. Сақталуы - нашар (түтілген). Көк атласпен тысталған, мақта матамен астарланып сайлары тігін машинасымен жеке жеке мұқият сырылған ер адамның бас киімі. Төрт сайдан өзара құрастырылған, жатаған төбесінің дөңгеленіп келген қабырғаларының бидайы киізден. Құлағы мен желкелігі тұтас пішіліп, жөрмеліп біріктірілген, қаракүл терісімен күсілген. Сыртқа қайырылған тұсы қабып тігілген. Құлақшындарының екі шетінде көк атластан құлақбаулары бар. Иесі Талдықорғандық Қажқали Байбақов (қара-керей). 1984 ж. алынған.</p> <p>Зимний мужской головной убор. Талдықорғанская обл. XX в. Атлас, х\б ткань, войлок, мех каракуль. Выс. 36 см, окр. 51 см, лоп. 20x6 см. Сохр. - средняя (потерт).</p> <p>Верх покрыт китайским шелком, отвороты подбиты каракулем. Состоит из двух частей: низкая с уплощенной верхушкой тулья, сшитая из четырех клиньев, на войлочной основе, тщательно простеганная с изнаночной стороны с х\б подкладом, с отворотом в налобной части; три шитые между собой короткие лопасти, образующие назатыльник, два наушника с округленными краями. С двух сторон по краям лопастей пришиты завязки из широких атласных полос. Принадлежал Байбакову Кажқали, (қара-керей, жожагул), Талды-Курғанская обл. Приобретен в 1975 г.</p>
<p>6.</p>		<p>КП 21080. Тымак. Түркменстан. XX ғ. Иленген қой терісі, мақта мата. Биік. 42 см, мильық шеңб. 37 см, маңдайы 21x10 см. Ісмер Ақзер Масақбаева (адай). Сақталуы - орташа (сырылған). Иленген қой терісінен жасалған, төбесі конус тәріздес, терісі боялған, желкелігі қондырылған, төбесі ішіне қарата қайырылып сары түсті қой терісімен ал құлақшындары қара түсті қой терісімен астарланған, ер адамның бас киімі. Төрт сай бөліктен. Құлақшасына мақта матадан бау тігілген. Түркм.ССР-інің қазақтар тұратын Красноводск обл., Хасан ауылына экспедиция барысында алынған. 1987 ж. музейге түскен.</p> <p>Зимний мужской головной убор. Туркменистан. XX в. Кожа дубленая, х\б ткань, овчина. Выс. 42 см, окр. 37 см, лоп. 21x10 см. Мастер Масақбаева</p>

		<p>Акзер (адай). Сохр. – средняя (потерт). Из овчины мехом вовнутрь. Состоит из двух частей: тулья, сшитая из четырех клиньев с конусообразной макушкой, с отверстием в налобной части; лопасть, скроенная в форме полукруга и образующая два наушника и назатыльник. С двух сторон пришиты завязки из х/б шнурков. Приобретен в 1987 г. во время этнографической экспедиции ЦГМ в Туркменскую ССР, Красноводская обл., с. Хасан.</p>
		<p>КП 21124 Тымак. Туркменстан. XX ғ. 1955 ж. Иленген қой терісі, мақта мата. Биік. 47 см, мильық шеңб. 52 см, маңдайы 19x18 см. Сақталуы - орташа (сырылған, өңі кеткен). Шошақ төбелі, кең маңдайшалы, желкелігі бөлек қондырылған, иленген, боялған қой терісінен бүтіндей жасалған боялған ер адамның бас киімі. Төбесінде ызылған баудан түйіртпек тағылған, құлақ жиектерін айналдыра кара қоңыр мақта матадан жұрын ұстаған. Төбесі төрт сай. Құлақшасына кара көк түсті мақта матадан бау тағылған. 1987 ж. Туркм.ССР Красноводск обл. жасаған экспедиция барысында Хасан ауылынан алынған.</p> <p>Зимний верхний мужской головной убор. Туркменская ССР. XX в. 1955 г. Кожа дубленая, х\б ткань. Выс. 45 см, окр. 52 см, лоп. 19x18 см. Мастер Масакбаева Акзер (адай). Сохр. – средняя (потерт). Из овчины мехом вовнутрь. Состоит из двух частей: тулья, сшитая из четырех клиньев с конусообразной макушкой, с отверстием в налобной части; лопасть, выкроенная в форме полукруга и образующая два наушника и назатыльник. С двух сторон пришиты завязки из синей х/б ткани. Приобретен в 1987 г. во время этнографической экспедиции ЦГМ в Туркменскую ССР, Красноводская обл., с.Хасан.</p>

1.



КП 13229

Тымақ. Талдықорған обл. XX ғ. аяғы. Барқыт, киіз, жібек, түлкі терісі. Биік. 39 см, мильық шеңб. 50 см, маңдайы 21x8 см. Сақталуы – орташа (оңып кеткен).

Жасыл барқытпен тысталған ер адамның қыстық бас киімі. Төбесі төрт сайдан тұрады, оның бидайы киізден, астары жысыл ақ түсті жібектен. Құлағы мен күнкағарымен тұтас пішіліп, желкелігіне біріктірілген, олардың ішкі жағына иленген үлпілдек түлкі терісі күсілген. Құлағына тыстық матадан бау тағылған. Иесі Ермұхамет Нүсіпов (шолпақ-самса). 1975 ж. түскен.

Зимний мужской головной убор. Талдықорганская обл. Кон. XX в. Бархат, войлок, шелк, лиси мех. Выс. 39 см, окр. 50 см, лоп. 21x8 см. Сохр. – средняя (ткань выцвела, потерт).

Верх покрытый зелёным бархатом, отвороты подбиты лисьим мехом. Состоит из двух частей: полусферическая тулья, сшитая из четырех широких клиньев, на войлочной прокладке тщательно простеганная с изнаночной стороны, с отворотом в налобной части, подклад из светло-зеленого шелка; три цельнокроенные короткие лопасти, образующие назатыльник, два наушника с округленными краями. С двух сторон пришиты завязки из широких бархатных полос. Принадлежал Нусупову Ермухамеду (шолпақ-самса). Приобретен в 1975 г.

8.



КП 17892

Тымақ. XX ғ. II-інші жарт. Барқыт, мақта-мата, киіз, қаракүл терісі. Биік. 38 см, мильық шеңб. 48 см, маңдайы 18x8 см. Ісмері Т. Жайлаубаева. Сақталуы – орташа (сырылған).

Түрлі түсті барқыттан тысталған, түрлі түсті түсті мақта матамен сайлары тігін машинасымен жеке жеке сырылып астарланған, ер адамның қыстық бас киімі. Төрт сайға бөлініп өзара құрастырылған, қабырғасының бидайы киізден, құлағы мен желкеліктері қаракүл жүнімен жиектелген. Қалақшаларына екі жағына сұр түсті мақта матадан байлауыш баулары бар. 1983 ж. музейге түскен.

Зимний мужской головной убор. 2-пол. XX в. Бархат, х/б ткань, войлок, мех каракуля. Выс. 38 см, окр. 48 см, лоп. 18x8 см. Мастер Жайлаубаева Т. Сохр. – средняя (потерт).

Верх покрыт полосатым (черного, зелёного, красного цветов) бархатом, отвороты подбиты


		<p>мехом каракуля. Состоит из двух частей: низкая с уплощенной верхушкой тулья из четырех широких клиньев, на войлочной основе тщательно простеганная с изнаночной стороны, с отворотом в налобной части, подклад из х/б цветной ткани; три лопасти, образующие удлиненный назатыльник, два наушника с округленными краями на толстой шерстяной прокладке. С двух сторон пришиты завязки из широких полос черной х/б ткани. Приобретен в 1983 г.</p>
<p>3.</p>		<p>КП 26714 А. Тымақ. Монғолия.1970 ж. Қытай жібегі, мақта-мата, түлкі пұшпағы, үкі. Биік. 42 см, мильқ шеңб. 56 см, маңдайы 20x8 см. Сақталуы – орташа.</p> <p>Қызыл түсті қытай жібегімен тысталған, төбесі көк түсті мақта матадан, қабырғасы мен бидайы құс таңбаланып мұқият сырылып астарланған, ерлердің қыстық бас киімі. Төрт сайға бөлініп, күнқағардан, желке мен құлақты жауып тұратын үш қалақша түлкінің пұшпағынан тігілген. Екі құлағында ұз. 35 см, ені 1,5 см-лі қара матадан қызыл жіппен сырылған бау тағылған. Милығының екі самайына жіңішке бау тағылған. Төбесінде күлгін пласмассаға шошақталған үкі тағылған. Моңғолиядан келген Жәнібек Тапия Мажүкүлынікі. 2003 ж. музейге түскен.</p> <p>Зимний мужской головной убор. Монголия. 1970-е гг. Китайский шелк, х\б ткань, мех с лисьих лапок, перья. Выс. 42 см, окр. 52 см, лоп. 20x8 см. Приобретен в 2003 г. Сохр. - средняя.</p> <p>Верх покрыт китайским шелком красного цвета, отвороты подбиты мехом с лисьих лапок. Состоит из двух частей: тулья из четырех широких клиньев, на войлочной основе, с отворотом в налобной части, подклад из синей х/б ткани; три лопасти, образующие назатыльник, два наушника с округленными краями на толстой шерстяной прокладке. С двух сторон пришиты завязки из широких полос ткани. Принадлежал Жанибеку Тапия Мажукулы, переселенцу из Монголии. Приобретен в 2003 г.</p>

<p>8.</p>		<p>КП 10328/8 <i>Түлкі тымақ. ОҚО (Қызылорда). XX ғ. басы. Барқыт, киіз, түлкі терісі. Биік. 47 см, мильқ шеңб. 54 см, маңдайы 29x15 см. Сақталуы – нашар (терінің кейбір жері қажалған).</i> <i>Қара барқытпен тыс ұсталып тігілген, төбесінің қабырғасы астарланбаған, ер адамның бас киімі. Төрт сайға бөлінген өзара құрастырылған, бидайлығы сұр киізден тігілген. Құлағы мен күнқарағы жеке пішіліп, жұрындалып біріктірілген, түлкі терісімен көмкерілген. Сыртқа қайырылған тұсы қабып тігілген. Қалақшындарының екі жағына тысы сияқты байлауыш баулары бар. Қызыл-Ту колхозына этнографиялық командировка кезінде соц. еңбек ері батыры Ыбрай Жақаев жинаған. Ыбрай Жахаевтың берілген заттары мен құжаттары, Социалистік еңбек ері батыры, Мемлекеттік Лауреат сыйлығы орденімен марапатталып Ленинің ҚазССР алтын кітабына кірген. 1964 ж. түскен.</i></p> <p>Зимний Верхний мужской головной убор. ЮКО (Қызылорда). Нач. XX в. Бархат, войлок, мех. Выс. 47 см, окр. 54 см, лоп. 29x15 см. Сохр. - плохая (мех местами вытерт). Состоит из двух частей: тулья, покрытая черным бархатом, сшитая из четырех клиньев на войлочной основе серого цвета, стеганная, с отворотом в налобной части; три широкие лопасти образующие два наушника и назатыльник. С двух сторон пришиты завязки из бархатных полос. Принадлежал Жахаеву Ибраю, Герою Социалистического труда, Лауреату Государственной премии. Приобретен во время командировки сотрудников ЦГМ в к-з «Қызыл-Ту». Приобретен в 1964 г.</p>
<p>9.</p>		<p>КП 19290 Тымақ. Алматы обл. 1980 ж. Барқыт, қой терісі, түлкі терісі. Биік. 50 см, мильқ шеңб. 44 см, маңдайы 25x16 см. Ісмер Т. Жайлаубаева. Сақталуы - жақсы</p> <p>Жасыл түсті барқыттан тысталған, қабырғалары қой терісімен астарланған, бидайланбаған, ер адамның бас киімі. Төрт сайға өзара құрастырылған. Құлағы мен маңдайы жеке пішіліп, түлкі терісін күскен. Сыртқа қайырылған тұсы қабып тігілген. Желке тұсының шетіне ұзындығы 28 см, ені 3,5 см-лі бау тігілген. Қалақшындарының екі жағына жасыл барқыт байлауыш баулары бар. Алматы обл. тұрғыны Насия Жайлаубаева</p>


		<p>(шапраншты) сыйлаган. 1984 ж. музейге түскен.</p> <p>Зимний мужской головной убор. Алматинская обл. 1980 г. Бархат, овчина, лисий мех. Выс. 50 см, окр. 44 см, лоп. 25x16 см. Мастер Жайлаубаева Т. Сохр. - хорошая.</p> <p>Верх покрыт зелёным бархатом, отвороты подбиты лисьим мехом. Состоит из двух частей: низкая с уплощенной верхушкой тулья из четырех клиньев, на овчина из шерсть, с отворотом в налобной части; три лопасти, образующие удлиненный назатыльник, два наушника с округленными краями на толстой шерстяной прокладке. С двух сторон пришиты завязки из широких бархатных полос. Приобретен в 1984 г. у Жайлаубаева, г. Алма-Ата. В 1980 г. был подарен сестре Жайлаубаевой Насиягуль (шапыраншты), Алматинская обл.</p>
--	--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Үлгі

Тақиялар



№ п\п	Сурет Фото.	ТН. Сипаттама. КП. Описание.
.		<p>КП 503</p> <p>Тақия. Семей обл. XIX ғ. Жібек, зер. Биік. 15 см, мильқ шеңб. 55 см. Сақталуы - өте нашар (жыртылған).</p> <p>Конус тәрізді, ақ жібектен тысталған, қыз баланың бас киімі. Төрт сайға бөліп, сайларының үстіне орала және арасына зер жіптен өсімдік тәріздес өрнектер түсірілген. Күлгін қызыл түсті жібек матамен астарланған. 1930 ж. түскен.</p> <p>Нарядный мужской головной убор. Семипалатинская обл. XIX в. Шелк, канитель. Выс. 15 см, окр. 55 см. Сохр. – очень плохая (ткань порвана).</p> <p>Из белого шелка. Остов мягкой конусообразной формы. Конический верх состоит из четырех клиньев, по линии швов пришиты полоски из скрученной канители. Вышивка канителью. Узор растительный, выпуклый. Подклад из шелка малинового цвета. Приобретен 1930 г.</p>

<p>6.</p>		<p>КП 662 Тақия. XIX ғ. соңы. Барқыт, оқа, зертаспа, шашақ, спираль, жібек, картон. Биік. 10 см, мильқ шеңб. 50 см. Сақталуы – орташа. Цилиндр тәрізді, күрең қызыл түсті барқытпен тысталған әйел адамның бас киімі. Төбесі жалпақ, крест тәрізді алтын оқа, екі шетінен зертаспа жүргізілген. Төбесінің жанынан шетіне дөңгеленіп алтын шашақ пен спираль тәрізді салпыншақтар тағылған. Картонмен бидайланып, өзбек жібегінен астарланып, көктеп, жүрмеп тіккен. 1947 ж. Сейдалинадан алынған.</p> <p>Девичий головной убор. Кон. XIX в. Бархат, позумент, галун, бахрома, спираль, шелк, картон. Выс. 10 см, окр. 50 см. Сохр. - средняя. Цилиндрической формы, из бордового шелкового бархата. На плоскую круглую макушку крестообразно пришиты две полосы золотистого позумента, параллельно – две полосы галуна. По верхнему краю твёрдого околыша пришита золотистая бахрома со спиралевидными подвесками-кистями. Подклад из узбекского цветного шелка и картон. Приобретен в 1947 г. у Сейдалиной.</p>
<p>7.</p>		<p>КП 512 Тақия. XIX ғ. I жарт. Мақта мата, жүн жіп. Биік. 18 см, мильқ шеңб. 47 см. Сақталуы – жақсы. Конус тәріздес, тұтас пішілген, қыз баланың бас киімі. Төбесі және қабырғасы қара, қызыл, көк, қоңыр, ақ, жасыл түсті жіптерден геометриялық, өсімдік тәріздес, бадам өрнегі станокта кестелеген. Артқы жағынан түрлі түсті жіптен шашақ тағылған. Қызыл түсті мақта матамен астарланып, жүрмеп тігілген. 1930 ж. түскен.</p> <p>Мужской головной убор. 1-я пол. XIX в. Х/б ткань, шерстяные нити. Выс. 18 см, окр. 47 см. Сохр. - хорошая. Конусообразная цельнокроеная макушка и прямой мягкий околыш, полностью вышитая геометрическими и растительными орнаментами, строчками нитями красного, синего, черного, белого, зеленого цветов. Сзади пришита кисть из крашенных шерстяных ниток разных цветов. Подклад из красного цвета х\б ткани. Приобретен в 1930 г.</p>

<p>4.</p>		<p>КП 9096. Тақия. XX ғ. басы. Барқыт, үкі, күміс оқа, тоқыма, шашақ, зер, картон, атлас. Биік. 13 см, мильқ шеңб. 51 см. Сақталуы – орташа (өңі кеткен, жіптері шыққан). Қызыл барқыттан тысталған, цилиндр пішінінде тігілген қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ және дөңгелек, ортасына үкі тағылған. Жанының төменгі тұсына күміс оқа мен түрлі түсті тоқыма баумен өрнектелген. Ал жоғарғы жағы алтын шашақпен безендірілген. Төбесі мен жаны күміс және алтын зерлі жіптермен өсімдік тәрізді өрнек кестеленген. Картонмен бидайланған, төбесі картоннан, қабырғасы қызғылт атластан астарланған. 1955 ж. түскен.</p> <p>Девичий головной убор. Нач. XX в. Бархат, перья филина, серебристый позумент, тесьма, бахрома, канитель, картон, атлас. Выс. 13 см, окр. 51 см. Сохр. – средняя (ткань выцвела, нити вытерты). Цилиндрической формы, на жесткой основе, из красного бархата. Макушка плоской круглой формы, в центре которой прикреплен пучок перьев филина. Нижний край околыша вокругую украшен полоской серебристого позумента и цветной тесьмой, верхний - золотистой бахромой. Макушка и околыш вышиты золотистыми, серебристыми конителями. Узор растительный. Подклад из картона и из розового атласа. Приобретен в 1955 г.</p>
<p>7.</p>		<p>КП 21885 Телпек. Түркменстан. XX ғ. II жарт. Пүліш, мақта мата. Биік. 14 см, мильқ шеңб. 41 см. Ісері Мариям Сағындықова. Сақталуы – орташа. Күрең қызыл түсті пүліштен тысталған, конус тәрізді ер баланың бас киімі. Сары жіптермен иректеліне шырша тәрізді етіп сырылып тігілген. Түрлі түсті мақта матадан астарланған. 1987 ж. Түркменстан, Красновод обл., Красновод ауд. Кошоба ауылында жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында алынған. Иесі - Иманғали Шақаев (табын).</p> <p>Детский головной убор. Туркменистан. 2-я пол. XX в. Плюш, х/б ткань. Выс. 14 см, окр. 41 см. Мастер Сағындықова Мариама. Сохр. – средняя. Из бордового плюша. Остов мягкой конусообразной формы. Коническая цельнокроенная макушка и околыш прострочены зигзагообразной и елочной машинной строчкой</p>

		<p>желтыми нитями. Подклад из х/б ткани разных цветов. Принадлежал Шакаеву Имангали (табын). Приобретен в 1987 г. во время этнографической экспедиции в Туркменистан, с. Кошоба, Красноводский р-н, Красноводская обл.</p>
<p>9.</p>		<p>КП 23652 Такия. Қызылорда. XX ғ. Барқыт, мақта мата, картон, кесте. Биік. 16 см, мильқ шеңб. 57 см. Ісері Зіліха. Сақталуы - жақсы.</p> <p>Көк түсті барқыттан тысталған, төрт бұрышты пішінде тігілген қыз баланың бас киімі. Төбесіне ақ түсті жіптен өсімдік тәріздес бастырма өрнек кестеленген. Картонмен бидайланған. Милығы қара түсті барқытпен әдіптелген, қызыл түсті мақта матамен астарланған. 1990 ж. Қызылорда обл. жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында Дариха Иманбекқызы Мариевадан алынған.</p> <p>Девичий головной убор. Кызылорда обл. XX в. Бархат, картон, х/б ткань, вышивка. Выс. 16 см, окр. 57 см. Мастер Злейха. Сохр. – хорошая.</p> <p>Каркас картонный, обтянут снаружи синим бархатом, изнутри красной тканью, макушка из четырех клиньев, линии соединения в форме острых ребер, вышивка белого цвета растительным узором, околыш из четырех прямоугольных деталей по нижнему краю обтянут полосой из черного бархата. Подклад из красной х/б ткани. Приобретен в 1990 г. Во время этнографической экспедиции в Кызылординскую обл у Мариевой Дарихи Иманбековны.</p>
<p>2.</p>		<p>КП 10634/1 Такия. Ақтөбе обл. 1960 ж. Барқыт, зертаспа, зер, шашақ, мақта мата, картон. Биік. 10 см, мильқ шеңб. 50 см. Ісері Айнер Ержанова (әлім). Сақталуы – орташа (сырылған).</p> <p>Цилиндр тәрізді, жаны қызыл барқыттан, төбесі түрлі-түсті жолақ барқыттан тысталған әйел адамның бас киімі. Төбесіне алтын шашақтар тағылған, жанына зер жіппен зооморфты өрнек түсірілген, милығына зертаспа жүргізілген. Картонмен бидайланған, мақта матадан астарланған. 1966 ж. Ақтөбе обл., Шалқар ауд. тұрғыны Айнаш Ержановадан алынған</p> <p>Девичий головной убор. Актюбинская обл. 1960 г. Бархат, галун, канитель, бахрома, картон, х/б ткань. Выс. 10 см, окр. 50 см. Мастер Ержанова Айнер (алим). Сохр. – средняя (потерт).</p> <p>Цилиндрической формы, из красного бархата. На плоскую круглую макушку пришита золотистая</p>

		<p>бахрома. На твёрдом околыше вышивка канителью зооморфного орнамента, по нижнему краю круговую и вертикально сзади пришит галун. Подклад из х/б ткани. Приобретен в 1966 г. у Ержановой Айнаш, Актюбинская обл., Чалкарский р-н.</p>
<p>4.</p>		<p>КП 9937 Тақия. Семей обл. XX ғ. Барқыт, ұсақ моншақ, мақта мата, үкі. Биік. 16 см, мильқ шеңб. 51 см. Сақталуы – орташа (өңі кеткен). Қар түсті барқыттан тысталған қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ әрі дөңгелек пішінде, ортасына үкі тағылған. Жандарына әр түрлі ұсақ моншақтардан (қызыл, ақ, жасыл, сары) зооморфты өрнек түсірілген. Қою көк түсті мақта матамен астарланып жүрмеліп, көктелген. 1961 ж. Қали Мейрмановтан алынған. Иесі - Мұхтар Мейрманова (кенже). Девичий головной убор. Семипалатинская обл. XX в. Бархат, бисер, х/б ткань, перья филина. Выс. 16 см, окр. 51 см. Сохр. – средняя (ткань выщвела). Цилиндрической слегка расширяющейся книзу формы, на жесткой основе, из черного бархата. Макушка круглой плоской формы, в центре которой прикреплен пучок перьев филина. На околыше вышивка бисером разных цветов (красный, белый, зеленый, желтый). Узор зооморфный. Подклад из темно-синей х/б ткани (коленкора). Приобретен в 1961 г. у ее мужа Меирманова Кали. Принадлежал Мухтар Меирмановой (кенже).</p>
<p>8.</p>		<p>КП 9720/7. Тақия. XX ғ. басы. Мақта-мата, жіп. Биік. 16 см, мильқ шеңб. 50 см. Сақталуы – нашар (сырылған астары, жандары жыртылған). Конус тәрізді пішіндегі ер баланың бас киімі. Тысы сары түсті мақта матаның үстіне, күлгін, қызыл, көк, қоңыр, ақ түсті жіптерден геометриялық, өсімдік тәріздес өрнектер станокта кестеленген. Сары түсті мақта матадан астарланып, жүрмеп тігілген. 1960 ж. иесі А.Жангелдиннен алынған. Мужской головной убор. Нач. XX в. Х/б ткань, нити. Выс. 16 см, окр. 50 см. Сохр. – плохая (потерт, подклад и края порваны). Из х/б ткани. Макушка конусообразная. Весь расшит вышивкой, цветными нитями мулине (малинового, бордового, темно-синего, розового</p>

		<p>цветов), на песочного цвета фоне узор растительный. Подклад из х/б ткани бежевого цвета. Приобретен в 1960 г. у А.Жангильдина. Принадлежал А. Жангильдину.</p>
<p>2.</p>		<p>КП 17893 Тақия. XX ғ. II жарт. Барқыт, мақта мата. Биік. 12 см, мылық шеңб. 49 см. Сақталуы - жақсы. Қара түсті барқыттан тысталған, конус тәрізді пішіндегі ер адамның бас киімі. Сегіз сайға бөлініп, тігін машинасымен мұқият сырылған. Түрлі түсті мақта матадан астарланып, тігін машинасымен сырып, жүрмеп тіккен. 1983 ж. түскен.</p> <p>Мужской головной убор. 2-я пол. XX в. Бархат, х/б ткань. Выс. 12 см, окр. 49 см. Сохр. – хорошая. Из черного бархата. Остов конусообразной формы. Коническая макушка из восьми клиньев и околыш прострочены машинной строчкой х/б нитями. Подклад из цветной х/б ткани. Приобретен в 1983 г.</p>
<p>4.</p>		<p>КП 17896 Тақия. Ақтөбе обл. 1950 ж. Мулине, мақта мата, кестелеу. Биік. 16 см, мылық шеңб. 52 см. Ісмері Айнер Ержанова (әлім). Сақталуы - орташа. Түрлі түсті мулине жібімен тысталған, дөңгелек пішінді ер адамның бас киімі. Өсімдік тәріздес өрнектер қоңыр, жасыл, күлгін, ақшыл көк түсті біз кестемен кестеленіп, арасына қол кестемен айқыштап толтырған. Қара түсті мақта матамен астарланған. 1983 ж. түскен.</p> <p>Мужской головной убор. Актюбинская обл. 1950 г. Мулине, х/б ткань, вышивка. Выс. 16 см, окр. 52 см. Мастер Ержанова Айнер (алим). Сохр. - средняя. Макушка круглой полусферической формы, остов мягкий. Весь расшит вышивкой тамбурным швы коричневым, зеленый, пепельный, светло синих цветов шелковыми нитями, узор растительный. Подклад из черной х/б ткани. Приобретен в 1983 г.</p>

<p>8.</p>		<p>КП 14029/1</p> <p>Тақия. Алматы. 1967 ж. Барқыт, сәтен, парша, моншақтар, сым темір, үкі. Биік. 18 см, мильқ шеңб. 42 см. Сақталуы – өңі сәл оңған, үкі аздап сиреген.</p> <p>Әйел адамның бас киімі. Қара түсті барқыттан тысталған, қара сәтенмен астарланған, мильғы үш бұрыш тәріздеп пішіліп, одан жоғары паршадан ойылған қошқар мүйіз өрнегі бастырылған, өрнек үстінен және оны айналдыра моншақтар қадалған. Маңдайына әр түрлі моншақтардан құрастырыла өрілген тор ұсталған. Құлақ тұстарына жіпке тізілген моншақтардан тұратын тағылған. Үкінің төбеге қадалар тұсына трапеция пішініне келтіріле моншақтар қадалып, иілген сырты моншақтармен безендірілген жіңішке сым темір ұшына сегіз шоқ түріне келтіріле үкі қадалған. 1977 ж. Қаз.КСР-дің халық артисі Роза Бағланованың сахналық киімі.</p> <p>Сценический женский головной убор. Алматы. 1967 г. Бархат, перья, сатин, бусы. Выс. 18 см, окр. 42 см. Сохр. - хорошая.</p> <p>Из черного бархата в форме усеченного конуса. Украшена перьями филина, разноцветным стеклярусом и стеклянными бусами, аппликацией из серебристой парчи. Орнамент <i>қошқар мүйіз</i>, подклад из черного сатина. Принадлежал народной артистке КазССР Р. Баглановой. Приобретен в 1977 г.</p>
<p>4.</p>		<p>КП 20751</p> <p>Тақия. Бат.-Қазақстан (Орал) обл. XX ғ. II-інші жарт. Барқыт, мақта мата, үкі. Биік. 16 см, мильқ шеңб. 53 см. Ісмер Айжан Исмағұлова. Сақталуы – жақсы.</p> <p>Қызыл барқыттан тысталған, цилиндр пішіндес қыз баланың бас киімі. Төбесі мен қабырғасы жеке жеке пішіліп тігілген, төбесі жалпақ ортасына үкі тағылған. Қоңыр түсті мақта матадан астарлап, жүрмеп тіккен. 1986 ж. Орал обл., Қаратөбе ауд., Шоқайгүл ауылына этнографиялық экспедиция барысында Оспан Исмағұловтан (алаша) алынған.</p> <p>Девичий головной убор. Зап.-Казахстанская (Уральская) обл. 2-я пол. XX в. Бархат, х/б ткань, перья. Выс. 16 см, окр. 53 см. Мастер Исмагулова Айжан. Сохр. - хорошая.</p> <p>Из красного бархата, цилиндрической формы на уплотненной основе с отдельно скроенной плоской макушкой, в центре которой прикреплен пучок</p>

		<p>перьев филина. Подклад из коричневой х/б ткани. Приобретен в 1986 г. у Исмагулова Оспана (алаша), с. Шокойгуль, Каратобинский р-н, Уральская обл., во время этнографической экспедиции ЦГМ в Зап.-Казахстанскую обл.</p>
5.		<p>КП 20775/2а Тақия. Бат.-Қазақстан (Орал) обл. XX ғ. Барқыт, мақта мата. Биік. 15 см, мильқ шеңб. 54 см. Сақталуы - орташа.</p> <p>Қара барқыттан тысталған, конус тәрізді, ер адамның бас киімі. Сегіз сайға бөлінген, сайлары жеке-жеке тігін машинасымен қара түсті жітпен сырылған. Қара түсті мақта матадан астарланған. 1986 ж. Орал обл., Қаратөбе ауд., Қаратөбе ауылына этнографиялық экспедициясы барысында Мұса Қожбановтан алынған.</p> <p>Мужской головной убор. Зап.-Казахстанская (Уральская) обл. XX в. Бархат, х/б ткань. Выс. 15 см, окр. 54 см. Сохр. - средняя.</p> <p>Из черного бархата. Коническая макушка из восьми клиньев и цилиндрический околыш простеганы машинной строчкой нитями черного цвета. Подклад из черной х/б ткани. Приобретен в 1986 г. у Кожбанова Мусы, с-з Каратөбе, Каратобинский р-н, Уральская обл., во время этнографической экспедиции ЦГМ в Зап.-Казахстанскую обл.</p>
8.		<p>КП 21121 Телпек. Түркменстан. XX ғ. Иленген қой терісі, ши барқыт. Биік. 17 см, мильқ шеңб. 57 см. Ісмер Ақзер Масакбаева (адай). Сақталуы - орташа.</p> <p>Иленген қой терісінен тігілген, сары түске боялған, төбесі конус тәрізді болып пішілген, ер адамның бас киімі. Төбесіне ілмек тағылған, мильғына сарғыш түсті ши барқыт жүргізілген. Туркм.ССР. Красноводский обл., Красноводс ауд., Қошоба ауылының тұрғыны Ақзер Масакбаеванікі. 1987 ж. алынған.</p> <p>Мужской нижний головной убор. Туркменистан. XX в. Овчина, вельвет. Выс. 17 см, окр. 57 см. Мастер Масакбаева Ақзер (адай). Сохр. – средняя.</p> <p>Из дубленой овчины, окрашенной в светло-коричневый цвет. Цельнокроеная макушка конической формы, в центре которой вшита петля. Нижний край цилиндрического цельнокроеного околыша обшит узкой полосой вельвета желтого цвета. Принадлежал Масакбаевой Ақзер (адай),</p>

		Кошоба, Красноводский р-н, Красноводской обл., Туркменская ССР. Приобретен в 1987 г.
6.		<p>КП 9685 Тақия. Шығ.-Қазақстан. (Семей) обл. Барқыт, зер, бүртіктер, саржа. Биік. 8 см, мильқ шеңб. 50 см. Халық ісмері Калиман Есергенова (арғын). Сақталуы - жақсы</p> <p>Цилиндр тәрізді, қызыл барқыттан тысталғын, қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ және дөңгелек, жасыл түсті барқыттан зооморфты өрнек түсірілген. Өрнек үстінен зер жіптен бүртіктер тағылған. Көк түсті саржамен астарланған. 1960 ж. музейге түскен.</p> <p>Девичий головной убор. Вост.-Казахстанская (Семипалатинская) обл. Бархат, канитель, поедки, саржа. Выс. 8 см, окр. 50 см. Мастер Есергенова Калиман (арғын). Сохр. – хорошая.</p> <p>Из красного бархата. Цилиндрической формы, плоская круглая макушка, твёрдый околыш, вышивка золотистой канителью, орнамент зооморфный. Подклад из синей саржи. Приобретен в 1960 г. у мастера.</p>
7.		<p>КП 9700 Тақия. Шығ.-Қазақстан. (Семей) обл. XX ғ. Барқыт, саржа, ұсақ моншақ. Биік. 15 см, мильқ шеңб. 48 см. Ісмер Кәлиман Есергенова (арғын). Сақталуы - жақсы</p> <p>Цилиндр тәріздес, қызыл барқыттан тысталған, қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ және дөңгелек, түрлі түсті ұсақ моншақтардан зооморфты өрнектер түсірілген. Сұр түсті саржамен астарланған. 1960 ж. ісмерден алынған.</p> <p>Девичий головной убор. Вост.-Казахстанская (Семипалатинская) обл., Абаевский р-н. Бархат, саржа, бисер. Выс. 15 см, окр. 48 см. Мастер Есергенова Калиман (арғын). Сохр. – хорошая.</p> <p>Из красного бархата. Цилиндрической формы, плоская круглая макушка, твёрдый околыш, вышивка бисером, орнамент зооморфный. Подклад из серой саржи. Приобретен в 1960 г. у мастера.</p>

1.



КП 21800

Тақия. Түркменстан. XX ғ. II-інші жарт. Пүліш, мақта-мата, күміс алқа, пластинкалар, үкі. Биік. 13 см, мильық шеңб. 50 см. Сақталуы – орташа (дән тәріздес салпыншағы жоқ, сырылған, көгерген дақтары бар).

Қоңыр қызыл түсті пүліштен тысталып тігін машинасымен сырылған, дөңгеленген пішіндегі, мильығы түрлі кесте жіптерімен жолдар жасай кестеленген, мақта матамен әдіптелген. Төбесіне үкі тағылған, оның айналасына өрнектелген жапырақ бейнесіндегі пластинкалар, олардан кейін айналдырыла күміс пластинкалар қондырылған. Ақ металдан, гүл бейнесінде қалыпталған декорацияланған әшекейлер (29 дана) шынжырға тағылған. Мақта матамен сырылып, жүрмеп, көктеп астарлаған. Жәдігер 1988 ж. Түркмен ССР этнографиялық экспедиция барысында алынған.

Детский девичий головной убор. Туркменистан. 2-я пол. XX в. Плюш, х/б ткань, метал. цепочка, пластинки, перья филина. Выс. 13 см, окр. 50 см. Сохр. – средняя (отсутствует одна зернообразная подвеска, две двойные семечкообразные подвески, потерт, на металле имеются следы позеленения).

Из бордового плюша. Остов полусферической формы. Округлая макушка и околыш простеганы машинной строчкой. Околыш обшит широкой тесьмой. На макушке в центре прикреплены перья филина «султаном», вокруг пришиты пластинки, со штампованным декором в виде лепестков, далее по кругу метал. цепочка, к которой подвешены декоративные элементы из белого металла, выполненные в технике витой скани в виде цветка (29 штук) штампованные подвески. Подклад из х/б ткани. Приобретен в 1988 г. во время этнографической экспедиции ЦГМ в Туркменскую ССР.


7.



КПД 274

Тақия. Семей обл. Абай ауданы. Барқыт, зер, бүртіктер, атлас, үкі. Биік. 15 см, мильық шеңб. 50 см. Ісмер Кәлиман Есергенова (арғын). Сақталуы – жақсы.

Цилиндр тәрізді, жасыл барқыттан тысталған, қыз баланың бас киімі. Төбесі жалпақ және домалақ, оның ортасына үкі тағылған. Алтын зер жіптерден зооморфты өрнектер түсіріліп, өрнек үстінен бүртіктер тағылған. Сия көк түсті атласпен астарлаған. 1958 ж. музейге түскен, ісмерден алынған.

		<p>Девичий головной убор. Семипалатинская обл., Абаевский р-н. 1958 г. Бархат, канитель, поедки, атлас, перья. Выс. 15 см, окр. 50 см. Мастер Есергепова Калиман (аргын). Сохр. – хорошая.</p> <p>Из зелёного бархата. Цилиндрической формы, плоская круглая макушка, в центре которой прикреплен большой пучок перьев филина, твёрдый слегка округлый околыш. Вышивка золотистой канителью, орнамент зооморфный. Подклад из фиолетового атласа. Приобретен в 1958 г. у мастера.</p>
		<p>КПД 244/3</p> <p>Тақия. Шығ.-Қазақстан (Семей) обл. 1958 ж. Жұқа киіз, атлас. Биік. 18 см, милық шеңб. 57 см. Ісмер Кәлиман Есергепова (аргын). Сақталуы – жақсы.</p> <p>Жұқа киізден тысталған, ер адамның бас киімі. Төрт сайға бөлініп, сары түсті атласпен астарланған. Төбесіне өсімдік тәрізді ал қабырғасына геометриялық ою тігін машинасымен сырылып түсірілген. 1958 ж. музейге түскен.</p> <p>Мужской головной убор. Вост.-Казахстанская (Семипалатинская) обл. 1958 г. Фетр, атлас. Выс. 18 см, окр. 57 см. Мастер Есергепова Калиман (аргын). Сохр.- хорошая.</p> <p>Из белого фетра. Макушка из четырех клиньев, круглый околыш, подклад из желтого атласа. На макушке растительный орнамент, на околыше - геометрические узоры простеганы машинной строчкой. Приобретен в 1958 г.</p>


Лекция 4-5 Археологиялық заттардың сипаты мен атрибуциясы
Археологиялық алтын бұйымдарды сараптау үлгісі



Сурет 2 а, ә, б, в – ҚРМОН қорындағы Шілікті алтын қапсырмалары

КП 13047/ 1-4. Қыран пішінді қапсырмалар. VI - V Б.з.д. ғғ. Алтыннан қалыптатылып жасалған. Өлшемі: 1) ұзындығы - 4, 2 см, ені - 2,7 см. Салмағы - 1,12 гр. Сынамасы - 900; 2) ұзындығы - 3,6 см, ені - 2,6 см. Салмағы - 1,06 гр. Сынамасы - 900; 3) ұзындығы - 3,3 см, ені - 2,7 см. Салмағы - 0,61 гр, Сынамасы - 900. Шілікті қорымы. Оба №7. Шығыс Қазақстан. 1949 жылғы қазба. Қанатын қомдап отырған қыран пішінді, сопақшалау, бедерлі. Қыран денесі, кеудесі, қанаты және құйрығының сұлбасы кескінмен бейнеленген. Қыранның аяғы тырнақтарымен сақина тәрізді ішке қарай иілген. Аяғы мен

қомдалған қанатының арасында құйрығы үшбұрыштанып орналастырылған. Басы оңға бұрылып, дене сұлбасының ішкі жағына қарай кіріккен. Тұмсығы иілген, бедерлері айқын бейнеленген. Ауыз қуысы тамшы тәріздес. Көз ұясы дөңгелек, ойығының іші бос (Сурет 2 а-в).



Сурет 3 а, ә - ҚРМОН қорындағы Шілікті алтын қапсырмалары

1) КП 13047/3. Таутеке пішінді қапсырмар. Б.з.д.VI - V ғғ. Алтыннан қалыпталып жасалған. Өлшемі: ұзындығы- 4,6 см, ені - 3,4 см, биіктігі, мүйізін қосқанда - 4,1 см, мүйізінің ұзындығы - 2,8 см, ені - 0,7 см. Салмағы - 1,46 гр. Сынамасы - 750. Шілікті қорымы. Оба №7. Шығыс Қазақстан. 1949 жылғы қазба. Ұшып бара жатқан таутеке оңға қараған кескінмен бейнеленіп, бедерленген. Жотасы мен жамбасы шығыңқы. Басы кеудесіне қарай иілген, құлағы тік, мүйізі доғалданып иілген. Мүйізі үш қыранның бастарына ұқсатып стильденіп келтірілген. Көзі дөңгелек, танауы мен аузы тамшы тәріздес ойықпен бейнеленген. Құйрығы қысқа, қыранның басына ұқсас (Сурет 3а).

2) КП 13047/7. Балық пішінді қапсырма. Б.з.д.VI-V ғғ. Алтыннан шыңдалып, кесіп жасалған. Өлшемі: басымен қосқандағы ұзындығы 10,9 см, ені - 2,4 см. Салмағы - 1,01 гр. Сынамасы - 750. Шілікті қорымы. Оба №7. Шығыс Қазақстан. 1949 жылғы қазба. Балық пішінді, алтын тіліктен қиылған. Денесінде төрт және құйрығында екі жүзу қанатшалары бар. Көзі сопақша (Сурет 3 ә) [4, с.197-220].

Археологиялық күміс табақшалар атрибуциясы (Серебряные блюда).

Блюдо. Серебро. Ковка. Чеканка.

Дата: III - II вв. до н. э.

Место находки: найдена крестьянами при грабительских раскопках курганов могильника у с. Прохоровки, в Оренбургской области, в 1911 г Курган № 1.

Блюдо уплощено - полусферической формы, с выделенной раструбообразной гладкой горловиной. На плечике ребро. В центре блюда 20 - ти лепестковая розетка, с полусферическим выступом посередине. Стенки украшены сердцевидными медальонами, внутри которых листовидные углубления, соединенные короткими перемычками. Орнамент на блюде нанесен чеканом с оборота.

Горловина имеет шесть больших круглых отверстий для подвешивания.

С внешней стороны горловины арамейская надпись из цифровых знаков и аббревиатуры, обозначающей вес чаши { перевод П. К. Коковцева }.

Чаша. Серебро. Позолота. Ковка. Чеканка.

Дата: III - V вв. н. э.

Место находки: Неизвестно. Приобретена Оренбургской архивной комиссией.

Чаша полусферической формы, с плоским дном. Венчик гладкий, выпуклый с внутренней стороны. Ниже венчика проходит ребристый валик. Стенки чаши украшены лотосовидным узором из ложков. На дне чаши медальон, окруженный ребристым валиком. Внутри медальона расположено изображение царя в позе лотоса, сидящего на ковре. Фигура выполнена в низком и плоском рельефе. При профильном положении головы и ног туловище фронтально развернуто. На голове корона с двумя развевающимися лентами. В ухе серьга каплевидной формы. Левой рукой согнутой в локте опирается на подушку. В правой руке держит факел. Кафтан с длинными узкими

рукавами, до колен, стянут на талии. Кафтан, бескаблучные сапоги, подушка, ковер украшены полосками, орнаментированными мелкими кружками. На ковре дважды применен скобковидный орнамент. Орнамент на чаше нанесен чеканом с оборота.

На внешней поверхности венчика выгравирована круговая надпись.

Блюдо.

Серебро. Ковка. Полировка.

Дата: VIII - IX вв. н. э.

Место находки: с. Покровское (Чуйская долина).

Блюдо полусферической формы, плоское, гладкое, с выпуклым дном. С внешней стороны, на боковой поверхности имеется заплатка - пластина геральдической формы с тремя заклепками - гвоздиками. С внутренней стороны блюда, заклепки имеют полые, полусферические шляпки.

Кувшин.

Серебро. Литье. Ковка. Полировка. Пайка. Штамп.

Дата: конец VIII - IX в. н. э.

Местонахождение: с. Покровское, Чуйская долина.

Кувшин с грушевидным туловом, узким горлом, вытянутым треугольным в срезе носиком - сливом (снохоевидным), с клювовидным концом. Венчик манжетовидный. Высокая, овальная в разрезе трехгранная ручка сильно изогнута, в верхней части расширяется с когтевидным упором, за которым форма ручки гладкая, плоская. Верхний конец ручки подходит к венчику, через который пробито отверстие. Через отверстие проходит из ручки плоская и ребристая пластинка, на конец которой напаяна восьмигранная, плоская шишечка - упор, с закругленным низом. Нижний конец ручки расширен в виде трехлистника, со средней ромбовидной частью и боковыми завитками и припаян к тулову.

Кувшин имеет кольцевидный поддон. Дно плоское. На дне - крестообразно расположенные пять штампов. Штамп в виде креста из пробитых жемчужных углублений, с заключенными внутри штампа знаками - пиктограммами.

Лекция 6-7 Зергерлік бұйымдардың атрибуциясы мен сипаты

Әр халықтың мәдениетіне терең үңілу арқылы ғана, сол халықтың таным деңгейінің тереңдігін тануға болады. Қазақ халқының мәдениетінің биік белесінің көрсеткіші іспеттес “қолөнер бұйымдары” мәдени өмірімізде ерекше орын алады. Қазақ халқы ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушы. Осыған орай халқымыздың өмір сүру харекетіндегі этномәдени болмысы, оның қолөнерімен де айқындалады. Көне дәуір күмберінен сыр шертетін қазақ халқының қолөнері, сонау ықылым заманда өмір сүрген ата-бабаларымыздың этномәдениетінің айқын-да, айшықты белгісі ғана емес, сонымен қатар дөң жерге үйін тіктіріп, төскейге малын бақтырып еркіндікті сүйген көшпелі өркениеттің тамырын тереңге жайған мәуелі бәйтерегі. Қазақ халқының этникалық мәдениетінің негізгі саласы материалдық мәдениеттің қалыптасуы халықтың әлеуметтің құрылымына, шаруашылығына және географиялық орналасуына тығыз байланысты болып табылады.

Кеңестік заман дәуірінде ашаршылық пен зұлматты басынан өткерген қазақ халқы өзінің тілі мен ұлттық-қадыр қасиетінен ғана емес, дәстүрлі қолөнерінен де айырылып қала жаздағанын ескерсек, қазіргі таңда зергерлік өнерді қайта жаңғыртып, оны ғылыми тұрғыда зерттеп, оның теориялық мәнін практикалық тұрғыда іске асырып халықтың игілігіне арттырудың мән-мағынасы ерекше екені даусыз.

Ал, қазақ халқының зергерлік өнері жете дамыған халық өнері ретінде ұлттық мәдениетімізде ерекше орын алатындығы сөзсіз. Халық творчествосының қандай да түрі болмасын, ол халық өмірімен, сол халықтың тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланысты дамиды. Зергерлік бұйымдар тек қана тұрмыс тұтыныс қажеттілігін қамтамасыз етіп қойған жоқ, ол халықтың эстетикалық талғамын, ой-өрісін дамытуға себепкер болды десек те қателеспейміз.

Ұсталық өнер – заманында халықтық білімнің, ақыл ойдың ең биік өлшеміне айналып, оған ерекше мән берілген. Ұсталар кез-келген бұйымды жасар алдында қиылысу тәртібі болсын, ою-өрнектің салынуы, шегеленуі болсын, қалыптауы болсын белгілі бір симметриялық тәртіпті ұқыптылықпен сақтаған. Аты шыққан ұста-шеберлерге жұрт ұнатқан заттарын жасатуға күншілік жерден келген.

Деректік негіз. Қазақ халқының зергерлік өнерін зерттеу мәселесі ерте кезден-ақ саяхатшылар мен ғалымдардың, суретшілердің назарын аударып келе жатқан өнер. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне зергерлік бұйымдар жөніндегі әдебиеттер қатарында К.Ақышевтің /1/, П.Агаповтың, М.Қадырбаевтың /2, 3 / еңбектерін атаған ләзім. Археологиялық зергерлік табылымдар жөнінде ақпарат құралдарының да мәліметтерінің маңызы айырықша /4/. Қазақстан төңірегінде жыл сайынғы жүргізілетін археологиялық экспедициялар негізінде көне зергерлік бұйымдар үлгісінің қатары молаюда /5, 6 /. Атақты зерттеуші П.С. Паллас “ХҮІІІ ғасырда қазақтарда зергерлер, ұсталар тапсырмамен жұмыс істеді”, - деп жазады /7, - 71 с/. Зергерлік бұйымдар бетіне түсірілген ою-өрнектердің семантикасын ашуда Дудин С.М. /8/ және Шнейдер Е.Р. /9/ еңбектері негізге алынды. Ш.Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология саласы ғалымдарының қазақтың қолданбалы өнері жөніндегі ғылыми жинақтары жас ізденушілерге ғылыми азық болуда /10/. Қазақстандық ғалым-этнограф В.В.Востров еңбектерінде қазақ зергерлерінің қолынан шыққан бұйымдардың аймақтың ерекшелігіне ғылыми талдаулар беріледі /11, 12 /. Э.А.Масанов еңбектері зергерлік құрал-саймандарды қолданудың, зергерлік өнердің дәстүрлі технологиясының мәнін ашуға негіз болды /13,14/. С.И.Вайнштейн қазақтың зергерлік бұйымдарын Орта Азия зергерлік бұйымдарымен салыстыра зерттеген /15/. Белгілі этнограф Х.Арғынбаевтың қазақ қолөнеріне қатысты еңбектерінің ғылыми танымдылығына шек келтіруге болмайды. Ол, зергерлік бұйымдардың түрлеріне жеке-жеке тоқтала отырып, иллюстрация негізінде түсіндіре баяндайды /16/. Х.Арғынбаев әйелдердің қоғамдағы саяси-әлеуметтік орны төмен болғанымен асыл бұйымдарды тағынудағы, әсем киінудегі эстетикалық ой-талғамының жоғары болғандығын айтады /17/. М.С. Мұқанов үй кәсіпшіліктерінің негізгі түрлеріне тоқтала отырып, зергерлік өнерге ерекше назар аударады /18/. Белгілі ғалым Ә.Марғұлан құрастырған “Казахское народное прикладное искусство” атты 3 томдық еңбегінің ғылыми-практикалық құндылығы жоғары /19/. Н.В.Захарова, Р.Д. Ходжаева ел арасынан жинаған мәліметтері негізінде жазылған ғылыми еңбектері /20, 21/, Ш.Тохтабаева. /22, 23/, Ө. Жәнібеков /24/ сияқты авторлардың қазақтың ұлттық киімдеріне қатысты зерттеулері мен альбомдары негізінде әйел әшекейлерінің киімге қолдану мәнісі қарастырылды. Ө.Жәнібековтың еңбектерінің қолөнер бұйымдарының тұрмыста қолданыс аясын зерттеуге негіз болары анық /25, 26/. Ал, тар.ғ.к. Ш.Тохтабаева құрастырған “Қазақтың зергерлік бұйымдары” атты альбомы аталмыш тақырыпты әр салаға бөліп бөліп зерттеуге негіз болды /27/.

Қазақтың қолданбалы қолөнерінің даму кезеңдерін зерттеуге негізделген өнер танушылардың еңбектері де диплом жұмысының жазылуына теориялық негіз болды /28, 29, 30/. Тар.ғ.к. Г.Райымханова өз зерттеуінде зергерлік өнерді ерлер қолөнері ретінде

қарастыра отырып, оның ішінде Монғолия жеріндегі қазақ ұсталары арасында зергерлік өнердің дамуына баса назар аударады /31, 32/. С.Қасимановтың еңбегінде зергерлік өнердің ерте кезеңнен бастап осы кезеңге дейінгі дамуына шолу жасай отырып, зергерлік өнердің басты үлгілеріне назар аударады /33/. М.Нығмет, Ә.Тәжімұратов сынды авторлар өз еңбектерінде ел ішіндегі халық шеберлерінің іс-тәжірибесін ортаға салып, олардың игі істерін құрмет тұтуға шақырады. Басқа авторлар сияқты оларда өз тарапынан қолөнердің негізгі түрлеріне, оның ішінде зергерлік өнердің ерекшелігіне тоқталып отырады /34, 35/.

Лекцияның негізгі мақсаты қазақтың зергерлік өнерінің даму үрдісін ерте заманнан бүгінгі заманға дейінгі кезеңін қарастыра отырып, зергерлік өнердің әйел әшекейлерін жасаудағы іскерлік шеберлігін таныту. Осы мақсатта алдымызға төмендегідей міндеттер қойылды:

- Көне заман күмберінен сыр шертетін, археологиялық қазбалардан табылған зергерлік әшекейлердің қолданыс аясымен танысу, олардың жасалу технологиясына назар аудару;
- Зергерлік өнерде қалыптасқан дәстүрлі технологияның негізгі мәнін ашу;
- Әйел әшекейлерінің қазақтың әдет-ғұрыпта қалыптасқан тәрбиелік мәнін көрсету;
- Қазіргі заманда зергерлік өнердің халық мәдениетінде алатын орынын көрсету.
- Әшекей бұйымдарының аймақтық ерекшеліктеріне талдау жасау.
- Зергердің дәстүрлі құрал-саймандарымен таныстыру.
- Халық шеберлерін анықтау.
- Қазіргі заман шеберлерінің туындыларымен танысып, дәстүр жасғастығы ретінде олардың еңбектерімен танысу.
- Тақырыптың теориялық негізін қалыптастыруда тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттерді сараптау.

Қазақ қолөнерінің өткендегісі мен бүгінгі жағдайын, оның өзіне тән методологиясын зерттеу, қазірдің өзінде де күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселенің бірі екендігіне тағы да көз жеткіздім.

Атадан балаға мұраға айналған және сонау ғасырлар бойы тамыры тереңдеген сәндік қолтанбалы өнері өзіндік ерекшелігімен дәрежелі деңгейге қол жеткізіп, бүгінгі таңда барша әлемге танылып отыр. Сәндік қолданбалы өнер — қазақ халқының өзіне ғана тән мәдениеттің, әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрін, өмір-тіршілігін, табиғатын, елін, туған жерін және де дарынды дана халық екендігін кеңінен марапаттайды.

Қазақтың зергерлік өнерінің қалыптасу тарихы

Қазақтың зергерлік өнерінің түп-төркіні мыңдаған жылдар әріде жатыр. Археология мен топономиканың деректеріне қарағанда, Қазақстан территориясында мыс, қалайы, алтын, тағы басқа асыл және түсті металдарға бай кен орындарын игеру ісінің ежелгі замандарда-ақ қолға алғандығы белгілі. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған зергерлік бұйымдардағы қолтаңбалар ежелгі өнердің көркемдік деңгейінің биік болғандығын аңғартады /1, - 265б/. Әр түрлі әшекей бұйымдарды тұмар ретінде ұстау үрдісінің алғашқы белгілері де полеолит дәуіріне жатады. Әшекей бұйымдарды әйел мәйітімен бірге жерлеу үрдісі бағзы замандарда әйел мен әшекейді ажырамас дүние ретінде қарауын, әрі о дүниеде әшекейі өзімен бірге болсын деген ертегі тотемдік діни мағынадан туғандығын көрсетеді. Қола дәуірі кезеңіндегі зергерлік бұйымдар формасының монументтілігімен, көркемдік әсерлігімен ерекшеленсе, ал Есік қорғандарынан, Бесшатыр, Шілікті қорғандарынан табылған сақ, скифтерге тән аңдарды бейнелеу стилі қолданылған алтын бұйымдар біздің дәуірімізге дейінгі кезеңдегі өнердің қайталанбас мұрасы /5, 6/. Берел қорғанынан табылған алтын түймелер, қола айналар ғұн әйелдерінің әшекейлері ретінде тек Қазақстандық қана емес, шетел ғалымдары назарынан қызығушылықтар тудыруда. Сондай-ақ, “Қарғалы қазынасы”, “Жалаулы қазынасына” жататын үйсіндердің полихромды алтын әшекейлері, Бурабай көлі төңірегінде жүгізілген

қазба жұмыстары кезінде табылған ғұндарға тән алтын әшекейлер де өзіндік зооморфтық (аң бейнесін салу – Т.К.) стилдерімен ерекшеленеді. Зергерлік өнердің тарихында сирек кездесетін бағалы заттардың қатарына Орталық Қазақстандағы Шідерті өзені бойындағы ескі қорғандардан табылған алтыннан, алтын және күміс қоспаларынан соғылған зергерлік бұйымдар да жатады. Олардың арасында жұқа алтын пластинкалардан қалыпқа салынып жасалған арыстан, жолбарыс, және аюдың барельеф – бейнелері археологтардың назарын ерекше аударғаны белгілі.

Ерте орта ғасыр кезеңіне саятын әйел әшекейлерінде зооморфтық стилге қарағанда геометриялық стиль (ою тәріздес түрлі сызықтар салу – Т.К.) басымдау болып келген. Сарайшық, Отырар қаласы орындарынан табылған асыл қазыналар халықтың қайталанбас мәдени мұраларына айналып отыр. Бірақ ерте кезеңдегі зергерлер алтын-күмісті өздері қорытып өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі зергерлер көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе сол күйінде соғып пайдаланған /10, - 73 с./. Сондай-ақ, қазақтың көне әдебиет мұраларында “зер”, “зергер” сөздері көп кездеседі, мұның өзі бұл өнердің еліміздің ежелгі мұрасы екендігін дәлелдейді.

Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Қазақтар арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерді де “ұста” деп атаған. Бірақ, алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілер өздерін темір ұстасынан бөлек санаған. Осыған орай оларды “зергер” деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Үй кәсібіне негізделген ұлттық қолөнердің басқа түрлеріне қарағанда, зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігіне тән кәсіптік мінездемесі бар. Қазақ зергерлері көбіне жеке дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр-сырын ұрпақтан-ұрпаққа үйретіп отырған. Олар алдын-ала арнайы дайындықтан өтетін, белгілі-бір құрал-саймандарды пайдаланған /10, - 74 с./. Зергерлердің соғатын заттарының өзі өте көп болған. Оған әйелдердің әшекейлері, киім-кешекке тағатын түрлі сәндік бұйымдары, ағаш ыдыс аяқтар (қымыздықтарды, ожауларды күмістеу), киіз үйдің ағаш сүйегіндегі оюлар, тері торсықтар, үй жиһаздары, музыкалық аспаптар, қару-жарақтар, ер-тұрман әбзелдері т.б жатады /11, - 127-128 с./. Бұларды әсемдеу үшін зергерлер алтынға қарағанда күмісті көбірек қолданған. Көркемдік бұйымдар жасауға мыс пен темірде қолданылды.

Алтын, күмістен жасалған асыл бұйымдарды ертеректе дәулетті адамдар тұтынды. Алтын, күмісті қазақ зергерлері көбіне Орта Азия және Шығыс Түркістан базарларынан және татар көпестерінен сатып немесе айырбастап алды. Алтын сирек кездескендіктен де қымбат болды. XIX ғ.-дың екінші жартысында күмістің 1 мысқалы 4 грамға есептеліп, бағасы 20 тиын тұрды. Бір тай тұяқ күмісте 80 мысқал, бір қой тұяқ күмісте 45 мысқал, бір сиыр көз күмісте 30 мысқал салмақ болды /10, - 73 с./. Ал, қорытылып құйылған кесек күмісті жамбы деп атады. Ол да көлеміне қарай “ат бас жамбы”, “қой бас жамбы”, “тай тұяқ жамбы”, “қой тұяқ жамбы”, “асық жамбы” деп аталды. Алтын, күміс асыл тастарды көбіне жасатушының өзі әкеліп отырды /16, - 60 б./.

Темір ұсталары мен зергерлер өздері жасайтын бұйымдарды әдетте, елдің алдын ала өтініш етуімен ғана қолға алатын болған. Ер-әбзелдерін әсемдеп жасатушылар еңбек ақысына заттай – ірі қара немесе жылқы есебінде төлеген. Әйелдердің әшекей бұйымдары үшін май, нан, тәттілер сияқты азық-түлікке айырбастап есептесіп отырған. Кейде шеберлерге шапан сияқты киім кигізіп те отырған. Егер жасалған дүние тапсырыс берушінің көңілінен шығып жатса, зергерді қадірлі қонақ етіп, сый-құрмет көрсетіп отырған.

Ұсталық пен зергерлік өнер атадан балаға мұра болып, ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырған. Зергерлік өнермен зергердің әйелі, бала-шағасы да айналыса берген. Егер зергер дүниеден қайтып, оның жолын қуар ұлы болмаса, әйелі оның зергерлік қызметін атқара берген.

Ертедегі зергерлердің жұмыс істеуге тиісті қолайлы жағдайлары болмаған. Зергер өз жұмысын шеберханада (зергер шеберханасы кәдімгі киіз үйде орналасты – Т.К.), не тапсырыс берушінің үйіне құрал-саймандарымен барып жасады. Көп зергерлердің шеберханасы болмады, ондай жағдайда жұмысын өз отбасының алдында киіз үйдің бір шетінде отырып істеген. Аты шыққан шеберлерді тапсырыс берушілер күншілік жерден алдыртып, айлап өз үйлерінде күтіп жасатқан. Қазақтар еш уақытта зергердің еңбегін ақысыз қалдырмаған. Көбіне олар өз еңбегінің ақысын малмен есептеп алған /13,-149 б./.

Қазақтар қай уақытта да кәсіп иелерін құрметтеген. “Туркестанские ведомости” газетінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Ташкентте жыл сайынғы өткізіліп тұрған Түркістан өлкесінің қолөнер шеберлері көрмесінде қазақ зергерлерінің бұйымдары да қойылып, генерал-губернатордың шешімімен озық үлгілер Петербор көрмесіне жөнелтілгендігі жөнінде мәліметтер бар /36/. Мысалы, 1886 ж. өткен қолөнер шеберлерінің көрмесіне 735 экспонат қойылған, оның 586-сы жергілікті ұлт өкілдері шеберлерінің туындысы екен. Бұл дерек қолөнер туындыларына сұраныстың жоғары болғандығының айғағы / 37; 38 /.

Зергерлік әшекейлерінің түрлері және олардың мән-мағынасы

Қазақ қоғамында ерлерге қарағанда әйелдердің әлеуметтік орны төмен саналғаны баршамызға аян. Дегенмен де, қазақ қоғамында киімнің қымбатын әйел киген, әшекейдің сәндісін әйел таққан десек артық болмайды. Зергерлердің ең көп жасайтын бұйымдары қатарына әйелдерге арналған әшекейлер жатады. Әйел әшекейлері тек сән-салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, наным-сенімге де тікелей қатысты болғандықтан кез-келген әлеуметтік ортаның өкілі өз хал-қадіріне қарай әр-түрлі әшекейлер иемденуге, оларды тағуға тырысқан. Әшекейіне қарай әйелдің жасын, әлеуметтік тобын, қай аймақтан екендігін ажыратуға болады. Мысалы, ауқатты отбасынан шыққан әйелдің әшекейлерінде бағалы тастардан көз салынған алтындалған әшекейлер мол болды. Олар күрделі көркемдік шешімдерімен, техникалық жағынан мінсіз орындалуымен ерекшеленді. Бай әйелдері зергерге бірыңғай нақышта жасалған әшекей бұйымдарының толық жинағына тапсырыс бере алды. Ал, ауқатты отбасынан шыққан қыздар самағы үш келіден кем түспейтін күміс әшекейлер тағынды. Зергерлік әшекейлердің саны мен сипаты әйел жасына орайлас келді. Мысалы, пішіні жағынан кіші, қарапайым әшекейлерді жасөспірім қыздар тақты. Қыз бой жеткен сайын ол тағынған әшекейлерде өзгеріп, көркемдік нақыштары көбейе түскен. Ал, тұрмысқа шыққаннан кейін әйел әшекейі біртіндеп азайып, жасына қарай басқа нақыштарға ауысты /23, - 101с./.

Олай болса әйел әшекейлерінің негізгі түрлеріне және олардың атқаратын функциясына тоқталып өтейік:

Сәукеле — әйел әшекейінің ең қымбаты, әрі күрделісі. Сәукеле — ұзатылатын қыздың өз үйінен киіп шығатын бас киімі. Оның негізін ақ киізден не болмаса, бірнеше қабат матадан биік конус тәріздендіріп жасайды. Сыртын қызыл түстес шұға, барыт сияқты қымбат матамен көмкеріп, құндызбен жиектейді. Сәукелені тек зергерлер алдын-ала тапсырыс бойынша жасаған. Қыз әкесі ауқатты болса ұзатылатын қызының сәукелесінен байлығын еш аямаған. Қымбат сәукелелер зерлі жіппен сырылып, алтындалған күміс күлдіреуіштермен көмкерілген (Кей жерлерде сәукеле шұбыртпасы деп те атайды – Т.К.). Сәукеленің биіктігі қыздың шыққан тегінің дәулетін білдірген. Алтындалған, күмістелген күлдіреуіштерін барған жерінің ұрпаған көбейтсін, бала-шағалы болсын деген мағынада мол салған. Алтын, күміс құймалармен қатар інжу, маржан, ақық сияқты тастарды да молынан салған. Сәукеленің екі жақ самай тұсынан бетке жеткізе шолпы тәріздендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтары **сәукеленің бетмоншағы** деп аталды. Сәукеленің төбесінде алтынмен, күміспен әшекейленген **бергек** деп аталатын қатырғы болды. Бергек қатырылған сәукеленің бір түрі Астана Қаласындағы Президенттік Мәдени орталықтың этнография залында қойылған. Осы бергекке көбіне ақ жібек желек орнатылды. Кейде бергекке құстың қауырсындары бекітілді. Оны **қарқара** дейді.

Сәукеленің алдыға түсіп тұратын екі құлағы мен белге дейін жететін шашқап тәрізді артқы құлағы да маржан, ақық тастармен әшекейленді. Сәукелені жас келін той өткенше киген, той өткен оны қадірлеп жоғары жерге іліп қойған. “Осындай қымбат сәукелелердің Бөкей ордасында кездескен бір түрінің құны күміс ақшамен 1000 сомға бағаланған. Семей төңірегіндегі сәукеле құны 2000 сомға жеткен көрінеді. Ал, XIX ғ. орта шенінде Жетісу атырабында жасалып, Петербургтегі Антропология және этнография музейіне сыйланған бір сәукеле жүз жылқының құнына бағаланғаны белгілі”, - дейді белгілі ғалым Х.Арғынбаев /16, - бз б./. Әрине, мұндай қымбат сәукелелер сирек кездесті. Қазақстан музейлерінде сақталған қымбат сәукелелердің саны саусақпен санарлық десе болады. Сәукеленің әрбір деталі ұмтыла сүйірлене біткен пішіні мән-мағынаға толы. Сәукеленің пішіні мен ою-өрнегінің өзі-ақ көшпелі өмір сүрген қазақтардың мифологиялық таным-түйсіктерінің қаншалықты терең де бай болғандығын айқын аңғартады. Ою-өрнектер айналадағы кеңістікті, дүниенің жаратылысын, адамзат қоғамының қалыптасуын бейнелейді.

Өңіржиек — кеудеге шынжыр арқылы тағалатын, кеудені жауып тұратын қымбат алқа түріндегі әшекей. Өңіржиекті көбіне ауқатты үйдің қызы немесе жас келіншектері таққан. Өңіржиек бір-біріне шығыршық арқылы ілінген бірнеше төртбұрышты немесе дөңес бөліктерден тұрады. Өңіржиектің аса көркем, әрі күрделі түрлері Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс аймақтарында кездеседі. Өңіржиектің әр бөлігі сіркелеу, сымкәптеу, алтындау, тастар орнату әдістерімен әшекейленеді. Мұндай әшекейлер әбден жұқартылған және қуысталған күміс қабатынан жасалады, арасына ақ балшық толтырылады. Төменгі бөлігіне сыңырлауық қоңыраулар, құйма тістер орнатылады /16, - 64 б./. Өңіржиектердің Қазақстан музейлерінде бірнеше үлгісі сақталған.

Алқа — бірнеше бөлік асыл тастар, түрлі-түсті шыны көздер орнатылған, топсалы шынжыр арқылы тағылатын мойын әшекейі. Алқаны жасөспірім және бой жеткен қыздар тағынған.

Тамақша — барқыт сияқты матаны сырып тігіп, бетіне моншақ, түрлі асыл тастарды тізген немесе түрлі күміс құйма, майда пластинкалар қадаған, мойынға тағылатын әшекей. Тамақшаның үш, төрт бөлек, топсалар арқылы бір-біріне бекітілген түрі сирек болса да ел арасында кездеседі.

Білезік — әйелдерге арналған әшекейдің ең көп кездесетін, әрі күнделікті қолданатын түрі. Оны қыз-келіншектерде, орта жастағы әйелдер мен үлкендер де білегіне салады. Білезік алтыннан да, күмістен де соғылған. Білезіктердің үлкен-кішілігі, ауыр-жеңілдігі әркімнің өз қалауынша болды. Білезіктердің аталу түрлеріне қарай, олардың бетіне жүргізілетін өрнектер де түрлі болды:

Қос білезік — жалпақ бауырлы тұтас келеді де үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болады. Бұған көбінесе “сыңар өкше”, “ырғақ”, “бұрама”, “көз” өрнектері салынады. Қос білезік салу Солтүстік Қазақстанда көбірек кездеседі.

Бес білезік — бауыр сырты жалпақ, сағат бау тәрізді, топса арқылы бекітіледі. Топса арқылы білезіктің екі басы бір-біріне бекітіледі. Білезікке жынжыр арқылы қол үстінен өтетін үзбеге бекітілген үш немесе екі сақина орнатылады. Бес білезікті қолға тағарда алдымен сақинасын киіп алады. Бес білезікке асыл тастардан түрлі көздер орнатылып, “ирек”, “мүйіз”, “құс қанат”, “бөрікұлақ” сияқты күрделі оюлар сымкәптеу тәсілі арқылы орнатылады. Топсалы бес білезіктердің айтарлықтай әдемі түрлері ҚРОММ-де сақталған.

Жұмыр білезік — кісінің қалауынша жуандығы әр түрлі етіліп, құйма тәсілімен жасалады. Жұмыр білезікті кейде қолдың басынан білекке қарай киілетін етіп, екі басын түйістіріп жасайды. Жұмыр білезікке ою-өрнектер сызу және шеку әдістері арқылы түсіріледі. Жұмыр білезіктің жез қосып балқытылған және күмістен жасаған түрлері көптеп кездеседі. Мұндай білезіктерді көбіне егде тартқан әйелдер басының сақинасы ұстаған кезде (мигрень), қан қысымы көтерілген (давление) уақытта көмектесіп тұрады деп түсінген.

Қарала білезік — күміс бетіне қара жүргізу әдісімен жасалған білезік түрі. Оны “кавказ білезік” деп те атайды. Себебі, қарала жүргізу әдісі кавказ халықтары шеберлерінен келген деген мәліметтер бар. Қарала білезіктерге көбіне “ирек”, “гүл”, “жапырақ”, “бұрыш” өрнектері және “ай”, “жұлдыз” сияқты космогониялық өрнектерде салынады. Бұл білезікті де көбіне орта жастағы және егде тартқан әйелдер таққан..

Өрме білезік — жуан алтын, күміс сымдардан өріп құрастырылып жасалған түрі. Мұндай білезіктердің екі жақ басы алақан сияқты тұтас келеді. Осы алақан бетіне “қазтабан”, “жүрекше”, “қос ырғақ” өрнектері сызу арқылы жүргізіледі. Мұндай білезіктерді жас қыз-келіншектер таққан.

Топсалы білезік — ортасынан екіге қайырып ашылады, екі басы топса арқылы түйістіріп жабылады. Білезіктің екі ілмек, тиек арқылы жалғасады. Топсасы мен білезікке кигізілетін ілмек білезік бауырына нәзік тоқылған шынжыр арқылы жалғасады.

Білезіктің ел арасында **үзбелі білезік, қолқа білезік, бұрама білезік, көзді білезік, орама білезік** сияқты түрлері және 4 жас пен 10 жас аралығындағы қыз балалар қолға тағатын **бала білезіктер** де кездеседі.

Жүзіктер мен сақиналар қазақ зергерлерінің әйелдерге арнап ең көп жасайтын әшекей түрі. **Сақиналар** көбінесе күмістен, кейде алтыннан да жасалды. Сақина бетіне шапқымен шеку, бізбен безеу әдісімен орындалатын түрлі ою-өрнектер жүргізілді. Қарапайым сақиналарды егде тартқан әйелдер салса, көзді сақиналарды көбіне жас қыздар салды. Орта жастағы және егде тартқан әйелдер көбіне жүзікке араб әріпімен өз аттарын жаздырып алып отырған. Мұның мәнісі бұл өмірден өткенде сақинамды келінім немесе қызым алып, атымды оқып, көзімдей көріп жүрсін деген мағынаға саяды. Сақиналардың **тасты сақина, кавказ сақина, ырғақ сақина, моншақты сақина, бұрама сақина** сияқты түрлері кездеседі. Ал, жүзікті қазақтар кейде **балдақ** деп те атайды. Сақина мен жүзіктердің киелілігі мен қасиетіне сену ғұрпы қазақтар арасында кең тараған түсінік. Әдетте, қазақтар әйелдің қолында не жүзігі, не сақинасы болуы керек деп санаған, ол болмаған жағдайда дайындаған тағамын арам деп білген. Күмістен сақина, жүзік салған әйел қолынан сусынды келген қонақ адал деп, сүйсініп ішкен. Халық арасында тасты және шыны көзді сақиналар кеңінен тараған. Ал, символды түрде күнді бейнелейтін шеңбер формасындағы сақина, жүзіктертердің өрнегі мен түрлерінің көркемдік құрылымы мен гормониялық үйлесімділігі көзге түседі.

Құдағи жүзік — іші қуыс етіп жасалған, өте көлемді, аса сәнді жүзік. Құдағи жүзіктің бауырында екі саусаққа қатар киілетін екі сақинасы болады. Кейбір құдағи жүзіктерде бір ғана сақина болады. Әдетте, мұны ұзатылған қыздың енесіне және күйеу жігіт шешесі құдағиына тарту ретінде бір-біріне арнайы соқтырады. Қыз шешесі қызымды өз қызыңдай көріп, аналық мейірімінді төгіп жүр деген ниетпен, күйеу шешесі жақсы қыз тәрбиелегеніне рахмет, бізге тастай батып, судай сіңіп келе жатыр деген ниетпен, той өткеннен соң бір жылдың ішінде тарту ететін кәделі дәстүр. Ал, екі саусаққа қатар киілетін сақинасы екі баламыздың жұбы жазылмасын деген мағынаны білдірген. Мұндай жүзіктер төрт саусақ сыртын түгел жауып тұрады. Құдағи жүзіктерді де көбіне ауқатты құдағилар бір-біріне тарту ете алған.

Құстұмсық жүзік — аты айтып тұрғандай құстың тұмсығы сияқты бір ұшы үшкірленіп жасалған жүзік. Құстұмсық жүзіктерге сымкәптеу, сіркелеу, алтындау әдістері арқылы түрлі геометриялық және өсімдік тәріздес оюлар салынған. Бұл жүзікті ертеректе тұрмысқа шықпаған қыздар салған. Ол “құстай ерікті” деген мағынаны білдірген. Ұзатылар уақытта болса артынан ерген сіңілісіне салған, немесе өзі тағып кетіп, барған жерінде қайын сіңілісі болса, тарту ретінде соның саусағына салған. Көбіне келіндер қыз күнінде саусағына салған құстұмсық жүзігін сақтап, кейін өзінің қызының немесе немересінің қолына салған. Сөйтіп, құстұмсық жүзік анасынан қызына мұрагерлікке қалып отырған. Оны кей өңірлерде **“құсмұрын жүзік”** деп те атайды. Бұл жүзіктерде кездесетін өрнектер, өркен жаю, өрістеу идеясын да білдіреді.

Отау жүзік — сақина үстіне шаңырақ немесе күмбез тәрізді етіп, күміс сымды бұрап, орау арқылы жасалған жүзік. Бұл жүзікті жаңа түскен келінге енесі “отауың берік, шаңырағың биік болсын”, - деген мағынада салған. Келін енесі салған отау жүзікті тек өзінде сақтаған, оны ешкімге бермеген, сыйға тартпаған.

Шолпы — әйел әшекейлері ішіндегі ең сәндісі. Қазақтар арасында оның түрлері көп тараған. Шолпыны сән-әшекей ретінде, әрі оның салмағынан шаш ұзын болып өседі деп таққан. Кеудесіне өңіржиек, шашына шолпы таққан қыздың мойыны құрықтай болып өскен, бойын тік ұстаған. Шаш қашанда қыздың сұлулығын білдіріп, тіпті оның тартымдылығы мен сымбаттылығының белгісі ретінде қабылданған. Шолпы жіп арқылы шаштың, яғни бұрымның ұшына ілінеді. Бұлар көбінесе қос тоғыз теңгелердің тізбесінен құралады. Теңгелер бір-біріне жоғарыдан төмен қарай жалғанады. Шолпының сым үзбелер арқылы жалғасатын, ортасына асыл тастар орнатылған түрлері де кездеседі. Кей өңірлерде күміс теңгелерге ұқсас дөңгелек пластиналарды құйып жасап, содан жүргенде сыңғырлайтын күміс майда қоңыраулар орнату әдісі қалыптасқан. Қазақта “сыңғырлаған күлкісіне сылдырлаған шолпысы үн қосар” деген сөз бар. Шолпының қыз тәрбиесінде алатын маңызы да зор. Анасы қашанда қызына “қатты жүгірме, оқыс қозғалма, шолпың қатты сыңғырласа сені әдепсіз қыз дейді”, - деп отырған.

Шолпыны қазақ салтында қыздар мен жас келіншектер таққан. Егде тартқан әйелдерге шолпы тағу ерсі болған. Шолпының ел арасында **қоңыраулы шолпы, қозалы шолпы, қос үзбелі шолпы, көзді шолпы, маржанды шолпы, шашбау, шаш теңге** сияқты түрлері кездеседі. Қазақтар арасында “адам жанының бір ұшы шаш арасында мекендейді”, - деген наным қалыптасқан, сол себепті де қоңыраулы, сылдырмақты шолпыны шын-шайтанды, бәле-жаланы маңайлатпайды деген сеніммен, ырымдап та үнемі тағып жүрген. Шығыс пен Орта Азияның басқа да халықтарындағыдай қоңырау сыңғыры қара ниетті күштерді үркіте алатын күшке ие. Айта кету керек, кейде бұрымға тағылған шолпы шашбаулардың салмағы үш келіге дейін жеткен, сонымен ол қыздардың жүрісі мен бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырған. Ал, күміс теңгелер аяқ басқан сайын сыңғыр қағып, қыздың мінез-құлқы мен тәрбиесінен хабар берген.

Шашқап — егде тартқан әйелдер шаш өрімінің түбіне бекітіліп шаштың ұзына бойына түсіріледі. Ал жас келіндер жүн сабау, киіз басу, ши тарту, жүк арту, үй тігу, мал сауу жұмыстарына араласқан кезде киген. Шашқап көк, жасыл, қызыл, қара түсті мақпалдардан жасалып, оның өң жақ беті күміс, алтындалған құймалармен әшекейленді.

Белдік — қыз-келіншектерге тән, қамзол сыртынан бел тұсына тағылады. Әйел белдіктерінің негізгі дені барқын, шұға, зер маталардан тігіліп, қапсырма арқылы бекітілген. Белдіктердің өн бойына бетіне ою-өрнек жүргізілген күміс немесе алтындалған құймалар бекітілген. Бетіне қарала жүргізілген құймалар қондырылған белдік түрлері де сақталып қалған. Сондай-ақ, құймалар бетіне түрлі тастар, түрлі-түсті шынылар орнатын сәндеген белдік түрлері Қазақстанның көптеген музейлерінде сақтаулы. Мысалы, ҚРОММ-де сақталған әйел белдігінде 19 күміс пластинка орнатылған /КП 3783/. Ал, бірнеше күміс бөліктерді ілмек, шынжыр арқылы жалғастырған күміс белбеу түрі сирек кездеседі.

Шекелік — Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде өзіндік пішімін сақтап қалған самайлық әшекей. Шекеліктің барлық құрамдас бөліктері - қалыпқа құйылған күн бедерлі белгілері мен қиықша тәріздес пішіндері әсемдік сымдармен жалғанып келіп, шілтерлі қондырғы құрайды да, ұзынша түзу өзекке бекітіледі. Шекелікті тақия, бөрік сияқты бас киімдерді кигенде екі самай тұсқа іліп тағады.

Сырға — қыздар, жас келіншектер құлаққа үнемі тағып жүретін әшекей. Орта жастағы және егде тартқан әйелдер кебіне кимешек кигеннен, құлағымыз көрінбейді деп көбіне сырға салмаған. Сырғаның **айшықты сырға, ай сырға, қозалы сырға, тасты сырға, алтынды сырға, қарала сырға, төлме төбе сырға, салтыншақ сырға, сабақты сырға, шашақты сырға, қоңырау сырға, күмбезді сырға, сояу сырға** деген түрлері болған. Сырғалардың атаулары, негізінен, олардың сыртқы көрінісіне, қандай металдан

жасалғандығына немесе жасалу тәсіліне қарай қалыптасқан. Мысалы, ай сырғаның іші ойық, жарты айға ұқсайды. Сымнан семделген шығыршық сырғалардың құрылымы күрделі болғанымен әр қилы. Зергерлер сырғаның тартымды жасалуына қатты көңіл бөлген. Кәдімгі сырғаның өзінің де әуел баста кісіге медеу болатын киелілігі бар деп қабылданып, ежелгі заманнан бері оны қыздарға бала жасынан тағатын болған.

Қапсырма — қамзол, шапан сияқты сырт киімді қаптырып кию үшін қадалады. Кей өңірде қаптырма деп те атайды. Қапсырма екі бөлек жасалады да, бір-бірімен ілгек арқылы жалғасады. Қапсырманың екі бөлегінің сыртына салынған ою-өрнектері, орнатылған тастары да, формасы да бірдей болады. ҚРОММ қорында сақталған қапсырманың ерекше түрі үш түрлі бөліктен тұрады. Үш бөліктен тұратын қапсырмалар өте сирек кездеседі. Олардың әрқайсысының астыңғы ілгектерінен шынжырлы салпыншақтар және екі шеткісінің жанынан қос шынжыр ілінген. Қапсырмалардың сымкәптеу тәсілі арқылы оймалы өрнектермен сәнделіп, ортасына асыл тастар орнатылатын өте күрделі, әдемі түрлері де кездеседі. Балық, қошқар, мүйіз, ұшқан құс, гүл жапырағы, шығыс қияры, күн, жұлдыз, ай тұрпатында болып келетін қапсырмаларда көп түрлілігімен ерекшеленеді. Бұлардың формалық мәнділігі өрнектелу ырғағының салдарлылығы, көркемдегіш желілерінің тазалылығы және композициялық құрылымының үйлесімділігі, әрі тиянақтылығы арқылы ашылып отырады.

Тұмарша — мойынға шынжыр арқылы немесе түйреуіш арқылы тағылатын әшекей. Оны зергерлер күмістен бұрыштап, немесе жұмыр түтікше тәріздендіріп, ішіне оқылған дұға салып қоятын ортасын қуыс етіп жасаған. Мұндай ішіне дұға салынатын тұмарларды жасау ислам дінінің кеңінен етек алуына байланысты ХІХ ғ. екінші жартысынан бастап өріс алған. Тұмар адамды бәле-жаладан, тіл-көзден сақтайды деп білген. Сондай-ақ, тұмаршалардың ортасы қуыс емес, бірақ үш бұрышты етіп, көз тиюден сақтайтын қасиеті бар, ақық, перезе сияқты тастарды орнатып жасаған түрлері де көптеп кездеседі. Тұмаршаның қасиетіне сеніммен қараған халық, оны баланың бесігіне ілген /43, - 77-80 с; 44/, шошынып, жаман түстерді көп көретін адам жастықтың астына қойып ұйықтаған.

Үкі аяқ — үкінің тырнағын күміспен қаптау арқылы жасалған, кеудеге шынжыр немесе түйреуіш арқылы қадалатын әшекей. Үкі аяқты тұмардың бір түрі деуге болады. Тұмарларға құс тұяғын, аң сүйегін, азу және сойдақ тістерін, жыланның бас сүйегін, ұлу тұқымдастарының қабыршақтарын салудың әдісінің түп-тамыры бағзы замандарда жатыр деуге болады. Қазақтар ислам дінін қабылдағанымен ІХ-ға дейін ата-бабаларымыз тұтынған шамандық, тотемдік дін қалдықтары қазіргі кезеңге дейін өмір сүруде. Қазақтар өздерінің діни нанымдарында жыртқыш құстар мен аңдардың сүйектері киелі зат ретінде өзіме күш-қуат береді, пәле-жаладан, көз-сұқтан, төтенше қауіп қатерден сақтайды деп түсінген. Бізге келіп жеткен дәстүрлі үкі аяқтар, бір қырынан алғанда адамзаттың бір кездегі наным-сенімінің пластикалық тілде баяндалуы болып табылады.

Түймелер мен таналар — сырт киімге тағылатын, зергердің әйелдер үшін ең көп жасайтын әшекейі. Түймелердің формасы үлкенді-кішілі, ою түсірілген күмбез тәрізді екі жарты шарды бір біріне бекіту арқылы іші қуыс етіп жасалған түрлері көп кездеседі. Олар **торсылдақ түйме** деп аталады. Шағын түймелерді, көбінесе асыл тастарды тесіп, оған күміс өткізу арқылы, кейде түсті жұмыр тастарды күміс қоршалауға орнату арқылы және күміс сымды ширатып дөңес формаға келтіру арқылы жасай берген. Ал **таналарды** дөңгелек күміс паластинкаларға бедерлі ою салып, қарала жүргізіп немесе тастар орнатып, оның бетін сіркелеу әдісімен әшекейлеп те жасаған.

Түйреуіш — көйлектің тік жағасының кеуде тұсына, тік жағалы қамзолдарға, шылауыштың төбесіне, етегіне түйреп тағатын, әйелдің жас ерекшелігіне қарамай таға беретін әшекейі.

Асыл тастар — әшекей бұйымдарға өңделіп, белгілі бір формаға келтірілгеннен кейін салынатын әр түрлі табиғи тастар. Халық асыл тастарды көз деп те атайды. Тастардың бұлай аталуы тегін емес. Өйткені әшекейге салынған әрбір тас бәрін көріп, бағып тұрған сиқырлы күш ретінде түсінілген. Дәстүрлі қазақ тұрмысында тастарға деген оң көзқарас

бүгінге дейін сақталып отыр /47, - 129-130 с./ Инжу (жемчуг) көзге түскен ақты, кәріптас немесе жақұт (янтарь) жемсауды емдейді десе, маржан (коралл) тіл-көз тиюден сақтайды, сәден (перламутр) қарғыстан қорғайды, перезе (берюза) бақыт әкеледі деп сенген. Зейнет пен қуаныш тасы деп танылған ақық тасқа (сердолик) қай уақытта да сұраныс мол болған /27, - 4-8 с./ Сондай-ақ, гауһар, лағыл, сутас, сыңғыр, меруерт сияқты бағалы тастар да қолданылды. Бұл тастардың көпшілігін зергерлер сатып алып отырған, ал кейбірі қазақ даласынан да табылып жатты. Түрлі-түсті шыны салу, көгілдір тынеке (эмаль) жүргізі арқылы да жасалған әшекейлер көптеп кездеседі. Кей зергерлер түрлі-түсті шынылар болмай қалған уақытта, жәй түссіз шынының астына қызылды-жасылды мата төсеп немесе шыныны бояп салған.

Әйел әшекейлерінің аймақтық және стильдік ерекшеліктері

Әйел әшекейлерінің өзінің жасалу техникасына қарай қалыптасқан аймақтық ерекшелігі болды. Мысалы, тек күмістен соғылған білезіктердің өзі Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі болды. Жергілікті өзгешеліктер оның жасалу, әшекейлеу тәсілінен де, көлемінен де, сыртқы мүсінінен де байқалады. Мәселен, Қазақстанның шығыс, оңтүстік-шығыс аудандарына, негізінен, жұмарланып және төрт қырланып соғылатын білезіктер тән болса, солтүстік және орталық Қазақстанға жұқартыла соғылған жіңішке білезіктер тән, оңтүстік өңіріне құйма сом білезіктер, ал батыс пен оңтүстік-шығысқа өте көлемді, сырты алтынмен буланатын көзді білезіктер тән болды. Әрине, осы келтірілген білезік түрлерінің әрқайсысының ішінде айтарлықтай өзгешеліктер байқалады /35, - 81-92 б./. Ол, негізінен, әр атырапта қалыптасқан шеберлік мектебінің болғандығының айғағы. Қазақстанның батысы мен оңтүстік батысында жасалатын көлемді білезіктерге арнайы тағылатын шынжырлар ұшына 2-3 сақина, жүзіктер ілінеді. Мұндай білезіктердің сыртына сіркелеу әдісімен, негізінен, геометриялық өрнектер жүргізілді.

Күмісті қаралау әдісіне әсіресе, Қазақстанның батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс және орталық өңірлерінде көп мән берген. Атап айтқанда, Атырау, Орал, Қарағанды облыстарында жиірек ұшырасатын, Семей және Солтүстік Қазақстан облыстарында ішінара ұшырасатын қара аралап өрнектеумен жасалған күміс бұйымдар тартымды әрі әсерлі болып келеді. Қараланған күміс әшекейлердің желісіне мүйіз пішініндегі ырғақтар, түрлі көкөністердің тартымды өркендері, гүлді өрнектер, геометриялық және астральды оралымдар алынған. Бұйымның бетіне түсірілген қара ала мұндай жағдайда бірде фон, бірде сурет-өрнек қызметін атқарады. Атырау, Орал облыстарында кездесетін қаралау әдісімен жасалған бұйымдардың кавказ, дағыстан халықтарының қараланған бұйымдарымен көп ұқсастығы бар /16, - 60 б./. Қарала жүргізу әдісін, халықтың “қарала кавказ” деп атауының да мәнісі осында. Бізге дейінгі келіп жеткен кейбір деректерге қарағанда, Батыс Қазақстанның өңіріне Кавказ зергерлерінің өнері ХІХ ғ. бірінші жартысында келе бастаған. Ал, белгілі зерттеуші ғалым-этнограф Э.А.Масановтың зерттеулеріне жүгінсек, күміс бетіне қарала жүргізу өнері Орта Азия зергерлеріне ХІІІ-ХІҮ ғ.-дан белгілі болған /13, 14 /. Автор содан бері зергерліктің бұл тәсілі қазақ даласына ХІХ ғ.-ға дейін беймәлім болып келуі шындыққа үйлеспейтіндігін ескере келіп, қаралау тәсілін зергерлердің ХІХ ғ.-дан әлдеқайда бұрын білгендігін дәлелдейді. Қара бағдар жүргізу тәсілі қазіргі шеберлер арасында кеңінен қолданылмағанымен ішінара кездеседі.

Бетіне шыны, ақық, ағат, су тас, маржан қондырылған бұйымдар Солтүстік және Оңтүстік Қазақстанда басым және сондай-ақ, Шығыс пен Орталық Қазақстанда ұшырасады. Жылтырақ тастардың реңктік қанықтығына қарай бұл әшекейлер өте үйлесімді көрінеді. Тас реңкті болған жағдайда, металл тек тастың сыртқы құтысы қызметін атқарып тұрғандай көрінеді. Мұндай асыл тастар колориттік шешімнің басты белгісі болып табылады.

Түсінің ашық сарылығымен ерекшеленетін стильдік белгілер Оңтүстік Қазақстан әшекейлеріне тән. Бір әшекейдің өзінде қызыл маржан, жасыл хризопраз, көгілдір ақық, сары ағат тастар бар-бірімен үйлесім тауып жататын дүниелер кездеседі. Әшекейдің

композициялық құрылымының байлығын көрсететін үзбелі, шашақты, моншақты салпыншақтар оңтүстіктік бұйымдарда эстетикалық роль атқарады. Үзбелі шынжырлардың түрлі ұзындықтағы қоңыраушалары әшекей үшін үнемі пайдаланылып отырады. Сымды орамалау арқылы қоңырау пішішіне келтіру, конус тәрізді салпыншақтар, көз сырты жиектелген асыл тасты сәнді алқалар жасау, ортасы селдір шыншырлы медальон өндіру секілді зергерлік әдіс-тәсілдер де Оңтүстік Қазақстан әшекейлерінен айырықша көрініс тауып жатады. Бұл топқа енетін әшекейлердің қазан татарлары, башқұрт, қырғыз зергерлік әшекейлерімен де ұқсастық жерлері бар. Сондай-ақ, ежелгі үйсін кезеңіндегі зергерлік бұйымдармен де жақын. Бұлардың ортақ көркемдік белгісі түрлі асыл тастардың реңктік үйлесімінен туындайтын ашық сары түстің құлпырымы болып табылады. Оңтүстік Қазақстан әшекейлері қатарында жататын тұмаршалардың да аймақтық ерекшелігі басым. Мысалы, үш бұрышты тұмаршаның екі бетіне де өрнек қалыптау тәсілі арқылы түсіріледі. Тұмаршаның үш бұрышты ортаңғы бөлігі әдетте дөңестеніп шығыңқы жасалады да, үстіне түрлі-түсті шыныдан немесе ақытан көз қондырылып, жиектері эмальды нақышпен көмкеріледі. Қалыптау арқылы ойық түсірілген алтын жалатпалы бөлігіне біріне-бірін тізбектей сыртын зерменен бекітіп, ұсақ ақық көздер орналастырылады. Бедерлердің ойыңқы, шығыңқы ырғақтары, алтын жалатпаның жылтылы, ірілі-ұсақты тастардың көрнекті көрінісі, зер оралымдардың әсемдігі әшекейді тартымды көрсетеді. Әшекейлердің осындай түрлерінің көркемдік белгілерінде өзбек, тәжік, ұйғыр әшекейлерінің ұқсастық белгілері кездеседі.

Қалыптау, бедерлеу әдісінде жасалатын әшекейлер Орталық, Шығыс Қазақстанда басым да, ал Солтүстік Қазақстанда ішінара ғана ұшырасады. Әшекейлердің көбіне ортақ көркемдік белгісінің бірі мүсіндік форманы пайдалану болып табылады. Қалыпқа құйылып жасалатын әшекейлерде өрнектердің нұсқасы типылдау, ал бедерлеп салынғандары шамалы бұдырлау болып келеді. Бедерленетін бұйымдардың негізі күміс, қола, мыс, темір түрінде болады. Әшекейлердің бұл түрлерінің де форма мен өрнек үлгілерін тудыру мүмкіндіктері мол.

Қалыптау тәсілі арқылы жасалатын әшекейлердің кейбір орнықты көркемдік түрлерін археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған зергерлік бұйымдармен сабақтастық бар. Бұларға түп төркіні ежелгі скиф, сақ кезеңінен басталатын гриф нұсқасында болып келетін қапсырмалар жатады /5, 6/. Кейбір әшекейлерге түсірілген рулық таңбалық белгілер тұрғысынан қарағанда қола дәуірі және байырғы түрік кезеңінде жасалған тоғаларға ұқсас. Әйел белдіктерінің қалыптау тәсілімен жасалған күміс тоғаларының үлгісі сақ белдіктеріндегі қапсырмаларға ұқсас келеді.

Қазақ зергерлерінің әшекейлік бұйымдарды жасау әдістері, дәстүрлі технологиясы

Халық шеберлері сәндік күміс бұйымдарды жасауда көптеген зергерлік тәсілдерді қолдана білді. Соның ішінде отқа қыздырып соғу, балқытылған металды қалыпқа құю, кептеу, тыныкелеу, сіркелеу, шекімелеу, қаралау, темір бетіне күміс шабу, сымкәптеу, жұқа күміс әшекейлердің астынан бедерлі қадаубастармен батыра ұрып бедерлеу, бізбен безеу, дәнекерлеу, оймалау, күміс үстіне күміс қондыру, көз салу сияқты тәсілдер шеберлер арасында әлі де кең қолданылады.

Күміс кесегін дайындау үшін зергерлер теңгелер мен жамбыларды белгілі бір мөлшерде балқытып алған. Күміс кесегін отқа қыздырып, төс үстіне балғамен жайлап соғу арқылы әбден қақтап, жұқартып әр түрлі зергерлік бұйымдар жасауға икемдеп алды.

Қалыптау әдісі құйма бұйымдарын жасауға қолданылды. Қалып әдетте, иі қанған балшықтан жасалып, алдын ала мұқият кептірілді.

Қараланы (чернь) қазақ зергерлері өздері дайындап ала берген. Оның құрамы күміс, мыс, қорғасын және күкірттен тұрды. Бұл құрамдардың арасалмағы да әртүрлі болды. Мәселен, күміс пен мыс бір-бір есе болса, қорғасын мөлшері күмістің жартысына тең

болды, ал күкірт осы металдардың балқуына байланысты көз мөлшермен қосылып отырды. Осы құрамды шойын ожауда әбден балқытқан уақытта қара қоймалжың пайда болады. Бұйымға қара бағдар салу үшін бұйым бетіне алдын-ала өткір бізбен безеп ою-өрнектер салынады. Бұйым бетіне әлгі қара қоймалжыңды құйғанда, сызықтар бетіне жабысады. Оны әбден, кепкен соң егеумен өңдеп, былғары және киіз ысқыштармен жылтырата ысады. Артық бояуды темір құтыда сақтаған. Қазіргі уақытта да шеберлер қара бағдарды ертеден келе жатқан әдіс бойынша өздері дайындап алады.

Күміс бұйым бетіне түрлі-түсті *тынеке* (эмаль жүргізу) жүргізу әдісі Қазақстанның орталық, оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында жиірек кездеседі. Кей өңірде, мысалы Жамбыл облысында бұл әдісті “*лажы жүргізу*” деп атайды. Қазақ зергерлерінің арасында “лажым жоқ” деген сөз осыған байланысты айтылған. Қазақ зергерлері тынекені шыны үгіндісін еріту арқылы алған. Оны күміс бұйым бетіндегі бізбен безелген іздерге құйып, суығаннан кейін егеумен өңдеген.

Сымкәптеу тәсілімен әйелдерге арналған қапсырма, шолпы, түйреуіш, білезік сияқты әшекейлер жасалынған. Ол үшін таза ақ күмістен жіңішке сымдар арнайы сым тартқыш қалып арқылы созылып дайындалады. Күміс сымдарды төске салып жазып алып, оларды арнайы жасалған күміс шеңбердің ішінде, арасынан саңылау қалдыра қырынан қатарластыра орналастырып, ұштарын шеңбердің ішкі жиегіне дәнекерлейді. Мұндай әшекейлердің ортасына көбіне асыл тастар орнатылады. Сымкәптеу тәсілімен жасалатын әр түрлі күміс әшекейлер Қазақстанның барлық аймақтарына кеңінен таралған. Сымкәптеу тәсілі асқан шеберлікті, үйлесімділікті қажет ететіндіктен де болар, осы тәсілмен дайындалған бұйымдар үндестігі өте әсем көрінеді.

Сіркелеу тәсілімен жасалған білезік, жүзік, сақина, алқа, өңіржиектер Қазақстанның батыс, оңтүстік аймақтарында кездеседі. Сіркелеу тәсілімен негізінен геометриялық өрнектер түсіріледі. Күміс бетіне сірке түсіру үшін жіңішке етіп созылған сымдарды ұсақтап турап, оны екі жалпақ темірдің арасына салып, айналдыра домалатудың нәтижесінде күміс кесінділерін біркелкі домалақ сіркеге айналдырады. Күміс бұйым бетіне “бура” деп аталатын ақ үгітінді — дәнекер себебі. Белгілі бір тәртіппен қажетті геометриялық өрнектер жасай отырып, әрі жайлап қыздыра отырып, күміс сіркелерді сеуіп отырады. Себілген сіркелер дәнекерленіп күміс бетіне жабысып қалады. Сірке түсірілген бұйым бетіне асыл тастар, шынылар орнату арқылы көркемдей түскен. Асыл тас қондырып, тас бетін сіркелеу әдісі күрделі болса да, мұндай бұйымдар жиі кездеседі.

Шеку тәсілі құю әдісімен дайындалған тана, білезік, жүзік, сырға сияқты күміс бұйым бетіне өрнек салуға қолданылған. Ұшында оюдың бедері бар шапқы немесе қадаубасты бұйымға батыра соғу арқылы ою түсірген.

Алтын жалату, алтынмен булау әдісі Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде жиі кездеседі. Алтындалған сәндік бұйымдар қымбатқа түсетін болғандықтан, оларды ауқатты адамдар жасатқан. Бетіне сынаппен араластырылған дәнекер себілген күміс бұйымға алтын ұнтағы қоса себіліп, отқа қыздырғанда алтын жылдам еріген. Алтын жалату, аптау немесе булау үшін күміс бетіне алтын ерітіндісін түтікпен үрлеп жайған /45, - 92б./ Алтынмен булау деп атау себебі, бұйымды қыздырғанда себілген сынаппен бу шығып, алтынның берік жабысуына жағдай жасайды. Күміс бетіне жайылған алтынның жұқалығы сондай, күміс бетіне түсірілген ою-өрнек, бедерлер анық көрініп тұрады.

Күміс қақтау әдісі әйел әшекейлері ішінде көбіне әйелдердің белдіктерге қадалатын күміс пластинкалар дайындауға қолданылды. Ол үшін темір пластинканың беті аздап шабылып, оны қыздыра отырып, күмісті балғамен таптап бекітеді.

Оюлау бедер салынатын заттың үстіңгі бетіне кескіш аспаптың өткір жағымен қашау арқылы жүргізіледі. Қисық жері егеумен егеліп тасталады. Жіңішке сызықтар өткір біздермен жүргізіледі. Оюлау әдісі сырға, білезік, түймелер жасауда қолданылады.

Кептеу тәсілі сәукеле, сырға салпыншақтарын, үй жиһаздары бетіне шегелейтін күміс әшекейлерін жасауда қолданылды. Ол үшін ақ күмісті жұқартып қақтайды да, арнайы қалыпқа қорғасын кесегімен қоса балғамен соғу арқылы дайындайды.

Дәнекерлеу — металл бұйымдардың бөліктерін, ұштарын бір-бірімен балқыған металл немесе металдың қоспасы арқылы жымдастыру. Дәнекерлеуші металл балқып, сұйық күйге айналғанда дәнекерлейтін металл бөліктерінің қаттылығын сақтау үшін, дәнекердің балқу температурасы дәнекерленетін металл температурасынан төмен болуы шарт. Дәнекерлеу жұмыстарында металл бөліктерінің бір-біріне байланысуын жылдамдатуға, әрі тотығудан қорғауға, әрі тазартуға септігін тигізетін химиялық қоспаларды **“тазартқы”** дейді. Балқу температурасы жоғары металға баяу балқитын қатты, ал балқу температурасы төмен металдарды дәнекерлеуге жылдам балқитын жұмсақ дәнекер қолданылады. Жылдам балқитын дәнекерді қалайы мен қорғасын қоспасынан даярлайды. Дәнекер сапасын арттыру үшін кейде аздаған мырыш, кадмий, висмут қосылады. Мыс немесе мыс қоспаларынан дайындалған қола, жез, мельхиор, нейзильбер т.б металдарды дәнекерлеу үшін мыс-мырыш, мыс-никель, мыс-фосфор, мыс-кадмий компоненттерінен тұратын дәнекер қолданылады. Күміс пен жездің немесе алтын, күміс, мыс қоспаларынан қорытылып, даярлайтын дәнекер **“кенсер”** деп аталады. Жұмсақ дәнекердің балқу температурасы + 61 градустен +183 градусқа дейін, ал қатты дәнекерлеу +700 градустан +810 градусқа дейі жетеді. Жұмсақ дәнекерлеу үшін тазартқы ретінде хлорлы мырыш, мусәтір, сұйық тазартқы, шайыр қолданылады.

Зергерлік бұйымдарды дәнекерлеу әдісі жөнінде М.Нығмет, К.Райымханова сияқты ізденушілер еңбегінде жан-жақты баяндалады /31, - 74-75 б; 34, - 9 б./. Зергерлік өнердің осындай дәстүрлі технологиясының бүгінгі күнге дейін келіп жетуі зергерлік өнердің өміршеңдігін көрсетеді.

Күміс бетіне күміс ойып салу — қазіргі заман шеберлері арасында кеңінен тараған. Ол үшін қағаз бетіне түсірілген оюды жұқа күміс бетіне жапсырып қиып алады да, білезік немесе сақина сияқты жасап жатқан бұйым негізіне дәнекерлеу арқылы қыздырып отырып қондырады.

Зергерлік құрал-жабдықтар

Қазақ зергерлері әр түрлі құрал-саймандарды пайдаланған. Зергер өз құрал-сайманын болса ұлына мұрагерлікке қалдырып отырған. Әрбір құрал-сайманды өзінің атқаратын қызметіне орай пайдаланды.

Көрік — көмейдегі отты үрлейтін түйенің мойын терісінен немесе ешкінің терісінен иленіп, ыңғайланып тігілген зат. Э.А.Масановтың зерттеуі бойынша, қазақтар арасында екі түрлі көрік кездеседі; біріншісі, иленген ешкі немесе қой терісінен жасалып, конус тәрізді қапқа ұқсаса, екіншісі сиыр терісінен жасалған түрі. Көріктің ауызында “күжі” деп аталатын тас болады. Көріктің үстіңгі қақпағының ортасына төрт бұрыш тесік шығарылып, іш жағына былғары немесе құрым теріден тіл орнатылады. Көріктің мойыны ағаштан істеліп, ішін ойып, тесіп қуыстай жасайды да, жүні қырылған тақыр терімен көрікке жалғастырылады. Көріктің үстіңгі бетіне қолмен ұстайтын тұтқа қайыс отырғызылады. Қос көрікті пайдаланатындар да бар. Оның аузында екі аша ағаш болады, жел шығар жері біреу. Көріктің ұстайтын “құлақшынын” қайыстан басады. Көрікті қазақ “киелі аспап” ретінде қастерлейді /15, - 45 с./. Көрік тұрса үстінен аттамай, айналып өткен. Келесі бір ұстаның көрігімен іс істейтін болса, көрікке алдымен ақтық байлаған. Бұл істің сәтті аяқталауын қалау болса, бір жағынан көріктің “киесінен” қорқу есебінде орындалған ғұрып. Көрік маталды балқыту үшін қолданылған. Сондай-ақ, қазақтың бақсы балгерлері ақсаған адамды көрікпен қорқытып емдеген.

Талыс — ірі қара малдың немесе жылқы, тайыншаның бас терісінен тігілген, зергердің құрал-саймандарын салып алып жүретін дорбасы /46, - 24 б./.

Төс — қатты шойыннан, шар болаттан жасалған, ағаш тұғырға қондырылған аспап. Төс темірді көріктің оң жағына орнатады. Төске салып соғу, ию, кесу, шабу, тесу, шындау, қақтау, пісіру, бұрау сияқты түрлі әдістермен, әр түрлі металды қыздырып, немесе су күйінде өңдеуге болады. Төстің құстұмсық төс, домалақ төс, шың төс деген түрлері болады.

Қысқаш — отқа қызған металды ұстайтын құрал. Қысқаш түрлері: “жадағай” – темір ұстауға, “таңдай” шеге суыруға, “қуыс тұмсық” жуан темірге қолданылады. Құс тұмсық, біз тұмсық, шымшық тұмсық, кемпір ауыз деген түрлері де бар.

Оқбақыр — ақ темірден, сол жақ ернеуі сүйірлеу келген, су ағары бар, қорғасын, қола, үре күміс, алтын қорытатын құтқалы ыдыс. Саз балшықтан балшық илеп, пышақты тығып, суын табу үшін суырады.

Қауашақ — жұқа қаңылтыр немесе саз балшықтан жасалған науа тәріздес ыдыс. Қауашаққа маталды құйып, суыған соң, шығарып алып, әрі қарай өңдейді.

Шаң балға, қадау балға — күміс кесегін, төске қойып жалпақ формаға келтіру үшін соғатын сайман.

Шымиуыр — металды дәнекерлеген кезде қысып ұстайтын көмекші құрал.

Үгіндірік — үгітінділерді және көмірді көсеуге арналған құрал.

Шекіме — асыл болаттан соғылған, екі жүзі шапқы тәрізді балға. Қақталған күмісті темірге бекіту үшін, бедер салу үшін қолданылады.

Іскенже — ұсақ бұйымды, кепсерді егеген кезде қысып ұстайтын шағын атауыз.

Таразы — бағалы металды, химиялық қоспаларды өлшейтін аспап.

Сымтартқыш — алтыннан, күмістен зер жасау үшін жіңішке сым тарту үшін керекті аспап. Аспапта жуаннан жіңішкеге дейін бірнеше сым тартатын тесіктер болады.

Кескіш — темірді, түсті металды белгілі-бір формаға келтіру үшін керекті құрал.

Жыланкөз — әсемдік үшін жасалған заттардың бетіне мәнер салу үшін қолданылатын аспап.

Зауыт — алтын, күміс тағы басқа металдарды қорытатын ыдыс.

Жорға біз, шимай біз — безендіру үшін ою-өрнек сызатын аспап.

Қадаубас, Торғай ауыз — зергердің қызған немесе отқа салып қыздырған кезде темірді ұстауына пайдаланылатын тар ауызды қысқашы.

Нақыш салғыштар — ұзындығы 8-9 см. болатын жарты ай, жұлдызша, дөңгелек сияқты әртүрлі үлгіде қайралған болат таяқшалар.

Түртпе — шапқы тәрізді, ұшы қиғаш қайралған балғамен қуалай соғып, металл бетін түзу, қисық сызықтар түсіруге қолайлы құрал.

Түтік — нәзік сымды дәнекерлеген кезде шоқты ауызбен үрлейтін конус тәрізді жез түтікше.

Бізділдік — “безеу біз”, кейде “мың ырғақ” деп атайды. Ұшы қашау тәрізді қайралған болат біз. Металға батыра, ырғай отырып өрнектің өресін толтыруға арналған аспап.

Егеу — құйма бұйымдарды, пластинкаларды, сондай-ақ, білезік жиектерінің қырларын қол кеспейтін етіп өңдеу, түзеу үшін қолданылады. Оның үш қырлы, төрт қырлы, жалпақ егеу, сопақ егеу деген түрлері болды.

Ысқыш — киіз қиындысы. Оны бұйымды жалтырату үшін ысқылауға пайдаланған.

Саусақ қалып — сақина, жүзіктің бауырын түзетуге арналған, бір жағы сүйір болаттан жасалған сайман.

Қалып — бедерлі өрнектері бар болат таяқша немесе балқыған металды құйғанда белгілі-бір форма беретін қорғасыннан, мыстан жасалған аспап.

Үкіаяқ қалып — бізге дейінгі келіп жеткен мәліметтер бойынша, XIX ғ. пайда болған. Үкі тырнағының бейнесін беретін күміс екі құйманы бір біріне қаратып, ортасына тырнақ ұшы сиятын қуыс қалдыра бекітіп, тұмаршалар, шаштеңгелер, шекеліктер үзбесін жасайды.

Сырға қалып — үлгіге салып, сырға соғу өнері Жетісу, Торғай, Қызылорда, Жамбыл облыстарына жиі кездеседі.

Тұмар қалып — үшбұрышты түрлі тұмарлар жасауға қолданылады.

Тамшы қалып — тұмар, үкіаяқ, алқа, шекелік, шолпы әшекейлеріне ілінетін салпыншақтар үлгісін береді.

Құсқанат қалып — сәукенің шұбыртпасын, күлдіреуішін жасау үшін қолданылады.

Құстұмсық қалып — қыздардың құстұмсық жүзігін қалыптан күйып дайындау ісі Сарыарқа өңірінде кеңінен етек алған.

Тана, түйме, сақина қалыптар — аты айтып тұрғандай әйелдің тана, түйме, сақина сияқты әшекейлерінің үлгісін құюға арналған. Сондай-ақ, форма беретін үлгісіне қарай ел ішінен қазіргі уақытқа **торсық қалып, қоза қалып, тасты алқа қалып, жүзік қалып, білезік қалыптар** келіп жеткен.

1907 жылы ел Баянауыл өңірінде зерттеу жұмыстарын жүргізген уақытта зерттеуші С.М.Дудин зергер құрал-сайманының толық жабдығын, түрлі қалыптарымен алып музейге өткізген. Қазіргі таңда бұл құрал-сайсандар ҚРОММ-нің құнды жәдігерлерінің бірі болып отыр /10, - 72 с/

Зергерлер құрал-саймандарды өздері дайындады немесе темір ұстасына соқтырып алды. Зергерлік құрал-саймандардың көне үлгілері қазіргі таңда Монғолия жерінде өмір сүріп жатқан қазақ ұсталары арасында кезігеді. Көненің көзіндей болатын ел арасында сирек те ұшырасатын зергерлік жабдықтар ертедегі ұсталық өнердің мектебіндей десе болады.

Қорытынды

Қазақ халқының талай ғасырлық тарихына бойласақ, ел іші он саусағынан өнері тамған өнерпаз саңлақтарға кенде болмағандығын көреміз. Қазақтың ертедегі бізге беймәлім шеберлерін былай қойғанда XIX ғ. екінші жартысында аты әйгілі Мұрын жырау (Тілеген Сеңгірбаев) темірден түйін түйген, алдынды күміске байлаған бесаспап шебер зергер болған. Сондай-ақ, Жүсіп, Мақамбет, Күмбетбай, Тәутен, Әбдіғали, Шаяхмет, Сейтен, Мұхаметжан, Шері, Аяған сияқты зергерлердің ел арасында аты аңызға айналған. Белгілі қазақ шеберлері мен зергерлерінің біразы 1916 жылы Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Амангелді батырдың соңына ерген сарбаздарға қару-жарақ жасауға негізделген ұстаханада қару-жарақ соқты. XX ғ. бірінші жартысында өмір сүрген Алданиязов Әлімбет, Аманжолов Қобан, Бекпенбетов Назархан, Бимағанбетов Тапай, Берсүгіров Палжігіт, Елікбаев Мырзахмет, Ерқожаев Ахмет, Жұмабаев Жармақ, Ошақбаев Рақымғали, Нұржаубаев Омар сынды зергер-шеберлердің қолынан шыққан асыл туындылар музейлер қорының негізіне айналып отыр.

Жоғарыда келтірілген деректер бізге дейінгі қазақ зергерлерінің ісі нағыз өнер деңгейіне көтерілген байқатады. Ертедегі зергерлер жасаған бұйымдардың тәуір үлгілерін бүгінгі зергерлердің өз творчестволарында қолдануы құптарлық мәселе.

Қазақ халқының зергерлік өнері бүгінгі мәдениетімізбен тығыз байланысып жатыр. Халық шеберлерінің асыл мұрасын сақтап келген ата-бабаларымыз кейінгі ұрпаққа мұра болып жеткен дәстүрлі өнерімізді бүгінгі таңда жалғастырып, өркендетіп жүрген шеберлер елде көп.

Кең байтақ Қазақстанның ұлттық ортақ қолөнерінің сарқылмас бай мұрасын кеңінен игеру, оны халық кәдесіне жарату жолында, әсіресе соңғы кезеңдерде қыруар игі істер жүзеге асырылып келеді. Соңғы кезеңдерде жыл сайын өткізілетін “Орта Азия қолөнер шеберлерінің көрмесіне” Қазақстандық шеберлердің құлшына қатысуының қазақтың зергерлік өнерінің қазіргі таңда дамып, үрдіс алуына әсері мол.

“Шешеннің тілі ортақ, шебердің қолы ортақ” дегендей халқымыздың таңдай қақтырған қолөнерін алдағы уақытта дамытып, жітілдіру үшін жас шәкірттер даярлаудың маңызы зор.

Қазақтың сәндік қолөнері — біздің ұлттық мәдениетіміздің құрамдас бір бөлігі. Оны дамыта отырып, ертедегі халық шеберлерінің өнегелі істерін жас ұрпақтарға насихаттау, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыра беру аса құрметті және игілікті іс болып табылады. 1960 жылдардың өзінде республикамызда 150-ден астам зергер болған екен. Бұлардың ішінен республикалық көрмелерге қатысып, жүлделі орындарды иемденген көптеген зергерлер өз тәжірибесін ортаға салып, талантты жастарды баулып, зергерлікке үйреткен. Мысалы, А.Қошқарбаев, А.Абылаев, И.Баймағанбетов, Ә.Беков,

Н.Дүйсенкұлов, Қ.Смағұлов, Б.Нұржанов, А.Есалиев, Н.Насибуллин, Л.Маширова, А.Кобландин, Р.Рақымбеков сияқты зергерлердің ұстаздық мектебінен көптеген жастар шындалған.

Жоғарыда айтылғандай, ертедегі ата-бабаларымыздың қолөнер шеберлерінің үлгісін сақтап, жас ұрпақтарға ұстаздық көрсетіп, өзінің мектебін қалыптастырған ұстаз-шебер Дәркембай Шоқпарұлының есімін атағым келеді.

“Кен асылы жерде, сөз асылы елде” дегендей, өнер халықпен бірге жасап келеді. Бүгінгі күнгі зергер-шеберлер Естай Дәубаев, Берік Әлібаев, Алмас Сейсекенов, Түгел Оразов, Нәдірбек Жәэреншиев, Алмас Сейфуллин, Нұрлан Бектұрсынов, Азамат Дүйсеналиев, Серік Рысбеков, Сержан Башировтардың туындылары Халықаралық және Республикалық көрмелерде қойылып жүлделі орындарды иемденуде. Мәселен, 1999 жылы Халықаралық “Азия Дауысы” фестивалі көлемінде өткен шеберлер конкурсына Сержан Баширов ұсынған бесбілезік үлгілері Гран-При жүлдесін иемденсе, Серік Рысбеков жасаған эмальмен өрнектелген алқа, Нәдір Жиреншиев жасаған әйел әшекейлерінің жиынтығы және асыл тастармен өрнектелген қылыш қынымен жүлделі орындарды иемденді. Ал, Естай Дәубаев 2000 жылы орындаған “Қорқыт” деп аталатын қобыз бейнесіндегі алқа шетелдік көрмелерге шығарылып, каталогқа енді.

1990-1993 жылы қазақтың ұлттық қолөнерін дамыту мақсатында Алматының Көкшоқы ауданында “Шеберлер ауылы” бой көтерді. Қазіргі таңда шеберлер ауылы шетелдік қонақтардың ат басын тірейтін жеріне айналып отыр. Осы ауылда күн сайын жұмыс істеп тұратын қазақтың қолөнер бұйымдарын сататын дүкен-жәрмеңкелерден ауыл шеберлерінің озық туындыларын көруге болады.

Қорыта айтқанда, қазақтың зергерлік өнері өміршең, ұлттың мәдениетіміздің сарқылмас бұлағы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақышев К. Археологиялық аса бағалы ескерткіштер. // Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: Қазақстан, 1966.
2. Агапов П., Қадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата, 1979.
3. Қадырбаев М.К. Новые материалы по истории ранних кочевников Казахстана // Известия АН КазССР. Серия истории, археологии и этнографии. Вып.1/18. Алма-Ата, - 1962.
4. “Социалистік Қазақстан” // 1986, 11 қыркүйек.
5. Древнее золото Казахстана. Алматы: Дидар. - 1998.
6. Древняя бронза Казахстана. Алматы: Дидар. - 1998.
7. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. СПб., 1773. Ч.1.
8. Дудин С.М. Киргизский орнамент // Восток, М., Л., - 1925. Кн.5.
9. Шнейдер Е.Р. Казахская орнаментика. // “Казахи”. Л., - 1927. Вып. 2.
10. Казахи: Историко-этнографическое исследование. Алматы. Казахстан, - 1995.
11. Востров В.В. Некоторые изделия казахских мастеров – зергеров (по материалам этнографической экспедиции 1955г.) // ТИИАИ КазССР. Т.6. - 1959.
12. Востров В.В. Некоторые вопросы этнографии казахов Кзыл-Ординской области // ТИИ АН КазССР. Т.18. Алма-Ата. 1963. - С.30-50.
13. Масанов Э.А. Кузнечное и ювелирное ремесло в казахском ауле во второй половине XIX нач. XX вв. // ИИАЭ АН КазССР. Т.12. Алма-Ата, - 1961.
14. Масанов Э.А. Условия труда и бытовой уклад казахских ремесленников “вторая половина XIX – начало XX вв.” // Известия АН Каз ССР” Серия истории, археологии и этнографии, Вып. 1. Алма-Ата, - 1961.
15. Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии // Советская этнография. - 1976. N4.
16. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы. Өнер, - 1987.
17. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар. - 1996.

18. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алматы, - 1981.
19. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алматы : Өнер, - 1986., Т.3. - Алматы: Өнер, - 1994.
20. Захарова Н.В., Ходжаева Р.Д. Мужская и женская одежда казахов XIX – нач XX веков: Материалы и исследования по этнографии казахского народа // ТИИАЭ АН КазССР. Т.18. Алма-Ата. - 1963.
21. Захарова Н.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда (XIX – нач XX веков). Алма-Ата, - 1964.
22. Токтабаева Ш. Функция казахской традиционной одежды // Известия НАН РК: Серия общественных наук. 1994. N1, -С.11-17.
23. Токтабаева Ш.Ж. Семантика казахских женских украшений // Советская этнография. 1994, N1, - С.101.
24. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. Алматы: Өнер, - 1996.
25. Джанибеков У. Эхо. Алма-Ата. - 1991.
26. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата. - 1982.
27. Токтабаева Ш.Ж. Казахские ювелирные украшения. Алма-Ата: Өнер. - 1985.
28. Бәсенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. М., -1970.
29. Оразбаева Н.А. Народное декоративно-прикладное искусство казахов. Л., - 1970.
30. Тохмуратов А. Казахское прикладное искусство. Алма-Ата, - 1981.
31. Райымханова К.Н. Ата кәсіп. Алматы, 2001.
32. Райымханова К.Н. Зергерлік өнер // Қазақ тарихы, 1996. N5. – Б.26-30.
33. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, - 1995.
34. Нығымет М. Қазақтың ұлттық қолөнері. Өлгий. - 1991.
35. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, - 1997.
36. Туркестанская выставка // Туркестанские ведомости. Ташкент, 1886. 18 ноября.,1890. N15. - С.57., 1891. N57.
37. Михайлов М. О торговых пошлинах // Туркестанские ведомости.Ташкент, 1880. 25 ноября.
38. Гр. Андреев. Туземное кустарное производство в Туркестане // Туркестанские ведомости.Ташкент, 1915. N219.
39. Е-вич. Кустарные промыслы в Туркестане // Туркестанские ведомости. Ташкент, 1913. N 3. 8 марта. - С.2.
40. Қазақтың ұлттық киімдері. Алматы: Жалын, - 1976.
41. Казахская национальная одежда. Алматы : Дидар. - 1998.
42. Тельжанов. Государственный Музей искусств Казахской ССР. Альбом репродукций. Алма-Ата: Өнер. - 1981.
43. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. Алматы, - 1991.
44. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнические очерки) Алматы:Қазақстан, - 1998.
45. Жүсіпов А. Фәниден бақиға дейін. Алматы: Қайнар, - 1994.
46. Картаева Т. Қазақтың халықтық қолөнері // Зерде. 2001. N 2. - Б.24-25.
47. Тимошинов В. Култорология: Қазақстан, Евразия, Восток, Запад. Алматы, - 2001.

Лекция 8-9 Тұрмыстық және шаруашылық бұйымдар атрибуциясы мен сипаты ҚРМОН қорындағы /КП 9148/ номерлі әйел ері және ат әбзелдерінің атрибуция (атрибуция авторы Т.Е.Картаева)

Ежелден көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үшін салт көліктің негізгі түрі болды. Қазақ халқының өмірінде ер-тұрман жабдықтарының алатын орны ерекше болды.

Ер-тұрман жабдықтарын өндіру тәсілдері мен оны күнделікті өмірде пайдалану жолдары қазақ қауымының ежелден бергі әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас мәселелерімен де тығыз байланысты.

Өзіндік ауқаты бар қазақ отбасы өз бетімен салт жүруге жараған барлық балаларына түгелдей ер-тұрман дайындайтын. Ал, кебір кісілер баласы туысымен-ақ атақты ершілер қосқан тамаша ер, сәнді тұрмандарын дайындауға қамданатын. Ер бала 4-5 жасқа толғаннан кейін-ақ **“ашамайға”** отырғызып, атқа мінуге үйреткен. Ашамай үлгісі 2 залда қойылған. Ер балаға арнап жасалған ер үлгілері де музей қорының коллекциясына еніп отыр.

Ер қосу ісін кәсіп еткен шеберді қазақтар **“ерші”** дейді. Қалалық және қалаға жақын маңда тұратын ершілер әдетте ер-тұрманды өз үйінде, өз заттарынан жасап, базарларға апарып сатқан. Қаладын жырақ жерде, көшпелі халықтар арасында тұратын ершілер өз үйінде, көбіне тапсырыс берушінің үйінде жасаған. Қалалық жерде ер ақшаға сатылатын болса, тапсырыспен жасаған ерге күрделілігіне қарай қой, құлынды бие алған.

Ер- тұқрман жасаушылардың құрал-саймандарын үш топқа бөлуге болады. Ердің соқа басын ғана әшекейсіз қосу үшін – **ара, балта, шот, ойыс, жүзді шот, қуысқұлақ, үскі, ыңғыру, пышақ, түрпі, қашау, балға, тістеуік** сияқты құралдар қолданылды. Ердің жұмсақ жабдықтарын жасау үшін пышақ, біз, мүйіз сызғыш, былғары бетіне өрнек түсіру үшін – темір талшықтары мен өрнекті ағаш қалыптары пайдаланылды. Ал, ердің темір және күміс әшекейлерін жасау үшін темір ұсталары мен зергерлердің саймандары толық пайдаланылды.

Қазақ ершілерінің арасында еңбек бөлінісі болды. Көпшілік жағдайда ердің ағашын ерші шапса, қайыс, былғарыдан жабдықтарын екінші шебер жасаса, күміс әшекейін зергер жасап беретін. Ер-тоқым бүкіл жабдықтарымен бір ершінің қолынан шығып та жатты. Ер-тоқым жасауға **ағаш, темір, жез, алтын, күміс, асыл тастар, түрлі-түсті шынылар, сүйек, былғары, көн, шұға, барқыт, киіз, қыл, тарамыс, желім, тоз** сияқты заттар жұмсалады.

Ер-тұрмандардың жасалу үрдісінің Қазақстан жерінің әр өңіріне қарай қалыптасқан аймақтық ерекшеліктері болды. Осы ерекшеліктеріне қарай **“қазақ ері”, “шошақ бас ер”, “үйрекбас ер”, “құранды ер”, “құранды ер”, “қозықұйрық ер”, қазық бас ер”, “қан бас ер”, “найман ер”** деген атаулар да қалыптасқан. Бұлардың ішінде қазақ арасында кең тарап, Қазақстанның көптеген облыстарын, атап айтқанда Шығыс Қазақстан, Семей, Талдықорған, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қостанай, Орал, Қарағанды облыстарын қамтығаны - **“қазақ ері”**.

Қазақ ері қайың ағашының бес бөлегінен қосылады, яғни екі қас, екі қаптал және орта ағаш деп аталатын бөлшектер жеке-жеке шабылып барып біріктіріледі. Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарындағы ершілер ердің қастарын жуан қайыңның шірімеген түбінен де шабатын. Бұл үшін бірнеше қайың кесіндісінің қабығын аршып кептіреді немесе шірімеген қайың түптері кездесе, оны топырағынан арылтып, арамен кескілеп, қас шығатын жерлерін таңдап алады. Біраз уақыт жел қағып, дегдігеннен кейін дайындалған кесінділердің барлығын балтамен немесе шотпен ойып жеңілдеті алып тағы да кептіреді. Ер бөлшектері шабылып болып, тек өңдеу жұмыстары қалғанда тұзды суға қайнатып алып көлеңкеде кептіреді. Тұзды суда қайнатылған ағаш еш уақытта қаңсымайды, жарылмайды. Ердің барлық бөлшектері өңделіп дайын болған соң, оларды арнайы қалыпқа салып қайыстырады да, қас етектері мен қапталдардың астасатын тұстарын қуысқұлақпен тесіп, шегелейді. Шегені, әдетте, қаңылтырдан немесе жезден түтікше тәріздендіріп жасайды. Ердің орта ағашы әр уақытта таспамен жан-жағынан көктеліп орнатылады. Кейде қазақ ерлерінің барлық бөлшектері таспамен көктеу арқылы біріктіріледі. Қосылған ердің сыртын түрпімен, пышақпен, шыны сынықтарымен қырнап өңдейді.

Қазақ ерінің жалпы қосылу технологиясында аймақтық ерекшеліктер байқалмайды, олардың ерекшеліктері пішіні мен әшекейлеу тәсілінде болып табылады.

Қазақ ері көп тараған Қазақстанның қай жері болмасын **әйел ерін** жасауға үлкен мән берген. Әйел ері мініс құралы ретінде, тұрмыс қажеттілігін өтеп қана қойған жоқ, ол халықтың эстетикалық талғамын, тіршілікке деген құлшынысын арттырды десек артық болмайды. Әрі ер-тоқым ұзатылар қыз жасауының басты бөлігі болды. Ұзатылар қызға, қыз ата-анасы аты шыққан ерші-ұсталарға, зергерлерге күншілік жерден келіп, немесе өз үйлеріне алдыртып тапсырыс берген. Жасалған ер-тоқым тапсырыс берушінің көңілінен шығып жатса ұстаны қадірлі қонақ ретінде күтіп сый-сыйапат берген. Әйел ері қашанда сүйегі ауыр, әшекейі мол болып жасалатын. Әйел ерлерін жасауға ершілер өнерін, ал жасатушылар қаржысын аямаған. Әйел еріне керек жабдықтар тоқым, үзеңгі, құйысқан, өмілдірік, жүген, айыл, тартпа бәрі бір ғана шебердің қолынан шығатындықтан, олардың ісі біркелкі болатын. Әйел ерінің алтындалған түрі өте сирек кездеседі. Күмісті темір бетіне шабу, қақтау, кіріктіру тәсілдері арқылы орындаса, алтындау әдісін жалату арқылы орындаған. Осындай алтындалған әйел ерінің керемет бір үлгісі біздің Орталық Мемлекеттік Музейдің коллекциясына еніп отыр. Бұл әйел ері барлық жабдықтарымен қоса атақты Шығыс Қазақстандық ерші Нәби Кәрібаевтың қолынан шыққан. Бұл ер-тоқымды Көлбай қажының арнайы тапсырысымен 1937-1938 жылдары Қытайдың Цинзянь өлкесінде жасаған /КП 9148/. Ел аузындағы мәліметтер бойынша Нәби ұста Көлбайдың үйінде алты ай бойы тұрып жасаған. Ер сүйегін дайындау кезеңін қосқанда тоғыз ай уақыт кеткен. Еңбек ақысына құлынды бие алған көрінеді. Көлбай қажының ұрпақтары қазірде Семей облысының Ақсуат ауданында тұрады. Ұрпағының бірі Бекмұрзаевтың кезіндегі музей қызметкерлеріне айтуы бойынша ер-тоқымды 100 қой беріп өздеріне қайтарып алған. Бұл ерге керекті жабдықтардың бәрі бір Нәби ұстаның қолынан шыққан. Ер әдеттегі әйел ерінің пішініне сәйкес алдыңғы қасы биік, артқы қасы отыруға жайлы көлемді келген. Ердің алдыңғы және артқы қастары күміс қақталған темір пластинкалармен жабылып, бетіне өсімдік тәріздес оюлар бейнесі жүргізілген. Күмістелген пластинкалардың ортасынан әртүрлі ажурлы өрнектерді ойып алып отырған, және бұл оюлар көріну үшін астынан қызыл барқыт салынған. Пластинкалар бетіне алтын жалатылып, қызыл түсті шыны әшекейлер қондырылған. Алдыңғы қасының үсті мен төменгі жиектеріндегі күмістелген көмкерулерге араб таңбасымен ұста төмендегідей қолтаңба қалдырған:

Қажекем бұйырған соң істеп бер деп,
Кәрібаев Нәби ұста соққан ері,
Нақыштап неше түрлі бұтақ гүлден,
Мүбәрәк құтты болсын Қажағана,
Көрген жан тамаша етіп қалсын таңға
Болғанын байқап білер
Көзі ашық көңілі зерек милы адамға, - деген автор.

Бұл ер-тоқымның жиынтығы қазіргі таңда Орталық музейдің құнды коллекциясының бірі болып отыр. Музей бұл ер-тоқымды 1956 жылдың 10 тамызында 2500 сомға сатып алған. Айтып отырған ер-тоқым барлық жабдықтарымен 2 залға қойылған.

Әйел ерінің алдыңғы қасына бірден үшке дейін түрлі-түсті шынылар немесе ақық, маржан сияқты табиғи тастарды орнату тәсілі Қазақстанның барлық аймағында кездесті. Түрлі түсті шыныны шеберлер қолдан құйған. Ол үшін шыныны балқытып, оған бояу қосып, арнаулы қалыпқа құйып ерге орнатарда астына шүберек төсеген. Тапсырыс берушінің қалауына қарай кей ерде тастың саны 20-30-ға жетіп жатты. Орталық Музейде сақталған әйел ерінің бірінде 31 көз орталылған /КП – 9670/. Бұл ерге қондырылған маржан тастардың араларына көгілдір эмал құйылған.

Қолда бар деректерге қарағанда әйел ерлерін әшекейлеудің бірнеше тәсілінің болғандығы белгілі. Әйел ерінің алдыңғы ртқы қастары тұтасыман күміс шабылған темірмен қапталып, бетіне өткір бізбен қошқар мүйіз, сынар мүйіз, геометриялық фигуралар және өсімдік тәріздес түрлі өрнектерді ойып алады. Күміс астына салынған

шұға немесе барқыт әсерінен ойылған ою айқын көрінеді. Оюлар сызу (гравировка) арқылы да түсіріледі.

Ерлерге арналған қазақ ерлерінің сүйегі жұқа және ықшам болатындықтан, олар өте жеңіл келеді. Күміс әшекейлері де шағын, ықшамды болады. Қазақстанның солтүстік аудандарында ерлерге арналған ерді қайыңның безінен шабатын ершілер кездескен. Бұйраланған қайың безінен қосылған ерді өсімдік майымен майлап, реңін келтірген. Мұндай ерлер көп әшекейді қажет етпеген.

Ерлерге арналған ердің алдыңғы қасы көбіне айшық етіп ойылып, айшықтың екі басына және қастың ортасына ақық тастарды орнату ісі етек алған.

Ерлердің ерін әшекейлеуге мүйіз бен сүйек те жиі қолданылған. Сүйектерді алдын-ала өңдеп дайындап алып, ердің алдыңғы және артқы қасына белгілі бір симметриялық тәртіппен орнатады.

Өзінің сыртқы пішіні жағынан аздап болса да ерекшелеу **қазақ ерінің** бір түрі – Алматы облысының оңтүстік-шығысы мен Семей облысында кездесетін ерлер. Бұлардың жалпы кескіні, әшекейлену және өңделу тәсілдеріне қарағанда, қырғыз және Алтай-Саянда мекендейтін Сібір халықтарының ерлеріне ұқсайды. Бұл ерлердің қасы да етегінен жоғары қарай қушия көтеріледі де, дәл төбесі дөңгеленіп бітпей, үсті түзуленіп, йығы бұрышталып шабылады. Артқы қасы алдыңғысына қарағанда кейін қарай сәл ғана көлбеу орналасады. Әдетте мұндай ерлер төрт бөлек ағаштан шабылады, орта ағаш тұтас шығырылып, бір-бірімен қайыс таспа арқылы көктеліп біріктіріледі.

Жамбыл облысының оңтүстік-шығысы мен Алматы облысының оңтүстігінде мекендейтін қазақтар арасында көп тараған ердің бір түрі – **шошақбас ер** деп аталады. Шошақбас ерді 4-5 бөлек қайың, қарағаш немесе емен сияқты берік ағаш кесінділерінен шауып қосады. Ердің жеке тұстарын бір-бірімен шеге арқылы ұстатады. Ерді сәндеу мақсатымен оның алдыңғы қасының айнала шеттерін күміс, жез сияқты металдармен көмкереді. Сүйектен, мүйізден де әшекейлейді. Мұндай ерлердің үстіне былғарыдан немесе киізден көпшік шегеленеді. Шошақбас ер жасау ісінен Алматы облысы Кеген ауданының ершілері көзге түседі. Жамбыл және Алматы облысының кейбір жерлерінде шошақбас ерді бір бөлек қарағаш кесіндісінен тұтас шауып шығарады. Бұл үшін ердің ұзындығындай қарағаш кесіндісін бірнеше күн суға салып, жібітіп алып, балтамен шауып, кейін шоттармен өңдейді. Өңдеп болған соң, тұзды суда қайнатады. Бұдан кейін көлеңкеге қойып кептіріп, түйе көнімен қаптайды.

Құранды ер – көбінесе Оңтүстік Қазақстанда, Қарағанды облысының шығыс жағы мен Ақмола, Қостанай және Алматы облысының оңтүстік аймағында кездеседі. Мұндай ерлер 18-20 бөлек ағаш кесінділерінен құралып жасалады. Құранды ер жасау үшін терек, жиде, тал сияқты жұмсақ әрі мықты ағаштар қолданылады. Мұндай ағаштарға желім де тез сіңіп, жақсы желімденеді. Құранды ер бөлшектерінің өзіне тән атаулары болды. Алдыңғы қастың негізі болып табылатын **оқпан** - екі бөлік ағаштан құралады да қастың **оң жақ, сол жақ** беттерін құрайды. Оқпанның арт жағынан жапсырылып екі бетті біріктіретін бөлігін **желкебасар** десе, алдыңғы қастың бүркіт қабақтанған екі айыр басын **қас**, артқы қасын **керсен** дейді. Оның ортасы бір бөлек шабылады да, екі шетіне **қанат** деп аталатын қосымша қондырғылар желімделеді. Екі қасты қапталдармен ұштастыру үшін ердің екі жағынан ұзыншақтау **қоспа ағаш** қиыстырылады. Ердің үстін жауып тұратын бөлігін **орта** немесе **бел ағаш** деп атайды. Алдыңғы қастың түбінен қаптал басының үстіңгі жағынан **кепіл ағаштар** жапсырылады, ал, қас пен қапталдың аралығынан **тіреуіштер** қойылады. Ердің мұндай толып жатқан бөлшектерін бір-бірімен біріктіру үшін олардың астасатын жерлерін алдын-ала тегістеп бірнеше қайтара желім жағып кептіреді. Желімделген бөлшектер әбден кепкенше ауыр нәрсемен бастырып немесе арнаулы қысқашпен қыстырып қояды. Ердің негізгі сүйегі әбден кепкеннен кейін оған түгелдей тарамыс талшықтары араластырылған желім үш қайтара жағылады. Әрбір желім қабаты көлеңке жерде кептіріледі. Ал, қыстың күні жылы үйде кептіреді. Жарылып кетпесін деп күн көзінге шығармайды, қыста отқа жақындатпайды.

Сән іздеген серілер мен ел әкімдеріне тән құранды ерлердің бірі біздің ОММ коллекциясына еніп отыр. Ердің сырты қалың былғарымен қапталып, алдыңғы қастың бетіне түрлі әшекейлер қондырылған.

Қазақтың ер-тұрмандарының құрамына **қамшы** да кіреді. Мұны кей жерлерде “атжүргіш” деп те атайды. Өйткені қамшы негізінен көлікті жүргізу үшін қолданылады. Керек болған жағдайда қамшы қару есебінде де қолданылған. Сондықтан Ш.Уәлиханов қамшыны қару-жабдықтардың қатарына қосады. Қару есебінде жасалатын қамшының сабы салмақты, өрімі жуан және ұзын болумен бірге, кейде өрімге темірден өзек салып дайындаған.

Қамшы үш бөлімнен, яғни сап, алақан және өрімнен тұрады, әрқайсысы әр заттан жеке дайындалып барып біріктіріледі.

Қамшы сабын тобылғыдан, ырғайдан, тауешкі және ақбөкен мүйіздерінен немесе елік сирағынан жасайды. Оның қолға ұстайтын ұшын былғарымен қаптап, қайыстан бүлдірге тағады. Кейде қамшы сабының сыртын түгелдей былғарымен қаптап, күміспенде әшекейленетін. Сабын толық күміспен қапталатын қамшыны әйелдерге арнап жасаған. Еркектерге арналатын қамшының сабына темірден бауыр салып, қайыс таспамен немесе жезбен орап тастайтын. Бұл қамшы саптарының әдемілігімен қоса беріктігін де арттыратын. Мұндай қамшыны халық арасында “сарала қамшы” деп атайтын. Алақаны ылғи қалың былғарыдан екі қабат болып жасалады. Алақаны қалың былғарыдан жасалады. Жалпақ жағынан өрім ұштасады да екінші жіңішкерген ұшы саптың бауырына бекітіледі. Қамшы алақанына сап пен өрімнің арасындағы дәнекер деп қарауға да болады. Қамшы өруге де шеберлер барлық өнерін салған. Сабына еліктің, киіктің тұяғын, асыл тастар бекітілген күміс құймалар орнатқан.

Қамшының қазақтың тұрмысында қолданылатын аясы кең болған. Ат үстіндегі ешуақытта қолынан қамшы тастамаған. Қамшына қадірлеп жоғарыға кереге басына іліп қойған. Қыз ұзатқанда ата-анасы жасау ретінде ер-тұрман жасатса, қамшыны қоса жасатқан. Сондай-ақ қазақ емшілері, бақсылары қамшыны емдік құрал бірі ретінде шыншайтанды кумалау үшін де қолданған. Ұл баланы алғаш ашамайға отырғызғанда, сүндет той жасағанда оған арнап бала қамшы жасатқан.

Қамшы қазіргі таңда да өзінің қолданыстағы мәнісін жоғалтпай келеді. Үйінің төріне немесе босағасына қамшы іліп қоймайтын қазақ кемде-кем. Сыйлы азаматқа қамшыны сыйға тарту ата-баба бәстүрінің жаңғыры деуге болады.

Ер қосу өнерінен ел арасында Павлодар облысынан Әбдікәрім Есалиннің, Баянауыл ауданынан Қадыр Байжановтың, Мақаттың атағы шыққан.

ҚРМӨМ қорындағы самаурындар атрибуциясы және қазақтардың шәй ішу дәстүрі (ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің антропология және этнология орталығының жетекшісі, т.ғ.к. Досымбек ҚАТРАНның материалы бойынша)

Тағамдар жүйесі этностың өмір сүріп отырған экологиялық қоршаған ортасына тығыз байланысты болып, оның шаруашылық-мәдени іс-әрекетінің ерекшелігін айқындайды. Тағамды дайындау мен оны өндіру барысы бүкіл тарих бойында адамзат қауымының түрлі топтарының мәдени-тарихи, экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктері айқындалатын әлеуметтік этномәдени процесс болды. Қазақтардың тамақтану жүйесінің хронологиялық қабаттары мен субварианттарын бөліп шығаруда негізге алған “*негізгі қабатта*” (пласт) көшпелі малшылардың шаруашылық-мәдени типіне (бұдан әрі - ШМТ) байланысты элементтер - ет, сүт тағамдары және астық өнімдері кірді. Осы қабатта бұл тағамдардың барлық салттық, ғұрыптық қызметтері, түрлі той-жиындық және өлік жөнелтуге байланысты тамақтанулардың ұйымдастырылу мен атқарылу жүйесі,

тамақтану реті ондағы ұстанымдар, этикет, нормалар қамтылады. Алайда, “негізгі қабат” малшылық ШМТ-не дейінгі терімшілік пен аңшылыққа байланысты ежелгі “*субстраттық қабаттың*” да элементтерін қамтиды. Олар-жабайы өсімдіктерді шикідей жеу және отқа қақтап тұтыну, етті отқа қақтау, шоққа көму, оны теріге немесе қарынға салып жерге көміп, шоқтың астында пісіру сияқты байырғы тәсілдер. Мейлінше күрделі “*адстраттық-суперстраттық қабат*” кейінгі тарихи дәуірде пайда болды. Оның қалыптасуы XVIII-XX ғасырлардағы жандана түскен этномәдени байланыстардың нәтижесінде “негізгі қабаттың” дамуы мен жетіле түсуіне байланысты болды. Бұл қабаттың негізгі компоненттері тандырға, табаға қарыған нан түрлері болса, сондай-ақ бұдан әрі жетілдірілген түрі ет қосып дайындалатын самса, мәңгі, тұшпара, бәліш сияқты тағам түрлері болды.

Осы аталғандардың қатарында жеке жүйе құрай алмайтын, сырттан енген “*адстраттық*” құбылыстарға дәнді-дақылдан жасалған түрлі тағамдар - құймақ, палау, быламық, ботқа тағамдары енеді. «*Суперстраттық*» құбылыстар - дәмді тоқаштар, қант, тәттілер, *шай* және соңғы бірнеше ондаған жылда белгілі деңгейде көпшілік тұтына бастаған арақ-шарапты әкелді¹.

Шай б.з. I мыңжылдықтың басында тек оңтүстіктегі қытайларға ғана таныс еді. VIII-X ғғ. бастап Қытайға, Тибетке одан Жапонияға тарала отырып экспорттық тауарға айнала бастайды². Азияның басқа елдеріне шай б.з. II мыңжылдықтан бастап таралып, ең соңында ісләм мен христиан елдеріне жетті. Еуропаға шайды португальдықтар 1517 ж. Қытайдан әкеліп, 100 жыл шамасында тек португальдық бекзадалар ғана ішіп келсе, 1610 жылдан Голландияда, кейін Англияда таралуымен шай ішу модасы бүкіл Еуропаға жайылады. Осы арқылы шай саудасы да қызып береді.

Шайдың Ресейге алғаш келуі 1638 ж. Васили Старков деген елшінің әкелген Батыс Моңғолиялық билеушінің сыйға беріп жіберген шайымен басталады. Сусын патша мен бекзадаларға ұнап, 1670-жылдан бастап Мәскеуге тасымалдана бастаса да XVIII ғ. соңына дейін шай тек «қалалық» болып, Мәскеуде ғана сатылып келді³. 1714 ж. қымбат болғанына қарамастан Қазанда шай ішіле бастады. XIX ғ. аты аталған өлкелерде қандай да жиын-той шайсыз атқарылмайтын болды⁴.

Осылайша, әуелі жоғары мәртебелілерден басталып (*алғашқыда аса қымбат болуымен*), қара халық тұтына бастаған кезең (*сауда жолы көбейіп, арзандауына орай*), яки, XIX-XX ғғ. бастап шай жалпыхалықтық сипат ала бастады. Дәл осы аталған жолмен шай Орта Азияға да таралды.

Шайдың Орта Азияға таралуына қытайлар зор ықпал еткен болуы мүмкін дейді, шай тарихына көлемді мақала арнаған С.Н.Абашин⁵. XVIII ғ. орта шенінде қытай елшілері Қоқан билеушісі Ирданаға «жібек мата мен шай» әкеледі⁶. Қытайлар әркез Орта Азияға өз ықпалын жүргізіп келгені мәлім. Б.з. I мыңжылдығынан бастап қытайлар осы өңірге бірнеше дүркін үстемдігін орнатпақшы болды. Ортағасырларда қытай-орта азия қатынастары Манжурия мен Жоңғария жаулап алушылығы тұсында жандана түсіп осы кезде сауда арқылы шай көптеп тарала бастайды. Алайда, осы қатарлы т.б. деректер мен тұжырымдар негізінде Е.М. Пещерева шайды Орта Азияға таратқан моңғолдар деген пікірге келеді. Оның пікірінше, ортазиялықтар қытайлардан гөрі моңғолдармен әлдеқайда

¹ Катран.Д «Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті» А; 2002. 102-б

² Этнография питания народов Зарубежной Азии. Опыт сравнительной типологии. М., 1981. С. 128,155.

³ Похлебкин В.В. Чай и водка в истории России. Красноярск; Новосибирск, 1995. С. 366-370.

⁴ Бушков Р. Ароматы Востока // Татарстан. 1992. N 11/12. С. 92,94.

⁵ Абашин С.Н. Чай в Средней Азии: история напитка в XVIII-XIX веках.// Традиционная пища как выражение этнического самосознания. - М.: Наука, 2001.

⁶ Кузнецов В.С. Цинская империя на рубежах Центральной Азии (вторая половина XVIII - первая половина XIX в.). Новосибирск, 1983. С. 56.

тығыз байланыста болуында⁷. Әрі, қытайларға қарағанда «қалмақ» - «моңғол» ортазиялық халықтар үшін жат саналмайтыны хақ.

Ендеше, үстемдік етіп тұрған шағында жоңғар билеушілері ортазиялық билік өкілдеріне өздерінің әдеттері мен талғамдарын таңғаны, таратқаны белгілі құбылыс ретінде саналмай ма!? Солардың бірі – шайқұмарлық еді. Көптеген деректер бойынша XIX ғ. Орта Азия тұрғындары «шир-чой» немесе «қалмақ шай» деп аталатын сүтті шай ішу көп таралған еді⁸. Бұқтырып, қант қосып ішетін қазіргі кәдімгі шайдан бұл шайдың айырмашылығы – азықтық кенеуі, құнары бар тағамға жақын келуінде. Дайындалу мен ішу түрі негізінен ортазиялық түркі-моңғол халықтарына ортақ болып келеді: қазанда қайнатылған шайға тұз қосып (*татымы кәдімгі тамаққа қосатын мөлшерде*), сүт, қаймақ қатып, кесеге құйылған соң ішерде сары май қосып ішеді.

Шайдың осы түрі Шыңжан, Моңғолия қазақтарында әлі де тұтыныста. Шайдың осы күнгі түрі қазақтар тұрмысында XX ғасырдың басында ене бастайды. “Қашқар түркілерінде шай XVIII ғасырда белгілі бола бастады”⁹. Өзбектер шайды XX ғасырдан бастап іше бастаса¹⁰, ол Бөкей Ордасы халқының арасында 1861 жылдары, татарлар арқылы келгендігін, ал Каспий жағалауы халқы осы кезеңде тақта шай ішкенін С.Бабажановтың айтуынан білеміз. “Бұл әдетті олар сол маңда Күндария және Астрахан татарларынан үйренген... Өздерінің айтуларына сенсек, ілкі уақыттарда байлы-малды өмір сүрген, бірақ шайға көп шығындалып, содан жарлы-кедейленіп қалған” дейді¹¹.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде қазақтар тіршілікті қамтамасыз ету үшін, өзін түгелге жуық азық-түлікпен қамдайтын малды бағуға 88,8% күш қуатын арнаса, қалған 6%-і ұн өніміне, 5,2%-і шай, қант, тұз, т.б.-ларды табуға жұмсалады¹².

Шығыс Қазақстан өңірінің қазақтары егіншілік пен сауда жақсы дамыған Қара Ертіс пен Бұқтырма өзенінің бойын мекендейтін өзбек, дүңған, ұйғырлардан мал өнімі мен қолөнер бұйымдарына Алтайдан асып келіп жақындап жайлап күзегенде ұн, шай айырбастап алып қайтатын¹³. Жиһанкез зерттеуші бұл пікірін 1876 жылдарында жазғанына қарағанда XVIII ғасырдың соңынан шайға әбден үйрене бастаған сияқты. Олар әуелі ұсақ қағаз шайды көп пайдаланса, соңынан Қытай саудагерлерінің ел арасында сауда нүктелерін көптеп ашуына байланысты қазақтар енді қытайдың тас, дөре, опырма шайларын молдап қолдана бастады. Сондықтан да арасындағы айырбас сауда есебі “теңгемен емес тас шаймен жасалатын. Қой-2-3 шай, жылқы-15 шай”-деген сияқты күн өлшемі қалыптасты¹⁴. Оны қарызға беріп өсіммен қайтарып алатын¹⁵. Кейін де орыс және қытай саудагерлері арасындағы бәсеке күшейе түскенде астық пен шайдың бағасы екі есеге дейін арзандаған. Мәселен, кішкене төртбұрыш “дөре шай”... 1906 жылдары 1 рубль 50 копейка болса, 1909 жылы 80 копейкаға түсті¹⁶. Кейін осы ғасырдың басында ақшаның құнсыздануына сәйкес, әрі орыс қытай саудасынан шектелуіне байланысты зат тапшылығы ұлғайып, шай орнына шөп шай, өсімдік жапырақ, аршаның түбірі қатарлыларды қайнатып ішетін кездер де болған¹⁷. Қара тақта шайды монғолдарша тұз, сүт, май қоспастан қағаз шай (текстиде-байховый) тәрізді бықтырып ішеді. Абақ керейдің

⁷ Пещерева Е.М. Гончарное производство Средней Азии. М.; Л., 1959. С. 284.

⁸ Сонда... С.284

⁹) Сонда... С.283

¹⁰ Шаниязов К.Ш. Узбеки□-Карлуки. Ташкент. Наука, 1964. С.195 .

¹¹ Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. А.: Қазақстан, 1993. 21-б.

¹² Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. А.: Наука, 1980. С.102.

¹³ Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия исполн. в 1876□-1877 г. по поручению ИРГО. Спб., 1881. Вып. II. (материалы этнографические).С.78.

¹⁴ Казнаков А.Н. Монголия и Кам. Спб. 1907. Т. II. Вып. I. С.4.

¹⁵ Майский И.М. Монголия накануне революции. М. 1959. С.184.

¹⁶ Сапожников В.В. По Алтаю. М., 1949. С.51.

¹⁷ Сарай А. Революциядан бұрынғы қазақ халқы. Өлгий. 1992. 51-б.

Қобдамен қатынас жасайтындары қытайдың күрек сарышайын (текстiде-прессованный зеленый чай) қолданады¹⁸.

Сонымен, ел арасында қағаз (байховый), дөре, көзiр, сары, тақта, күрек шай аталатын түрлерi күнi бүгiнге дейiн пайдаланылып келедi. Мұнымен қатар шайшөп (бессмертник песчаный) қолданады. Ол биiк таудың терiскей бетiнде өсетiн ұзындығы 25-30 см жұмсақ түк басқан тамыр сабақты, сүйiр жапырақты көп жылдық өсiмдiк¹⁹. Шөп шайды шай шөбi деп те атайды. Осы шiлде, тамыз айларында гүлдей бастаған гүл себеттерi әлi толық ашыла қоймаған кезде бiр елiдей сабағымен қосып жұлып, жел қақтырып көлеңкеде кептiрсе ұзақ сақтауға жарайды. Мұнан басқа шөп қурайды да қолданады.

Сонымен, шайдың қазақтың ас тағамдар жүйесiнен бiршама берiк орын алғандығын жоғарыдағы қадау-қадау мысалдардан-ақ байқауға болады. Өткен ғасырда Маңғыстауда болған Р.Карутц “Қазақтар шайды орыстардан екi есе көп iшедi. Таңертеңгi тамақтануда жетiден он кесеге дейiн iшедi, оларды шайдан бөлiп ала алмайсың”-деген²⁰.

Қазақта ақ шай (сүт қосқан), қара шай, бордама шай, сарғасқа (май қосқан) шай, қарақат, ит мұрын салған шай, ет қосқан (сүрi) шай сияқты көптеген шай түрлерi болған. Бұл аталған шайлардың көбi маусымдық, ерекшелiктерiне байланысты әртүрлi iшiлсе, жыл бойы ең көп әрi жиi iшiлетiнi ақ, яғни сүт қатқан шай. Оны дайындаудың жалпықазаққа ортақ түрi болып табылатын бұқтырып дайындау тәсiлi бойынша әуелi бабына келтiрiп қою ету үшiн шәугiмге (жез, күмiс) су қайнатқан соң шайқалтадан шай салынып қайтадан қызыл шокқа қойып аздап бұқтырады. Шай құймас бұрын шүмек қайтарылуы керек. Шүмек қайтарудың мәнi-шүмек ұшындағы бояуға араласпай тұрған саманы қайта құю үшiн кесеге құйылған аз шайды қайтара құяды. Келесi мәнi-наным-сенiмнен туындап, шүмек ұшында ұшық болады, оның ұшығы қатты деп, сондықтан да шәугiмнiң шүмегiн есiкке емес төрге қаратып қою шарт. Үй иесi жас болсын, кәрi болсын, алғашқы кесе оған тиесiлi. Егер үй иесi үйде болмаса алғашқы кесе қалдырылып, онан кейiнгi кеселер ғана дастарқан басындағыларға ұсынылады. Шай (жалпы сусындар) өте сыйлы қонаққа қос қолдап ұсынылып, кейiнгiлерге аяқ, кесенi оң қолына ұстап, сол қолымен оң бiлегiн демеп отырып таратады. Әйтпесе бiр қолымен немесе сол қолымен ұсыну қонақтың келгенiн жақтырмау, менсiнбеу, көзге iлiп сыйламаушылық ретiнде қабылданады. Көп адамдық дастарқан басында шай құюшы қолынан шай алып берiп тарататын жасы ең кiшiден арнайы көмекшi болады.

Алтай қазақтары арасында болған Г.Е.Грумм-Гржимайло “...олар қара күрең шай (тексте-черный кирпичный чай) iшедi, моңғолдарша тұз, май, сүт қоспай қағаз шай (текстiде-байховый чай) тәрiздi бұқтырады. Қобда мен сауда қатынасы барларда қытайдың тақта (тексте-прессованный чай) сары шайын пайдаланады²¹. Кейiн аталмыш өлкеде Ресейдiң сауда құқы шектелуiне байланысты олар қытайдың шығымы аз түрлiше көзiр, десте (мәсте шай деп те атайды - М.Әуезов), тақта, күрек шайларын алып қолдануға мәжбүр болды. Осыған байланысты шай дайындаудың моңғолдық басқа тәсiлiне көштi. Яғни қазанға суды асқанда құрғақ шайды аздаған тұзбен қоса салып қайнатады да, бояуын шығара сапырып, сүт қатады. Осылай дайындалған шайды қазақтар сондай-ақ, ноғайлар “қалмақ шайы”²² -деп атайды. Мұндай шайдың дәмдi бола түсуi үшiн қой, кодас сүтiнен әдейiлеп шайға қатуға шикiлей шайлық сүт қалдырылады. Кейде көбiне қыстыгүнi және жазғытұрым iнген сүтiн шайға қосады. Ноғайларда қонаққа құйылатын

¹⁸ Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урианхайский край. Л.: Изд-во Гос. Рус. Геог. Общ-ва, 1930. Вып. II. Т. III. С.439.

¹⁹ Келес Н. Баян-Өлгий аймағының дәрілік өсімдіктері. Өлгий. 1979. □ 55-б.

²⁰ Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. Спб. (б.м. и г.), С. 32.

²¹ Грумм-Гржимайло Г.Е. ... С.439.

²² Гаджиева С.Ш. Материальная культура ногайцев в XIX□н. XX в. М.: Наука, 1976. С.204.

шайға түйе сүтін қатып сый ас ретінде тартады²³ (23). Сондай-ақ қазақтар шайға қымыз (дұрысы бие сүті-Қ.Д.) қосып бергенде жан сарайын сергітіп, жеміс-жидек дәмін татқандай әсер берді деп Р.Карутц²⁴ жазғанын ескерсек қазақтар ертеректе бие сүтін де шайға қосқанға ұқсайды.

Алтай, Памир тауларында биік таулы жерге ғана тән суыққа төзімді қодастың (*bos gruinens*) сүті майлылығымен ерекшеленеді. Әр малдың сүтінің, өзіндік сапа ерекшелігін, құнарын анықтаған мына бір еңбекте көңіл аударарлық мынадай сипаттама кездеседі:

- “Қой сүті басқа мал сүтіне қарағанда қою, майлығы көп болса да бөлініп алынатын майы аз, алайда азықтық және қанттылығы қанық, сонымен бірге, сулығы аз, шайға қатуға қолайлы болып келеді.

Ешкі сүті қой сүтінен гөрі сұйықтау, бірақ күшті, өткір болғанымен бөлінетін май мөлшері аз, алайда азықтық құнары мол, қанттылығы қой сүтіне қарағанда аздау, құрамында су мөлшері аз болғандықтан, шайға қатуға өте жақсы.

Қодас сүті қоюлығы қой сүтіндей, алынатын май мөлшері басқа мал сүтіне қарағанда көп болады. Азықтық және қанттылығы мол, шайға қатуға қой, ешкі сүтіндей қолайлы.

Сиыр сүті басқа мал сүтіне қарағанда әлдеқайда сұйық, бөлінетін май мөлшері қодас сүтінен кем, азықтық құнары көбірек, құрамында су өте көп те, тәттілігі аз, шайға қату сапасы басқа малдан гөрі төмендеу.

Түйе сүті қою, сұйықтығы қодас сүтіне жуық, майлылығы көп, жұғымды, бөлініп алынатын май үлесі өте аз, азықтық құнары мол, тәттілігі кемдеу, шайға қатуға өте жақсы.

Бие сүтінің қоюлығы мен сұйықтығы сиыр сүтіндей, майлығы көп болса да бөлінетін майы мен азықтық құнары аз, қанттылығы мол, құрамында су өте көп, әрі шайға қатуға келмейді”²⁵.

Бие мен түйе сүтінен және басқа сүттің іркітке арналған белгілі бөлігінен басқасын сауып болған соң міндетті түрде дереу пісіреді. Алайда, түйе сүтін шұбат етпеген жағдайда пісіріп шайға қатады. Түйе сүтін шайға қатуға да болады. Күзде түйе сүті азайған кезде, оған сиыр тіпті бие сүтін де қосып ашытады. Қыста жартылай су, аздап тұз қосып ашытады²⁶. Рауғаштың (*Rheum sieeris*) 35-60 см биік өсетін қуыс сабағын сылып тастап сағақты жапырақтары арасынан дәнін алып доғалатпаға, шайға араластырып шылап қолданған.

“Әрбір тағам мен сусынның қорек-кенеуі қарама-қайшы келсе, әл-ауқатты құртып, ас-судың дәмі мен иісі сәйкеспесе жалын-жігерді діңкелетеді... Тағамды тұтытуда тиісті шама-мөлшерден ауытқу қатарлы жағдайлар барлық аурудың негізін тудырады”-деп денсаулықтың басы болатын ас-судың дұрыс сәйкесуін Құбылай ханның ордасында “уәзір-емші” деп аталатын емші “Тағам, сусынның нағыз баяны”-деген еңбегінде жазады. Бұл “емші-министр” тибет медицинасы негізінде моңғол халқында ас-суды қоршаған ортаға сай денеге лайықтап тұтынуды қолдайды... Төменде осы еңбектен шайға қатысты жерінен ғана үзінді келтіреміз. Онда: ...Шабдалы жеп шай ішсе іш өтеді²⁷ -деп жазады.

Күнделікті тұрмыста және қонаққа ұсынылар алғашқы дәм ең әуелі қымыз, қымыз болмаса барына сай шұбат, бозадан басталатын. XIX ғ. соңы мен XX ғасыр басында қазақтарда аталмыш кезден бастап көп қолданысқа кіре бастаған шаймен қонақты сыйлау орын ала бастады. Шайдың бояуын әркім өз қалауына қарай таңдайды: егде адамдар көбіне қою, сарғасқа, қаймақ, қалампыр, бұрыш, май қосып дәмдеп жұмсартып ішсе,

²³ Сонда...С.204

²⁴ Карутц Р. ... С.71.

²⁵ Цэвэл Я. Монголын мал маллаганы ажил-үйлс. Улаанбаатар. 1967, 57-х (моңғол тілінде)

²⁶ Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Фонд 25. опись 1. дело 4219. связка 392 (О состояний киргизского верблюдоводства). Л.19.

²⁷ Монгол ес заншлин бага тайлбар толь. УБ. 1991. 110-113-х.

жасамыстары бояуы азын, ал аурушандары және жас балалар жаздыгүні ақсу шай немесе “ақшалап” ішеді²⁸.

Маусымдық ерекшеліктеріне байланысты ішілетін шайдың бірі-күзгі қарақатқақта, қысқы аязда, жазғытұрымғы ұзынсары қараөзек шақта көбірек дайындалатын “бордама”, “бордаған”, “бордақ”, “бор”, “ұн шай” аталатын шай түрі. Оны дайындау тәсілі әртүрлі-әуелі қазан түбіне азғана майды ерітіп, үстіне бидай немесе сөк пен күрішті қуырып, күренденіп піскен кезде алдын-ала бөлек қайнатылып салқындатылған шайдың самасын сүзіп, құйып араластырып, іртік шығармай сапырып отырады да, біртекті қоймалжың болған кезде ыстық қара шай құйып, соңынан сүт қатады. Сүт болмаған жағдайда құйрық май ерітіндісінен немесе қой майы, сары майдан қосып, жұмсартып дәмдейді. Осылайша дайындау процесін “шай бордақтау” деп атайды²⁹. Сондай-ақ талқанды дайындап қойып дер кезінде шайға қосып дайындаса “талқан шай” немесе “борпылдақ” деп атаған³⁰. Егер ұнды майын көбірек етіп қуырып шыныға аздап салып, үстіне ыстық шай құйса, быжылдап шай дереу сіңіп, шыны толып кетеді. Мұны “қыжылдақ” деп атайды³¹. Мұнан басқа сүт тапшы қараөзек шақта шәугімнің ішіне сүрі төстік, қазы-қарта немесе түнде асылған еттің шағылған жілігі сияқты және қатқан құрт, ақ ірімшікті (соңғыларын қара шайға ғана салады. Әйтпесе, сүт іріп кетеді.) салып қайнату тәсілі де бар. Ет салып қайнатылған шай кей өлкелерде “бойдақ шай”³² атайтын көрінеді. Мұндай бордама, ұн шай көршілес қырғыз жұртында болатынын “қуурма чай”³³, ал моңғолдар “хийцтэй цай”³⁴ түбіт (тибет) жұрты “цзамба”³⁵ атайды. “Моңғолдар бидай немесе бидай ұнын майға қуырып, су құйып кірпіш шай және тұз салады. Оған сиыр майын (тоң) және сүт қосып әрқайсысына кесеге құйып береді. Осы шайдың екі немесе үш кесесі таңғы асы болады”³⁶. 1820—1821 жж. Бұқарада болған Е.К. Мейендорф қалмақ шаймен бірге қант қосқан кәдімгі қара шай да тұтынатынын жазады³⁷. Шир чой Кашкадарья, Зеравшан, Бұқара тұрғындарының негізгі сусын түрі болды³⁸. ХХ ғ.бас кезінде қыпшақтар сутли чой (*сүтті, тұзды, шыжғырылған құйрық май н/е сары май*) және мойли чой (*кесеге ұсақтап нан турап, үстіне құйрық май немесе сары май салып, тұз сеуіп, ыстық шай құйылады*) іше, қырғыздар да дәл осылайша дайындап ішетін еді³⁹. Шир чой Ауғанстанда, Солтүстік Кавказда тұтынылып, Ставропол түркмендері мен ноғайларда «ноғай шой» аталса, Дағыстанда «кармук чай» деп аталды⁴⁰.

Шайдың бұл түрі мұсылман әлемімен бірге, будда әлемінде де мол таралды: моңғол, қалмақ, буриат, оңтүстік сібір түркілері (алтай кіжі, тывалар) және Солтүстік Тибетте тұратын таңғұттар, Инди, Кашмир, Непалдың гимайлай өңірінің тұрғындары тұтынды. Бұл өңірде дайындалуы негізінен жоғарыдай болып келгенмен кейбір өзіндік ерекшеліктері болды. Мәселен, құйрық н/е сары май қосса, кейде қойдың жілік майын, ұсақталған сүрі ет, тұшпара қосады. Кейде майға қуырылған ұн, сондай-ақ, мускат

²⁸ Базылхан Б. Моңғолиядағы қазақтардың тілі. Улаанбаатар-Өлгий. 1991. □113-б.

²⁹ Сонда...118-б.

³⁰ Нүркеұлы Қ. Ұлттық мирас, ата мұра. Өлгий. 1991. □95-б.

³¹ Базылхан Б.134-б.

³² Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: Қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. А.: 1992. □69-б.

³³ Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л.: Наука, 1971. С.143.

³⁴ БНМАУ-ын угсаатны зүй. Улаанбаатар. 1987. Т. I. 189-х

³⁵ Этнография питания ... С.118

³⁶ Бичурин Н.Я. Записки о Монголии. Спб. 1828. Т. I. ч. II. С.174.

³⁷ Посланник Петра I на Востоке: Посольство Флорио Беневени в Персию и Бухару в 1718-1725 годах. М., 1986. С. 85; Странствование Филиппа Ефремова // Путешествия по Востоку в эпоху Екатерины II. М" 1995. С. 215.

³⁸ Люшкевич Ф.Л. Некоторые особенности пищи у оседлого населения Бухарской и Кашка-Дарьинской областей // Новое в этнографических и антропологических исследованиях: Итоги полевых работ Института этнографии АН СССР в 1972 году. М, 1974. Ч. 1. С. 95.

³⁹ Шаниязов К. К этнической истории узбекского народа (историко-этнографическое исследование на материалах кипчакского компонента). Ташкент, 1974. С. 279-280; Абрамзон С.М. Указ. соч. С. 143-144.

⁴⁰ Этнография питания ... С.146.

жаңғағын қосты⁴¹. Шайдың бұл түрінің негізінен алғанда далалық және таулық көшпелілерде көп таралуының өзі оны дайындау үшін мал өнімдері қамтылуымен ерекшеленеді. Н.Л.Жуковскаяның пікірінше шайдың дендеп енуімен сүттің артық өнімі енді шайға қату үшін пайдаланылатын болды. Шай ішу будда дінді халықтардың көпшілігінде діни ғұрыптармен тығыз астасқан болып келеді⁴². Орта Азиялық қалаларда «шир чойдың» көп таралуы жергілікті элитаның көшпелі тайпалардан құралуымен тығыз байланысты болып келді. XIX-XX ғғ. Шығыс Түркістанның отырықшы халқында шайдың бұл түрі «еткен чой» деп аталды⁴³. Бүгінгі күнде Қазақстан мен Шыңжаң ұйғырларында сүт қатылып, тұз қосылған түрі ғана сақталып отыр.

XIX ғ. бас кезінен Ресейде жасалған самаурынлардың таралуымен шай жылдам дайындалатын болып, шай ішу бұрынғыдан жеңіл, қолайлы бола түсті. 1836 жылы Бұқарада болған И.В.Виткевич жергілікті дүкенде орыс самаурынларының көптеп сатылатынын баяндайды⁴⁴. Орта Азияның едәуір бөлігінің Ресейге қаратылуымен осы өңірдің қалаларында ғана емес ауылында да жергілікті халық «самаурын» деп атаған шайханалар пайда болып, алғашында көпшілік орындарда ер адамдар ғана ішетін болса, кейінірек үй жағдайында отбасы түгел тұтынатын болды⁴⁵. Осылайша XIX—XX ғғ. ширегінде самаурынды шайханалар оңтүстікте көптеп таралады. Бұрынғыдай сүт, тұз, май т.б. қоспасыз жасалған шайдың ендігі бұл түрін қазақтар сол кезден бастап қазірдің өзінде «қара шай» деп атады. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басынан Хорезм, Бұқара, Самарқанд, Ташкент өңірінде шайдың бір түрі «көк шай» ішу орын алды.

Шайдың қазанда, шәугімде немесе самаурында қайнатылуы әр аумаққа шайдың келіп таралу тарихынан мәлімет береді. Әуелі XIX ғ. соңынан Бұқара арқылы Оңтүстік, Сыр бойына самаурын жаппай тарала бастаса, XX ғ. бастапқы ширегінен Ресей арқылы Қазақстанның Батыс және Солтүстік өлкелерінде самаурынмен шай ішу кең таралып, кейінірек, Орталық және Жетісу өңіріне таралады. Ал, Шығыс өлкеде самаурын қазірге дейін жоқтың қасы деуге болады. Бұл жайтты Жоңғариялық немесе Қашқариялық шай дайындау дәстүрінің сақталып қалуы деуге болады. Алайда, самаурын пайдалануда бір ғана Шыңжанның өзінде әркелкі жағдай қалыптасқан. Мәселен, Құлжа өңірінде XX ғ. бас кезінен қалыптасқан қатынастарға байланысты (*басы патшалық Ресей, соңы Кеңес тұсында*) самаурынмен шай ішу таралса, Шыңжанның солтүстік өңірінде және одан ары шығыста қоныстанған көршілес Моңғолиядағы қазақтарда самаурын пайдалану әлі де жоқтың қасы. Шыңжанның Алтай аймағы мен Баян-Өлгий аймағының ауыл тұрғындары әлі де қазандағы суға сары шай (зеленый прессованный), тұз салып қайнатып, содан соң сүт қатып, шәугімге қотарып құйып, ожаумен кесеге құйып, кішкене, шай қасықпен сары май салып ұсынады. Ал, шайға талқан, тұшпара, құйрық май, сүрі ет қосып дайындау әлі де бар.

Этномәдени байланыстардың нәтижесінде, сауда, айырбас, тарту-таралғылар түрінде келіп, тұтыныста болған ХҮІІІ ғасырдың соңы мен XIX ғасырларда қазақ тұрмысына дендеп еніп, қолданыста болып келе жатқан Ресейде жасалған самаурындар, Орта Азиялық шәугімдер, самаурын-шәугімдер, самаурын-қазандар түрлері еліміздің музей қорларында көптеп саналады. Бүгінгі самаурынның пайда болуы шаймен тығыз байланысты. Алғашқы самоварлар Ресейде ХҮІІІ ғасырдан бастап Уралда, Тула

⁴¹ Эрдниев У.Э. Пища и напитки калмыков. Элиста, 1962. С. 220; Этнография питания народов Зарубежной Азии. С. 66, 75.

⁴² Жуковская Н.Л. Пища кочевников Центральной Азии (к вопросу об экологических основах формирования модели питания) // СЭ. 1979. N 5. С. 70-71.

⁴³ Валиханов Ч.Ч. О состоянии Алтышара, или Шести восточных городов китайской провинции Нан-лу (Малой Бухарии), в 1858-1859 годах // Валиханов Ч.Ч. Избр. произведения. М., 1987. С. 170; Захарова И.В. Материальная культура уйгуров Советского Союза // Среднеазиатский этнографический сборник. М., 1959. Вып. 2. С. 282.

⁴⁴ Записка И.В. Виткевича // Записки о Бухарском ханстве (отчеты П.И. Демезона и И.В. Виткевича). М., 1983. С.104.

⁴⁵ Пещерева Е.М. Указ. соч. С. 283, 284.

қаласында, кейін XIX ғасырда Санкт-Петербург, Мәскеу, Владимир, Ярославль, Вятск губернияларында да жасала бастайды. Бірақ, Тула самаурын қаласы болып бәрібір қала берді. Самаурынға дейін орыстарда сбитенник деп аталатын («сбитень» сөзінен — бал, тәтті-дәмді араластырып қайнатып жасайтын сусын) ішінде шоқ салатын ұңғысы бар шәугімге ұқсас ыдыс пайдаланылып келді (фото-sbit, sbit-1).



Осы кезде бірнеше тағамды қатар қайнатуға болатын ішінде бөліктері бар «самовар-кухня» да жасала бастайды (фото-kuhn).



Үш бөліктің екеуінде тамақ, бірінде шай қайнатылды. Ол әрине, шүмексіз еді. Өйткені, тағамды ожаумен алатын. Самаурын өзіне дейінгі құрылысы осы тектес көшпелілер ыдысының су қайнатуға арналып, шүмек (кран) орнатылу арқылы жетілдіріліп жасалған нұсқасы ғана болып табылады. Көшпелілер арқылы таныс болған қытайлық «хо-го», яғни «ыстық қазан» атты қазіргі самаурынға ұқсас, шүмексіз түрі де ресей самаурынының атасы болып келеді. Ол өзегінде шоқ салып үрлеуге арналған тесікті мұржасы бар, оны айнала келген сұйық құйылатын ыдыс. Ал, жоғарыдағы «сбитенник» бітімінің өзі көшпелілер ыдысының жаңғыртылуы еді. Ендеше, шай қайнатылуға арналмаса да сбитенникті алғашқы шай самаурынынның үлгісі деуге болады. Сөйтіп, Ежелгі Русьте шай сбитень сусынының негізгі бәсекелесі болды.

Қазақ жеріне шай дәстүрі үш тараптан, атап айтқанда Оңтүстіктен, Шығыс Түркістаннан және Ресейден тарады. Қазақстанның Батыс және Оңтүстік өлкесіне (Жетісуда да) түп тегі ресейлік самаурынмен шай ішу келсе, Шығыста Жоңғариялық

немесе Қашқариялық тәсіл қолданылып келді. Сүт, қаймақ қатып, тұз, май қосқан шайдың орнына қазіргі кезде соның сарқыншағы дерлік сүтті шайды ғана тұтынып келеміз. Самауырынмен бірге қазақ тұрмысына поднос (жайма табак), түрлі кеселер, шай қасық, шыны стакан сияқты ыдыс түрлері де дендеп енді.

Сайып келгенде, қазақ мәдениетінде дәмге шақырудың кей жағдайда «шайға шақыру» сынды ұғыммен алмасуы, және дәстүр-жораларымыздың қазіргі кезеңде «кеңес шай», «тулақ шай», «сірге жияр шайы», «күзем шай», «қырқар шай» сияқты т.б ірілі ұсақты бас қосу, мерекелердің соңына шайдың жалғанып аталуы мен күнделікті, мерекелік және ғұрыптық дастарқанда шайдың соңғы 100 жылдың ішінде едәуір маңызды орынға ие болғанын дәлелдесе керек.

Картаева Т.Е.

Теріден жасалған тұрмыстық бұйымдар, олардың жасалу жолдары

Қазақта мал терісін кәдеге жарату ертеден келе жатқан көне кәсіп. Теріні пайдалану мақсатына қарай таңдау, өңдеу тәсілдері де уақыт ағымымен өзгеріп, жетіліп келеді. Тернің өңделуі үлкен маңызға ие. Өйткені ол дұрыс өңделмесе пайдалану барысында тез тозып, тез жарамсыз болып қалады. Сол себепті де мал терісін көпшілік жағдайда осы жұмысқа бейімделген кісілер өңдеп отырды. Мәселен, жылқы терісін өңдеумен айналысқан адамды — опқашы, шегрен тері өңдеушіні сағыршы, қамшы өрушіні — қамшыгер, құрым тері дайындаушыны — ысшы деп атаған. Әрбір тері өңдеушінің өзіндік әдіс-тәсілі болған.

Г.Загряжскийдің жоғарыда аталған мақаласының бесінші бөлімінде қолөнер кәсібін, тері өңдеу, теріден киім тігу әдістерін баяндайды: “...Мал мінгенге көлік, кесе киім, жесе тамақ болады. Терісінен киім тігеді. **Тон** тігу үшін қой, қозы терісі, **жарғақ** тігу үшін түйе мен бұзау, құлын терісі алынды. Қой, қозы терісін өңдеу үшін теріні жерге жайып, пышақпен қырып тазалап, ащы айран немесе езілген құртты жағып, күнге кептіріп қояды. Осы әрекетті 4-5 қайталағаннан кейін, тері жұмсарады. Қолмен умаждап, теріні әбден жұмсартқаннан кейін тігуге пайдалана бастайды. Жарғақ, шалбар тігуге - қой, ешкі терісі пайдаланылды. Шалбарды жүнін ішіне қаратып, кең етіп тігеді. Жұқа шалбар тігуге арналған қозы мен лақ терілерін 2-3 күн суда, содан кейін ұн, тұз, ащы айран қосылып қойылған ыдыста ұстайды да, бұдан кейін теріні кептіріп, қолмен уқалап жұмсартады. Жарғақ тігу үшін құлын мен бұзау терілері де осылай өңделеді. Жарғақты жаңбырлы күндері сулық ретінде киеді. Бай қазақтар жарғақты қара құлын терісінен, жүнін сыртына қаратып, жағалы етіп, жеңінің аузын барқытпен қаптатып тіктірді. Түйенің мойын терісінен **тері күрте** тігеді, ол үшін теріні 3-4 күн айран қосылған суда ұстап, содан соң кептіріп, қолмен илеген. Жылқы, сиыр, түйе терілерін өңдеу үшін суда жұмсартып, жүнінен айырады да, 7 күн ащы айранда ұстайды. Айранға су, тұз, ұн қосады. Кептірген соң ағаш оқтау көмегімен жұмсартады. Тері үлкен, қатты болғандықтан 2 ағаш оқтауды бір-біріне жіппен байлап, теріні орап, тері әбден жұмсартқанша ағашпен ысқылайды. Теріден **бас киім, аяқ киім, белбеулер** де жасалды. Сондай-ақ, саба, қауға, көнек, мес жасады. Қозы, ешкі терісінен су құятын торсық, жылқы терісінен қымыз, айран құятын торсық тігілді” /1/.

Ә.Диваев жариялаған “Пастухи” атты мақалада жылқышы мен қойшының теріден тігілген киімдері суреттеледі. “...Қойшының конус тәрізді бас киімі малақай немесе тымақ деп аталады, үстіне киіз шапан сеңсең киеді, аяғында киіз кебіс, көктемдік киімі ұзын қозы терісінен тігілген сеңсең, етігі - қой терісінен тігілген өкшесіз мырзашоқай. Жылқышының етігі былғарыдан тігілген, қыста тымақ, күн жылыда жүн қалпақ киеді /2/. В.Наливкин “Етік тігумен етікшілер айналысты. Арнайы тапсырумен тіктіріп, сатып алып отырды”, - дейді /3/.

Сабаны, етікті құрым теріден тікті. Ол үшін ірі қараның, немесе жылқының терісін суға салып тұздап қойған. Тері өзіне тұзды әбден сіңіріп болғанша тұздықта тұрады. Кептіргеннен кейін 5-7 күн ыстайды. Ыстаудың да ұзақ уақыт бойына қалыптасқан тәсілі, технологиясы болған. Өйткені ондай амал кез-келгеннің қолына, икеміне түсе бермейтін шаруа. Көптеген тері өңдеуші шеберлер оны құпия тұтқан да. Дегенмен біреу үздік, біреу ортанқол дегендей әркім қолынан келгенін жасап бағуға тырысқан. Бізге белгілі болғаны мынау: теріні ыстау үшін арнайы, тереңдігі 1 аршын, диаметрі 3-4 аршын шұңқыр қазған. Шұңқырдың жарты аршындай жерінен көлденең таяқ қойылып, оған пішілген терілер ілінген. Шұңқыр беті терімен жабылып, пештен құбыр арқылы 7-10 күн қатарынан түтін жіберіліп, ысталынады. Ысталған теріні маймен сылап, жұмсартқан /4; 5/.

Жағлан тігу үшін сиыр мен жылқы терісі пайдаланылды және тері сандықтың ағаш қаңқасына керіліп тігілді.

Талыс, басқақ деп аталатын кішкене қап сиыр мен жылқы бас терісінен тігілді, онда ұсталар майда-шүйде құралдарын сақтаған.

Қойдың қарыны - күйдірілген май сақтау үшін пайдаланылды. Оған майды ыстықтай, күйдірілген қалпында құйған.

Сүйретпе - шамамен 10 литрдей қымыз сиятын үйде керегеге іліп қоятын, жол жүргенде де қымыз құятын шағын тері қап.

Қауға - су тасуға арналған тері шелек.

Көнек - бие саууға арналған тері шелек.

Мес - бүтін сыдырылған лақ терісінен жасалған сусын құятын ыдыс.

Торсық - сусын құятын ыдыс.

Шаруашылық заттарының да негізгі дені теріден жасалды.

Шідер - аттың аяғына кигізілетін тұсауы.

Биялай - өгіздің қатты терісінен тігілген аңшының құс ұстағанда қолына киетін қолқабы.

Томаға - аушы құстың көзін бастыра басына ретсіз ұшып жемтікке шабуы жасамас үшін кигізіледі.

Аяқ бау аушы құсты үйде ұстағанда ұшып кетпес үшін аяғына кигізеді.

Сондай-ақ аттың **жүген, өмілдірік, құйысқан, айыл, тартпа, тоқым, үзеңгілері** де теріден жасалды.

Теріні бояу үшін иленген теріні суға салып, жұмсартып, киізбен бастырып, жайып тастайды, содан кейін кептіріп, қолмен тағы илейді. Маймен әбден сылап, ашыған айранға салады, содан кейін бірнеше күн бояу жасалған ыдысқа салады.

Бояумен қатар теріге ою-өрнектерде саған. Ол үшін жаңа өңделген жұмсақ теріні оюланған қалыптың үстіне жайып, ауыр таспен бастырады. Тері әбден кеуіп болғанша, ою да түсіп, қатып үлгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Загряжский Г. Быт кочевого населения долинь Чу и Сырдарьи // ТВ. №30. - С.118.
2. Диваев А. Пастухи // ТВ. 1905. №4. - С.14.
3. Наливкин В. Киргизы Наманганского уезда // ТВ. 1881. №22. - С.82.
4. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. -Алма-Ата: Казахстан, 1979. - 79 с.
5. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, Өнер. 1987. 89-103 б

Қазақтардың қару-жарақтары

Қазақтардың қару-жарақтары қоғамның экономикалық даму деңгейіне, көшпелі өмір ерекшеліктеріне сәйкес өркендеген. Ол көрші халықтар мәдениеті, сыртқы елдермен болған сауда-саттық, жаугершілікке қатысты өзгеріп отырған. Дала халқының да өмір сүру тіршілігі де көбіне осы қару-жараққа байланысты болып келген. Қарулану — соғыс өнерінің ажырағысыз бөлігі. Қазақ халқы қару-жарақтар түрлерін жетілдіру мен дамытуда өз алдарында өмір сүрген мемлекеттердің, дала көшпелілерінің ізін басқанымен, өзіндік ұлттық ерекшеліктері болды. Кей қаруларға қазақи жалпақ тілмен ат қойылуын, қаруларға қазақтың ұлттық ою-өрнектерін қалыптау, зерлеу, күмістеу, соқпалау, термелеу, орамалау, құю, шеку, өру, қақтау, кіріктіру, дәнекерлеу әдістерімен соғуды ерекшеліктердің бір қыры ретінде айтуға болады.

Қазақ жауынгерлерінің таяу қоян-қолтық айқаста қолданатын шабуыл құралдары негізгі атқаратын функциялары мен пайдалануларына қарай *шабатын, түйрейтін, сұғатын, кесетін қарулар* болып бөлінеді. Оларға қылыш, алдаспан, қанжар, найза, балта, шапашот, күрзі жатса, арақашықтық сақталатын ұрыстағы шабуыл құралдарын садақ пен мылтық түрлері құрайды, ал қорғаныс құралдарына сауыт, қалқан, шарайна, ат жабулары жатты.

Бүгінгі мәсенің негізгі нысанасы *қазақ қолбасшының қарулану үрдісінің* ерекшелігі болып отыр.

Найза — орта ғасырлардағы қазақ батырларының негізгі қаруы болды /1/. Қазақтарда найзаның ұштығы *жебе*, жарақат салатын бөлігі “*басы*”, қолға ұстайтын жері “*сабы*” деп аталады.

Жебелі найза қолында
Бес мың қолдың соңында
Ер Қосай /2/.

Жебенің *ұшы, қыры* болады. Сапқа орнатылған бөлігі — “*ұңғысы*”. Ұшы мен ұңғысының арасында кейбір найза жебелерінің дөңгеленіп келген *күмбезі* болады.

Ындастың салған найзасы
Ұңғысынан омырылып
Жұбаныш /3/.

Немесе Сонша ердің соңында
Күмбезді найза қолында
Қобланды батыр /4/.

Жебе ұңғысының, сабымен түйіскен жері — *сағасы*.

Найза ұстар деуші едім
Сағасын жезбен қайраған
Алмас қылыш /5/.

Найзалардың жебелері *болаттан, алмас темірден*, көбіне екі қырлы болып жалпақтау, жапырақ тәріздес болады.

Ұшы болат ақ найза
Оны бір қолға алайын
Асан қайғы, Тоған, Абат /6/.

Қазтуғандай батырдың
Алмастан екен найзасы
/Қарғы бойлы Қазтуған /7/.

Найзаға жауынгерлер әр түрлі дәреже белгілері ретінде *ту, байрақ, қыл шашақтар, жалаулар* тағатын. *Ту* — қолбасылық, *байрақ* — әскебасылық, батырлық дәреженің, *жалау* — әскер бөліктерінің айыру белгісі, *шашақ* — батырлар белгісі саналған.

Ежелден әскербасылық дәрежесі белгісі болған *байрақ* аңның құйрығынан, жібек шашақтан, жылқының құйрығынан жасалып, найзаның немесе арнайы сырықтың басына бекітілген. Сабының жоғарғы ұшында қасиетті рәмізді бейнелейтін металдан жасалған *байрақбасы* болады. Көне түркілерде *байрақбасы* ретінде айдаһар, бөрінің басы бейнеленсе, ислам діні енген соң байрақ басына құран аяттары жазылып, ай орнатылған. Әскербасы бар жерде *байрақ* әскери тумен бірге көтерілген. Әскербасы айқас кезінде *байрақпен* белгі беріп, жауынгерлерді басқарып отырған.

Тәуекелге бел байлап,
Найза ұшына ту байлап
Төрехан

Жалаулы найза қолға алып,
Жау қашырар ма екенбіз
Ақтамберді жырау /8/.

Найзаға тағылатын белгілерге байланысты халық аузында “*қоңыраулы найза*” да жиі айтылады.

Қоңыраулы найза қолға алып
Қоңыр салқын төске алып
Қол көтерер ме екенбіз
Ақтамберді /9/.

Найзаның өте өткір сауыт тесуге арналған түрі *сүңгі*, ал лақтыруға ыңғайлы түрі *жыда* деп аталады.

Қазақтарда тек найза жасауды кәсіп еткен ұсталарды *найзагер* деп атаған.

Қазақ қолбасшысы үшін, әрине *қылыштың* маңызы зор болған. *Қылыш* — шабуға, шаншуға лайықталған өткір жүзді, имек, үшкір қару. Тарта сермегенде сырғи тілетін имек қылыш терең жарақат салған. Қылыш негізінен атты әскер қаруы. Б.д.д. екінші мыңжылдықта кей мемлекеттерде пайдаланған. Болат қорыту ісі дамығаннан кейін Орта Азияның көшпелі елдерінде, Шығыс Еуропада *болат қылыш* пайда болған. Алғаш ҮІІ ғ.-да қыпшақтар пайдаланып, Х ғ.-да Батыс Еуропаға тараған /10/. Болаттың ең асылынан соғылған қылышты *алмас қылыш* деген. Алмас қылыштың өткір болуы суару тәсілінде және болатты салқын соғуында екенін ауыз әдебиетіндегі дастандар айтады:

Құртқа сұлу батырға,
Қарағай найза соқтырып,
Алмас қылыш соқтырып,
Күмістен қылыш шаншыды
(Қобланды батыр) /11/.

Қылыштың бір түрі — *наркескеннің* басқа қылыштан өзгешелігі — оны асыл металдан екі жүзді етіп жасайды. Сабын суйектен немесе мүйізден жасап, алтыннан немесе күмістен әшекей өрнек салады, асыл тастар орнатады. Ертеде мұндай қылыштар хандарда, хан сарайындағы жоғары лауазымды әкімдерде, кейбір мәртебелі билерде болған. Наркескен қылышты хандар өздерінің әскери қолбасшыларына, ел бастаушы атақты батырларға сыйға тартқан. Наркескен атадан балаға мұрагерлікке қалып отыратын қадірлі мүлік болып есептелген.

Найзасын көке үйіріп
Наркескендей жарқылдап
Наурызбай келді артынан

(Хан Кене) /12/.

Шоқан Уәлиханов наркескен-қылыш жасау үрдісін қазақ ұсталары парсылардан қабылдаған, - деген дерек айтады /13/.

Қылыштың кесетін темірі — “*болаты*”, қолға ұстайтын бөлігі — “*сабы*”, сабына қолға іліп алу үшін тағатын жібі — “*бүлдіргісі*”, қылыштың сапқа кіргізілетін бөлігі — “*жетесі*”, қылыштың сабы мен болаты түйіскен жерде қолды тіреп тұратын темірі — “*балдағы*” деп аталады. Соңғы аталған бөлігіне орай кей қылыштар “*балдақ қылыш*” деп аталған.

Балдағы алтын құрыш болат,
Балдағынан қанға боялмай
(Махамбет) /14/.

Ал, қылыштың болатының түзу жері “*алқымы*” (мойны), кесуге арналған жағы — “*басы*”, кесетін жері — “*жүзі*”, қарсы жағы — “*сырты*”, басының түйреуге арналған жері — “*ұшы*” деп атау қалыптасқан. Қылыштардың басы ауыр болса оны “*жалманы*” деп атаған. Қару жетілдіруі барысында қылыштар сапасы түрлендіріліп жасала берген.

Балдағы алты, сабы жез
Ұзындығы үш-төрт кез,
Сырты қалың, жүзі құрыш,
Алқымы түзу, қайқы ұш.
(Манас)

Қылыштар ұрысқа қолданбай тұрған уақытта салынып қойылатын қалтасын қазақтар “*қынап*” деп атаған. Қынап ағаштан жасалып, терімен, барқытпен қапталып, кейбірі тапсырыс берушінің қалауына қарай асыл тастармен, күміс құймалармен әшекейленген. Қылыштың қынабының ілгегі “*қын*”, сол арқылы белге тағылатын бауы “*қылышбау*” аталған.

Қазақтардың қару жасау, олардың қолдану ісінде ғасырлар бойғы көне дәстүрлер жалғасып келеді. Қылыштың әлеуметтік статусты белгілейтін функциясының болғандығы да бізге тарихи мәліметтерден белгілі. Қылыш хандық биліктің бір атрибуты, символы ретінде де қолданылған. Қазақ хандарын ақ киізге отырғызып көтергенде, хандық дәреже белгісі ретінде белдеріне қылыш байлаған /15/.

Қылыш соғыс үшін ғана қадірлі болмаған, елге қалқан болатын қару болғандықтан, дәстүрге бай қазақ халқы күнделікті күйбең тіршілігіндегі жөн-жоралғыларынан қалдырмаған. Мысалы, қалың малға немесе кісі құнына берілетін төлем — бес жақсының құрамына енетіндер тобына нар, жүйрік ат, кілем, бұлғын ішікпен қатар қылыш та енген.

Қазақтарда қару-жарақтардың түрлене түсуі өз дамуында соғыстың *қорғаныс құрал-жабдықтарының* шығуына кепіл болды.

Сауыт — садақ, қылыш, найза т.б. қарулардан қорғануға арналған киім. Ол ұсақ темір шығыршықтарды бір-бірінен өткізіп тоқылған тордан қысқа жеңді жейде түрінде жасалады. *Зере* — садақ жebesін өткізбеу үшін ұрыс майдандарына киіп шығатын орта ғасырлардағы шынжыр сауыттың бір түрі. Оны қола, жез, күміс, алтын жалатылған металл сияқты жылтыр шығырларды үзбелестіру арқылы жасайтын болған соң *зере* атаған. Зерені әскер басылар мен батырлар киген. Ұсақ шынжыр, торлы сауыттың соғылуы қиын болғандықтан, өте қымбат бағаланып, кез-келген батырдың қолына түсе бермеген. Сондай-ақ сауыттардың, жасалуы мен материалына қарай аталатын аймауыт, кіреуке, ақберен, жалаңқат, көзе және қатардағы жауынгерлер киетін дене қорғайтын кебенек, көбе, қаттама сияқты жұмсақ киізден, матадан сырылып тігілген сауыт түрлері де болған.

Сауыт сыртынан киілетін қорғаныс шаралары — *шарайна* аталады. Шарайна кеуделік, арқалық, екі бүйірлік металл тақталардан құралады. Тікбұрышты тақталы шарайналар түркі халықтары арасында кеңінен таралған Арқалық тақтасын мойынды кесетін қарудан сақтау үшін ұшын үшкір шығыңқы етіп жасайды.

Дулыға — батырлар соғысқа аттанарда басына киетін темір қалпақ. Дулығаның екі жағы мен артқы етегіне темір тор *жыға* ілініп, адамның мойны мен иығын, тымақ тәрізді тұтас жауып тұрады. Дулығаның биік төбесі *қасаба* деп аталып, ұшы үшкір қырлы темірмен бітіп, маңдай тұсына екі жерден қауырсын қдалады.

Басына киіп дулыға,
Қасабасын қақайтып
Қарадақ батыр /16/.

Қалқан — батырлардың жаудың найза қылыш соққысынан өзін қорғау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы. Адам баласы өзінің тарихында қалқанның төрт бұрышты, дөңгелек жарты цилиндр тәрізді жүрекше, астауша т.б. түрлерін қолданған. Қазақ халқы мен Шығыс халықтары арасында дөңгелек қалқан дамып, оларды қоладан, ағаштан, темірден жасаған. Қазақтар арасында асыл металдан соғылған “*тілле қалқан*” кез-келген батыр қолына түсе бермеген.

Садақ - жебе атуға арналған, арақашықтықта тез атылатын қол қаруы. Садақты мезолит дәуірінен ХХ ғасырға дейін дүние жүзінің көп халықтары кең қолданған. Әсіресе садақ орта ғасырда атты ұрыстардың көбеюіне байланысты кеңінен қолданылған. Тез атылатын садақтарда күш ортаға түседі. Күрделі құрылысты садақ салт аттының ерге мығым отыруымен байланысты /17/. Садақтың кірме қайысы *адырна* деп аталады, ол өгіздің жон терісінен жасалып, садақ ағашының екі басын иіп ұстап тұрады. Осыдан садақ серіппелі болады. Садақтың адырнасы ұрыс кезінде киіліп тағылады, ал жәй ұрыс жүріс кезінде адырнасы шешіліп жәй құндаққапта салынып жүрілді. Садақ оғының масағы — *жебе*. Садақ шығуына байланысты жебе де өте ертеден қолданылған. *Темір жебе* ХІХ ғасырдың І-ші жартысына дейін қолданылған, қарудың кең тараған түрі. Сауыттарды тесуге арналған төрт қырлы, үш қырлы істік жебелерді “*сауыт бұзар*”, “*көбе бұзар*” деп те атаған /18/.

Түсі суық тартқанда
Төрт қырланған жебенің
Ажал оғы келгенде
Қорғаны болмас көбенің /19/.

Қазақтарға сырттан жаудың көз алартушылығының көп болуы қарудың сапалы түріне мұқтаж етті.

Қазақ батырлары *қамшыны* да қару ретінде пайдаланған. Сондықтан Ш.Уәлиханов қамшыны қару-жабдықтардың қатарына қосады. Қару есебінде жасалатын қамшының сабы салмақты, өрімі жуан және ұзын болумен бірге, кейде өрімге темірден өзек салып дайындаған.

Қамшы үш бөлімнен, яғни сап, алақан және өрімнен тұрады, әрқайсысы әр заттан жеке дайындалып барып біріктіріледі.

Қамшы сабын тобылғыдан, ырғайдан, тауешкі және ақбөкен мүйіздерінен немесе елік сирағынан жасайды. Оның қолға ұстайтын ұшын былғарымен қаптап, қайыстан бүлдірге тағады. Кейде қамшы сабының сыртын түгелдей былғарымен қаптап, күміспенде әшекейленетін, қамшының сабына темірден бауыр салып, қайыс таспамен немесе жезбен орап тастайтын.

Қорыта айтқанда, қазақ халқы дала көшпелілерінің қарулану үрдісін қабылдап, оларды өз мұқтаждарына сай эволюциялы жолмен дамыта білген, дала төсінде еркін өскен жауынгер халық — қару технологиясының жетік шебері болған. Қару жасау өнерінің дәстүрлі жалғастығы ретінде қазіргі таңда да темір ұсталардың қолынан фэлсафалық

тұрғыда түрленген, жетілген түрлері жасалуда. Сондай-ақ, Қазақстан музейлерінде сақтаулы тұрған және экспозициялық кешенде көрсетіліп жүрген (қараңыз: Орталық Мемлекеттік Музей, 2 зал) қару-жарақтар мен қорғаныс құралдары да дәлел бола алады.

Лекция 10-11 Музейдегі жазу ескерткіштерін атрибуциялаудың әдіс-тәсілдері

Халықтардың тарихи-этнографиясының деректік негіздерінде **палеографиялық ескерткіштердің** маңызы ерекше. Қазақтардың тарихы мен этнографиясына қатысты қытай, монғол, парсы, шағатай, араб тілдерінде жазылған ортағасырлық шығыс және мұсылман жазба деректері мен олардан үзінділер базасын жасау, «Сырдария жазуы», монета бетіндегі жазулар сияқты палеографиялық ескерткіштерінің тарихы мен мазмұнының мәнін ашу арнайы зерттеуді, оны этнология мен этнолингвистика, түркітану, шығыстану, деректану ғылымдарының тоғысы аясында зерттеуді қажет етеді.

Әбу-л-хайр Фазлаллаһ ибн Рузбеханның «Михман наме-йи-Бұхара» атты еңбегінде XV-XVI ғасырлардағы Сырдария бойындағы қалалар мен қазақтардың тұрмысы, шаруашылығы қамтылған. Әбу-л-Фадл әл-Қарши Орта Азия мен Сырдария бойына бірнеше рет саяхат жасап, Баршынкент, Жент қалаларын зерттеген, оның «Мұлхақат ас-Сурах», Әбу Жафар ат-Табаридың «Тарих ар-русул уә-л-мулук» атты еңбектері орта ортағасырлардағы қазақ жерінің оңтүстігі тарихының дереккөзі. Әбу-л-аббас Ахмед әл-Иақуби «Китаб-әл-бұлдан», Әбу Дулаф әл-Хазражидің «Рисалла», Әбу-л-Қасым ибн Хаукалдың «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» атты еңбектерінде оғыздар, тоғыз-оғыздардың; Әбу-л-Аббас Ахмед әл-Белазуридің «Китаб футух әл-бұлдан», Әбу-л-Хасан әл-Масудидің «Ахбар әз-заман» атты еңбегінде, Әбу-л-Қасым ибн Хордадбехтің, Әбу-л-Хасан ибн Сайдтың жазбаларында оғыздардың тарихи-этнографиясы қамтылған. Әбу-л-Фарадж әл-Басридің «Китаб әл-харадж» атты еңбегінің Сырдария бойы қалаларының тарихы үшін маңызы зор. Әбу Абдоллаһ әл-Идрисидің «Сурат әл-ард», «Нұзхат әл-мұштақ фихтирак әл-афак» атты еңбектерінде Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал бойының тарихи географиясы, картографиясы, оғыздар мен қыпшақтар туралы құнды деректер берілген. Әбу-л-Фарадж жазбаларында оғыздар сарайының сән-салтанаты қамтылған, оның шар тәрізді картасында Сыр-Арал өңірі, Қыпшақ даласы көрсетілген.

Үлгі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
ҚОРЫНДАҒЫ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН МҰСЫЛМАН КІТАПТАРЫ
МЕН КОЛЖАЗБАЛАРЫ

ҚР МОМ-дің ғылыми қызметкері Ж. Белтенов

Қазақ даласындағы халықтар мұсылман дінін Қарахандықтар дәуірі тұсында ресми түрде қабылдай бастады.

X-XI ғасырларда Орталық Азия мен Қазақстан аумағындағы Самарқанд, Бұхар, Шаш, Хиуа, Ферғана, Отырар, Тараз, Баласағұн қалалары мен халықтары ислам діні мен мәдениетінің ықпалына түседі ⁴⁶.

⁴⁶ Діни мазмұнды кітаптардың барлығы мұсылман заңдары мен қағидалары топтастырылған Аллаһтың сөзі – Құран Кәрім мен мұсылмандық өмір сүру принциптерінің жиынтығы - Суннадан (Суннәт расул Аллаһ- Аллаһ елшісінің әдеп-үлгілері) негіз алады. Ислам діні VII-VIII ғасырларда Таяу Шығыс аумағындағы елдерді еріксіз бір мемлекетке бірігулеріне әкелді, сол халықтардың тағдырына түбегейлі өзгерістер енді. Осы кезеңдерден бастап халифат құрамына қарайтын Мекке, Мәдинә, Шам, Басра, Бағдад, Мысыр шаһарларында хат мәдениеті өрістеп дамып, мейілінше бай ауыз әдебиеті жазуға түсірілді. Грек, Сирия, Парсы және басқа тілдердегі кітаптар араб тіліне аударылды. VIII-IX ғасырлардағы имам Ағзам Әбу Ханифа, имам Мухаммад аш-Шафиғи, имам Ахмад ибн Ханбал, имам Малик ибн Әнас әл-Асхаби сияқты ислам дінінің төрт мазһабы (діни ағым) ғалымдарының жазған жәуһар маржандары сол замандағы күллі мұсылман елдеріне тарап, ислам діні аясындағы кейінгі еңбектердің жазылуына жол ашты. Халықтың діни, саяси, мәдени, тілдік және әлеуметтік қарым-қатынастары мен формалары ірі-ірі өзгерістерге тап болды. Қоғамдағы әртүрлі халықтың дәстүрлі әдет-ғұрыптары бір мәдени арнаға тоғысты. Оңтүстік-Батыс

Сол кезеңдердегі араб саяхатшысы Ибн Хәукәл (X ғ.) Исфиджаб (Түркістан) пен Шаш (Ташкент) шаһарлары мен Сырдария өзенінің бойын жағалай көшіп-қонып, Қазақстанның оңтүстік аймақтарында әскери үстемдік құрып, өз билігін жүргізіп отырған түрік тайпаларының бір күнде мың түтіні ислам дінін қабылдағандығы туралы айтады ².

960-жылы Жетісу өңірінде екі мың үй түрік жұрты ислам дініне бет бұрады. Түріктердің ислам дінін жаппай қабылдауы осы дінді алғаш мойындап, Абд әл-Кәрим деген жаңа ислами есімге ие болған сол кездегі Қарахандықтар қағаны Сатұқ Боғра ханның есімімен тығыз байланысты. 955 жылы таққа отырған Сатұқтың ұлы Мұса ислам дінін мемлекеттік дін мәртебесіне көтерді.

Дәл осындай тарихи уақиғалардан бастап Қазақстан аумағын мекендейтін халықтар мен ұлыстар арасына мұсылмандық дендеп еніп, жергілікті әләумет мұсылмандана бастайды. Бұл мұсылмандану процесі жүздеген жылдарға созылады.

Сол кезеңдерде Шығыс пен Орталық Азияда билік құрған хандар мен әміршілер арнайы кітапханалар мен даналық үйлерін («бәйт әл-хикма») өз сарайларында салдыруға мүдделі болды. Өйткені халық қамы мен ел болашағының өміршеңдігін күйттеген дара патшалар мемлекетінің іргесі берік, халқының басқалардан білімдар болуы үшін төрткүл дүниенің түпкір-түпкірінен сан қырлы ғылымды меңгерген жүздеген ғалымдарды, жеті жұрттың өнерін дәріптеген қолөнершілер мен шеберлерді өз сарайына алдырып, олардың ғылым, өнермен шұғылдануына жағдай жасап, еңбектерін жариялайтын қасиетті білім ошағы - даналық үйін салдырады. Содан кейін мешіт-медреселердің, обсерваториялар мен ауруханалардың қасынан қалың бұқара, қара халық хат танып, сауатын ашатын орындар ашты. Сол замандардағы көптеген шаһарларда ірі-ірі кітапханалар, обсерваториялар, мешіт-медреселер, қағаз өндіретін кішігірім шеберханалар болған, кітап көшіретін хаткерлер (каллиграфистер), суретшілер, зергерлер өмір сүрген.

IX-X ғасырларда Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан әл-Бируни Әбу Әли ибн Сина, әл-Кинди, әл-Хорезми, әл-Бухари сынды т.б. Орталық Азия ғұлама ғалымдарының араб тілінде теология, логика, тіл, тарих, математика, медицина, жағрапия, музыка, астраномия, философия, салаларына арналған соны еңбектері жарық көрді .

Азияны, Солтүстік Африканы, Оңтүстік Еуропаның бір бөлігін қамтыған құрамды жаңа мәдениеттің кең аясында Арабия түбегінің өзі елеусіз қалып, алғашында этноәләуметтік ортада өздерін белсенді санайтын арабтар халифат халқының аз бөлігін құрады. Бірақ бұған қарамастан араб тілі сол мәдениетті жасаған халықтар арасындағы қатынас құралына айналып өз үстемдігін жүргізді. Сол дәуірдегі саяси ахуал туралы араб тілі мен тарихының белгілі маманы Анас Бакиевич Халидов былай деп жазды: “Араб халифатының өсіп-өркендеуі, арабтардың жаулап алған жаңа жерлерге, шаһарларға, әсіресе, өздері іргесін қалаған кенттерге қоныс тебуі, қол астындағы бағынышты халықтың белсенді топтарының арасына ислам діні мен араб тілінің күшті ықпал етуі, араб тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуі, орфографияның толық жазылып бітуі - араб тілінде кітап шығаруға негіз болды”. // Қараңыз: А.Б. Халидов. “Арабские рукописи и арабская рукописная традиция”. Москва 1985 г, 39-40 беттер

² Кляшторный С.Г. , Т.И. Султанов Т.И. Казахстан летопись трехтысячелетий. - Алма-Ата, 1992. - 114 бет.

X-XI ғасырларда Орталық Азия мен Қазақстандағы жазба әдебиет ең алдымен қалаларда кең өріс алды. Бірақ әдеби тіл араби-түркі, парси-түркі аралас күйінде қала берді де, ал жазудың графикасы араб жазуына негізделінген «*Орталық Азия түркі жазуының*» келбетін қалыптастыра бастады.

XI-XII ғасырларда атақты әдеби туындылар дүниеге келді. Қарахандар дәуірінде орта ғасыр жазба әдебиеті қарқынды дамыды. Сол кезеңдерде Жүсіп Хас-хажиб Баласағұнидің Қарахандықтардың билеушісі Сатұқ Боғра ханға арнап жазған әйгілі “Құтадғу білік” шығармасы жарық көрді.

Тұран даласында орта ғасырлық түрік ғалымдары мен ойшылдары - Махмұд Қашқаридің “Диуани лұғати-т-Түрк”, Қожа Ахмет Яссауидің “Диуан хикмет”, Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди”, Қадырғали Қосымұлы Жалайридің “Жами-ат-тауарих”, Ахмет Йүгнекидің “Ғибуату-л-хақайик”, Наср ад-Дин Бурхан-ад-Дин Рабғузидің “Қиссасу-л-әнбия” сынды классикалық еңбектері жарық көрді.

Қазақ даласының ғұламалары Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы араб, парсы, түрік тілдерін де жазып, сөйлеп қана қоймай, шығыстың жеті жұлдызы Фирдоуси, Физули, Хафиз, Сағди, Рудаки, Руми һәм Жәми сынды мәшһүр шайырлардың өлеңдерінен нәр алып, солардан тәржімалаған өлеңдерді өздерінше жырлап қазақ назиралық қисса-дастандары дүниеге әкелді.

Қисса жанры қазақ әдебиеті тарихында IX ғасырдан пайда бола бастаған. XIX ғасырда жарық көрген қазақ қиссалары көбінесе діни мазмұнда жазылды. Әуелі қисса (арабша: қисса «тарих, әңгіме») жанрына шығыстық үлгіде жазылған шығармалар жатқызылатын, кейінірек әр түрлі өлең кітаптарды қиссалар қатарына қосатын болды.

Қазақ қиссаларының сюжеті ислам дінін насихаттайтын аңыз-әңгімелерден құралды. Кейін таман махаббат тақырыбына арналған қиссалар да шыға бастады. Діни үлгідегі “Салсал”, “Сейіт Баттал”, “Бәдір”, “Мұхаммед-ханафия”, “Зәкір”, “Сияр шәриф”, “Әбулқарис”, “Шах-Мурад” сынды шығармалар қазақ қауымын ислам әдебиетімен кеңінен таныстырды.

Қазақтың кең даласында тараған діни мазмұндағы кітаптар мен қиссаларды бастыруға ең алғашқы мұрындық болған Петр I патша еді. Осы игі іс патшашайым Екатерина II мен Павел I кезінде де жалғаса берген еді. Бірақ бұл “жанашырлықтың” астарында жымысқы зымиян саясат жатты.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Ұлыбританиямен империялық теке тіреске түскен Ресей патшалығы стратегиялық маңызы бар нысандар - дарқан қазақ елі мен Орталық Азияны иемденуді, бодандықта ұстауды мақсат тұтты. Дала халқын басқарудың небір әккі жолдары қарастырылды. Әуелі Құраннан бастап тәпсір, фикһ, мұхтасар, әптиектерді және діни мазмұндағы қиссаларды көп таралыммен бастырып, алғашында ел арасына тегін таратып, кейін сатуды іске асырды. Кітап саудасынан түскен қыруар қаржы біріншіден, мемлекет қазынасын толтырса, екіншіден, дін

ықпалындағы “бұратана” халықты еркіне жібермей өздері тағайындаған ноғай молдалары арқылы тапжылтпай бағындыру көзделді.

XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың бас кезінде Патшалық Ресейдің қолдауымен елімізге дін таратуда қыруар жұмыстар атқарған Татарстан, Орталық Азияда діни білім беру, ислами оқу-ағарту ісінен мол тәжірибесі, бай тарихы бар Өзбекстан сияқты елдер Қазақ елінің рухани өміріне көп әсер етті. Қазақ халқы құрамына ертеректе сіңісіп, дербес ру атына ие болған тегі араб қожа-молдалар мен Орталық Азия елдерінен сауда жасауға келіп, кейін жерсініп кеткен өзбек, сарт, Ақ патша өкіметінің арнайы тапсырмасымен келген татар діндарлары қазақтарға дінді ауызша уағыздап қана қоймай діни мазмұнды кітаптарды сатып таратты.

Сол кездерден бастап Петербор, Қазан, Уфа, Омбы, Томск, Троицк Орынбор, Ташкент баспаханаларынан шыққан діни мазмұнды кітаптар қазақ даласында кеңінен таратылды.

Мұсылман дінін терең түсінбеген, ислам қағидаларын есте тұтпайтын, бес уақыт намазды қаза қылмай оқымайтын, әйтеуір тілін бұрмалап «кәлима»-ға әрең келтіретін, тіпті әріпті “ләм, мим” деп танымайтын әрбір қазақ отбасы жын- шайтандардан сақтайды деген ниетпен көбінесе ақ матамен қапталынған Құран не болмаса әптиек, мұхтасарларды төрге іліп немесе сандық түбіне сақтап қоятын еді³. Бұл үрдіс әлі күнге жалғасып келеді.

Діни мазмұнды кітаптар қоры отанымыздан басқа бұрынғы Кеңестер Одағының ғылыми-мәдени орталықтары - Мәскеу, Петербор, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Томск, Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Хиуа, Душанбе сонымен қатар Лондон, Париж, Копенгаген, Стамбул, Мысыр, Теһеран, Дели және Пекин мұрағаттары мен кітапханаларында баршылық⁴.

Әйгілі қоғам қайраткері, ғалым Шериаздан Елеуқенов пен филология ғылымдарының кандидаты, библиограф Жұмақыз Жебегенқызы Шалғынбай қазақ кітабының тарихы жайлы былай деп жазады: « ... қазақ кітабының революцияға дейінгі (1917) тарихын негізгі екі дәуірге жіктеп қарауымыз керек. Біріншісі- қолжазба кітап тарихын қамтиды. Екіншісі- түгел баспа кітаптарына арналады. Қазақ баспа кітабы тарихы дәуірін негізгі үш кезеңге бөлеміз. Бірінші кезең 1807- 1867, екіншісі- 1867- 1900, үшіншісі- 1900- 1917 жылдарды қамтиды”⁵.

³ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти т. - Т. 4-й. - Алма-Ата, 1985. - 71 бет.

⁴ Бұл ретте қазақ кітаптану ғылымын алғашқы зерттеушілердің бірі белгілі әдебиетші, ғалым Абусағит Мұсылманқұлұлы Жиреншин былай деген еді: “Еуропа мен Ресейде кітаптану ғылымы ертерек зерттеліп есейгендігін танытса, ұлттық кітаптар тарихын зерттеу ісі әлі күнге дейін дамымай келе жатқандығын мойындауымыз керек. Өйткені республикамыздағы кітаптану ғылымы енді ғана қолға алына бастағандығы баршамызға мәлім. Сондықтан ғылымның бұл саласымен шүкісия шұғылданып, арнайы зерттеп жүргендердің алдында қиындығы мол күрделі мәселе тұрғандығын айтпасқа болмайды. Кітап бастыру ісі жөнінде дербес ғылыми зерттеу немесе түбегейлі материал да жоқтың қасы. Көбінесе кейбір каталогтар, проспектілер, жеке библиографиялық тізімдер, архив документтері мен мемуарлық естеліктер ғана кездеседі”. // Жиренчин А.М. Избранные труды. – Алматы, 2003. – 462 бет.

⁵ Елеуқенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы. – Алматы, 1999. - 4-5 беттер.

Бұл орайда ХІХ ғасырдың орта кезінен бастап қазақ ғылымының этнография, тарих, тіл, әдебиет салаларына қатысты бай құндылықтарын жинап, ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттелуі мен дамуының қанат сермеуіне сүбелі үлес қосқан мәшһүр ғалымдар - Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Әбубәкір Диваев, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, И.Н. Березин, Н.Н. Пантусов, П.М. Мелиоранский, Н.И. Ильминский, А.Е. Алекторов, А.Ч. Шренк, П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Н. Абрамов, Е. Баранов және т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атау қажет.

ҚР MOM қорында жазба ескерткіштердің құнды нұсқалары – Қазақстан тарихына қатысты көне жазба ескерткіштер, араб, парсы, түрік тілдеріндегі діни мазмұнды кітаптар мен сирек кездесетін ескі қолжазбалар, арабы жазулы қабіртастар мен мөрлер, қару-жарақ пен сауыт-саймандар, әртүрлі құжаттарда хатталынған жазулар сияқты құнды деректанулық материалдар сақталынып келеді.

ҚР MOM қорындағы деректанулық материалдар ұзақ жылдар барысында әр қилы жолдармен жинақталған. Атап айтатын болсақ, белгілі зерттеуші ғалымдардан бастап жеке тұлғалар, музей қызметкерлері тарапынан жинақталынды. 1831 жылдан И.А.Кастанье, Н.Н. Пантусов сияқты музейдің алғашқы аға буын зерттеушілері, 1948 жылдан кейін Ә.Х. Марғұлан М.Қ. Қадырбаев, Ә. Жиреншин, Қ. Құрманқұлов, З. Самашев, Н.А. Подушкин, Н. Әлімбаев т.б. жетекші ғалымдардың археологиялық, этнографиялық экспедицияларының іздестіру, жинастыру нәтижесінде қордаланған.

ҚР MOM қорында араб, парсы, түрік тілдерінде хатталынған 114 нұсқа; өзбек, шағатай, татар тілдерінде-30 нұсқа; қазақ тілінде (төте жазулы)- 44 нұсқа үлкенді-кішілі басылымдар, қолжазба кітаптар және жеке тұлғалық қолжазбалар сақтаулы. Осы қордағы діни мазмұнды сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларды мазмұндық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топтамаға бөліп, хронологиялық тұрғыдан межелей бөлуге болады.

1. Құран
2. Құран тәпсірі
3. Мұхаммедия
4. Мұхтасар
5. Грамматикалық оқулық
6. Сөздік
7. Әртүрлі діни мазмұнды литографиялық баспа кітаптар
8. Араб, парсы, түрік, шағатай, ескі қазақ тілді (төте жазулы) қолжазбалар

Музей қорындағы 30 нұсқа Құран кітаптардың біразы шығыстың көне қалалары Стамбул, Бомбей, Мысыр баспаханаларында жарық көрсе, ал қалған көп бөлігі Ресейдің Петербор, Қазан сияқты ірі орталықтарының баспаханаларында шыққан. Омбы, Орынбор, Ташкент, Самарқанд шаһарларының табиғханелерінде (баспа) басылып шыққандары да бар.

Хронологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ қордағы Құрандардың ең көнесі 1650, 1657 жылдары жарық көрген. Бұдан басқа Құран кітаптар

мен әртүрлі діни мазмұнды кітаптар, кітап қолжазбалар 1770, 1786, 1845, 1850, 1858, 1860, 1862, 1863, 1869, 1870, 1872, 1874, 1878, 1884, 1885, 1889, 1890, 1891, 1894, 1895, 1896, 1897, 1898, 1900, 1901, 1902, 1905, 1907, 1908, 1909, 1910, 1911, 1923, 1924, 1925 жылдар аралығында басылып шыққан. Бұл Құрандар мен басылымдар әуелде аталмыш қалалардың мемлекет қарауындағы университеттері мен қазыналық баспаханаларда, сондай-ақ жеке меншік иелерінің баспаханаларында діни сауатты, дәулетті, бай кісілердің қаражатына басылып шығып, қазақ даласына тарап отырғаны байқалады.

Жалпы сирек кездесетін кітаптардың шығу мерзіміне қатысты деректерге жүгінсек, ҚР MOM қорындағы сирек кездесетін кітаптардың қазақ баспа кітаптары тарихының барлық үш кезеңіне қатыстылығын көреміз, тіпті Қазан төңкерісінен кейін шыққандарын да кездестіруге болады.

Бұл жайында Ү. Суханбердина, Д. Сейфуллина былай деп жазады: *“Революциядан бұрын қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың қазіргі Қазақстанның тарихын, әдеби, мәдени өмірін зерттеу үшін маңызы өте зор. Бұл кітаптар тарихи деректерді, архив қазыналарын толықтырып, қазақ халқының саяси, мәдени өмірінен құнды мағұлматтар береді”*⁶.

Қазақстанда таралған сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар көбінесе Қазан, Петербор, Ташкент, Уфа, Орынбор қалаларындағы Чирков, Домбровский, ағайынды Каримовтар мен Хусайновтар сияқты т.б. баспа ісін іскер ұйымдастырушылар тарапынан шыққан кітаптар. Сондай-ақ шетелдерде атап айтқанда Мысыр, Түркия, Үнді, Иран сияқты елдердің шаһарларында шыққандарды да ұшырасады.

1912 жылға дейін қазақтың кең даласында ана тілінде кітап шығаратын бірде-бір баспахана болмаған. Қазақ кітаптарының аталмыш баспаханалардан басылып шығуына сол кездері Ресей қалаларында білім алған қазақ зиялы қауымы үлкен ықпал етті. Сонымен қатар Ресей шаһарларының кітапхана қорлары мен мұрағаттарында қазақ әдебиеті мен тарихына қатысты көне қолжазба үлгілерінің негізгі бөлігінің сақталынуы себеп болса керек.

ҚР MOM қорындағы Құрандар мен сирек кездесетін кітаптардың аталмыш уақыттан ертерек шыққандары да бар көрінеді, әйтсе де көбісінің бас парағы (титульный лист) немесе мұқабасындағы кітап аталымы мен соңындағы мазмұны жазылған парақтарының жоғалып, жыртылып, май жұғып баттасып кірлеуінің, су тиген беттерінің көгеруінің нәтижесінде жазудың көмескіленіп оқылмауына байланысты дәл қай жылы, қай баспаханадан кімнің шығарғандығын анықтау да оңай болмай отыр. Дегенмен мәтіннің тілдік ерекшеліктерін, қағаз түрлері мен жазу үлгілерін, кітап бетіндегі ою-өрнектер, тақырыптар мен тақырыпшалардың және кітаптың негізгі мәтіні жазылған парақтарының безендірілуін, кітаптың негізгі мәтініне қосымша берілген түсіндірмелер мен түзетулерді, кейін

⁶ Суханбердина Ү., Сейфуллина Д.С. Қазақ кітабының шежіресі 1807-1917. – Алматы, 1996. - 5-бет.

жазылған қосымша ғылыми дәйектерді зерттей, сараптай отырып шамамен қай баспадан қай жылдары шыққандығын мөлшерлеп айтуға болады⁷.

Кейбір кітаптар мен қолжазбалардың алғашқы немесе басқа бір беттерінің бірнеше жерінен кейін соғылған мөрлерді байқауға болады. Қара, көк сиямен таңбаланған араб жазулы (орысша мөрде кездеседі-Ж.Б.) дөңгелек немесе сопақ пішінді мұндай мөрлердің ортасына кітап иесі немесе баспахана мекемесінің аты жазылады. Біз аталмыш мөрлердің кітап беттеріне түсуін заңды деп ойлаймыз. Өйткені сол замандардағы әрі сауатты, әрі бай лауазым иелері мен діндар молдалардың жеке меншік мөрлері болған. Олар сатып немесе сыйға алған қасиетті кітаптарына өз есімдері ойып жазылған мөрлерін басып отырған.

Қордағы араб, парсы, түрік тілдеріндегі қолжазба кітаптар сол замандағы мұсылман әлеміне тән шығыстық ою-өрнектермен әшекейленіп безендірілген. Кітап тақырыбы мен тақырыпшасы, негізгі мәтінге берілген қосымша түсініктемелері ірірек жазумен немесе түрлі-түсті сияларды пайдалану, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің, кейде тіпті бүтіндей бір сөйлемнің астын сызу әдістерімен ерекшеленеді. Әдетте негізгі мәтін бір кейде екі-үш қатар сызықпен қоршалған текшенің ішіне жазылады. Кітап парағының негізгі мәтіннен тыс оң мен сол, үстіңгі және астыңғы бос орындары да іске жаратылады. Мұндай бос жерлерге қосымшалар, түзетулер мен түсініктемелер беріледі. Кітап аталымы негізгі мәтіннің алдына немесе соңынан жазылады. Мәтіндегі қысқа дауысты дыбыс таңбалары мен тыныс белгілер орнына (үтір, нүкте, сукун, фатха, кесра, дамма, хамза т.б.) сопақ, дөңгелек пішіндер, үш бұрышты үшкілдер, жұлдызшалар қойылады.

Біз бұл ретте жоғарыдағы аталмыш топтама бойынша Құран кітаптары, тәпсірлер, мұхаммедия, мұхтасар, грамматикалық оқулықтар, сөздіктер, әртүрлі діни мазмұнды литографиялық баспа кітаптар мен араб, парсы, түрік тілдеріндегі қолжазбалардың сипаттамаларын беріп отырмыз:

1. 1. Құран. Көлемі-13x9x4 см. (МОН ТК 3121). Музей қорындағы көне қолжазба Құранның бірі. Мерзімі- 1054 h./1643 жылы.

Өте ескі екендігі сарғайған қағазы мен жазу үлгісінен аңғарылады. Майланған қатты терімен (сафиян) қапталған. Мұқабаның ішкі жақ түбіне жұқа сұр қағаз желіммен түптелген, бұл қағаздың бірінші беті бос, екінші бетіне қара сиямен арабша: 'al-'adaḡāi ḡa-l-baḡdā'i 'ilā yaḡmi-l-qiyāmati - (и бросил нас среди них – вражды и невести к (до) судного дня). Осы бетте төменірек тігінен сәл қиғаштау араб әріптерімен: Bu qurānhān 1054 sane ḡigriye bu yil 1925 yil289 yil bulār – (Бұл Құранһан 1054 жылы һиджри бұл жыл1925 жыл289

⁷ Әрине, баспаханадан шыққан кітаптың оқылуы біршама оңай болғанымен, қолжазба кітапты анықтау үшін біріншіден, көп уақыт қажет етеді, екіншіден, мәтіннің араб хуснихатының (көркем жазу-каллиграфия) белгілі бір жазу үлгісінде адам қолымен сүйектете, өрнектеле жазылуы, араб әріптерінің кескіндері мен қысқа дауысты дыбыстарды беретін қосымша белгілер, әріптердің асты-үстіне түсетін нокаттардың бір-біріне өте-мөте ұқсас болуы, оның үстіне кітапты жазған немесе көшірген кісінің текшенің ішіндегі негізгі мәтіннің асты-үстіне тақап қызыл, қара түсті сиямен шимайлай жазған түсініктемелері және көшіру барысында жіберілген кейбір орфографиялық қателері кітап мазмұнынан адастырып, оқып аудару барысында көптеген қиындықтар туғызады.

жыл болар). Бұл парақтың шеті тігінен қисық жыртылған. Келесі бет түбінен ажырап бос жатыр. Бұл парақта орыс тілінде: «260/К-660 Коран рукописный – 1054 года гиджры. Дата на 7-м листе от конца. Последние 6-ть страниц на персидском языке. Рукопись без нумерации листов». Осы беттің аяқ жағында көк түсті штамптың ішінде: «Антирелигиозный 1939 г. Алма-Ата» деген жазу оқылады. Қара сиямен «КП 3121» деп жазған. Екінші беті бос, шетіне сарғыш дақ түскен. Келесі беттен бастап Құранның мәтіні басталады. Бұл парақтар түбіне қалың қызыл, ақ жіптермен мықтап тігіліп түптелген. Беттелмеген. 696 бетте Құран мәтіні жазылған. 12 бетінде де парсы тілінде мәтін бар. Соңғы беттер қатты кірлеген, ескірген, жазулары өше бастаған.

Тізім бойынша бірінші келетін “Фатиха” сүресі жазылған парағы жоғалған. Кітап “Бақара” сүресінің бірінші аятынан басталады. Сүренің аты, түскен жері, аяттар саны бұл бетте жазылмаған. Алғашқы 6 парақ (12 бет) басқа парақтардан өзгеше жұқалау, сұрғылт, қатқыл. Жазулары ірі, жалпақ және де мәтін тек 9 жолға (қатарға), қара сиямен жазылған. Қалған парақтары сарғыш, тығыз, бұл беттерде мәтін негізінен 13 жолға ұсақ әріптермен өте тығыз жазылған.

1. 2. Құран. Көлемі- 10x7x1,5 см. (МОН ТК 12508). Түркия елі баспаханасынан шыққан. Мұқабасы қоңыр түсті картон, түбі жұқа қара матамен қапталған. Қара сиямен жазылған. Кітап Стамбул литографиялық баспасында басылған. Беттері араб сандарымен нөмірленген. Кітаптың беттері түгел емес. Басы 5- беттен басталады, алғашқы 4 беті жоқ. 414- бет пен 419-бет арасындағы 4-бет жоқ. 514 бетпен аяқталады. 5- беттің бірінші жолы “Бақара” сүресінің 16-шы аятының жартысынан басталады, 514- бетте “Ғалақ” сүресінің 3 аяты және 4-аятының алғашқы бір (’икра ’– оқы) сөзі бар, осы сүренің қалған бөлігі және одан кейін келетін 21 сүре жазылған беттер жыртылған. 414-419 беттерде: “Зухруф” сүресінің 55-аятынан соңғы 89-аятына дейін, келесі “Духан” сүресінің басынан 45-аятына дейін жоғалған. Парақтары түбінен ажыраған, екі жерден қара жіппен тігілген. Мәтін 8–5 см текшенің ішінде жазылған. Сүрелердің аты жолдың ортасына 0,8–5 см жан-жағы безендірілген текшенің ішіне берілген. Онда сүренің атымен қоса түскен жері, аяттар саны да көрсетілген. 414-ші беттің аяқ жағында «КП 12508» деген жазу бар.

1. 3. Құран. Көлемі 16,4x11,6x2,5 см. 530 бет. (МОН ТК 17600). Мысыр басылымы. Материалы картон, қағаз, қара сия және былғары. Мұқабадан кейінгі ашылатын қаттылау қағазда d-28x4,7 см күлгін түсті мөр басылған. Мөрде араб жазуымен: «**Һидая**», яғни «**тура жол**» деп жазылған. **Бұл–«әл-Азһар» университеті шейхының мөрі.** Бұдан кейінгі бас парағында бастырушысы және басылым жайлы мәлімет берілген. Жоғарғы жағында **куфи** жазу үлгісімен “Китаб азиз-Қаситетті кітап, ұлы кітап” деп жазылған. Ортасында **наسخ** жазу түрімен бастырушының аты-жөні: “ас-Саид Мусатафа Назиф Қадырғали” деп жазылған. Бас парақтың төменгі жағында және ең соңғы парағында 2 см. шеңбер салынған. Парақтың ішкі жағындағы 2 см шеңбердің ішінде мешіт бейнеленген. Осы суретті айналдыра араб тілінде: “әл-матба әл-мисрийа уа мактабату ар-рахм құран”- яғни, «**Мысыр баспасы және кітапханасы. Рақымды Құран ілімі**» деп жазылған. Жасаушысы- Илияс ибн Жүсіп Низами. Басылым жылы һижри бойынша– **1389/1924** миләди.

1. 4. Құран. Көлемі- 21x13,5x4,5 см. (МОН ТК 19114). Маңғол шапқыншылығы кезінде мұсылман ғұламаларына пана болған Үнді жерінде дүниеге келген. Материалы: қағаз, қара сия. Түрлі-түсті бояумен әшекейленіп безендірілген. Мұқабасы жоқ. Беттерінің реттік саны қойылмаған. 303 парақ, 606 беттен тұрады. **1288/1870 ж., Бомбейде Абду-л-Мутталиб баспасында басылған.**

1. 5. Құран. Көлемі- 17,5x25,7x5,0 см. (МОН ТК КП 3120/1). Аталмыш Құран кітабымыз араб және орыс тілдерінде жазылған. 3-ші басылым. Мұқабасы қатты картоннан жасалынып, матамен қапталған. Мәтін қара сиямен жазылған. 1169 бет, 584 парақтан тұрады. Барлық беттері түгел беттелген. Жыртылмаған. Аударушысы: **Г.С.Саблуков. Қазан қаласында Орталық баспаханада 1907 жылы** басылған. Мазмұнының аяқ жағында **үш бұрышты мөр** бар. Мөрде “Управление по делам Архитектуры при, №, Библиотека СМ Каз.ССР» деп жазылған. Дөңгелек мөрде: «**Риза Дмитриевич князь Орлов-Малиновский**» деген жазу, ортасында герб бар.

2. 1. Құран тәпсірі. Көлемі- 25,5x33,3x5,5см. (МОН ТК 5874). Парсы тілінде. 336-парақ. 672- бет. Парақтары араб сандарымен нөмірленген. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім 5-беттен 372-бетке дейінгі аралықты қамтиды. Екінші бөлім 2-беттен басталып, 376-бетпен аяқталады. Негізгі мәтін ұз-28 см, ені-17,5 см текшенің ішіне араб әріптерімен парсы тілінде жазылған. Баспа әрпінің биіктігі-0,8мм. Қағазы-жылтыр, қаудырлақ. Кітапта қасиетті Құран кәрімдегі 114 сүренің әрбір аяты парсы тілінде тәпсірленген. Бірінші бөлімде “Фатиха” мен “Исрә” сүрелерінің аралығындағы 17 сүре тәпсірленіп, парсы тіліндегі толық түсіндірме-мағыналары берілген. Екінші бөлімде “Кәһф” пен “Нәс” сүрелері аралығындағы 97 сүре қамтылып, парсыша түсініктемелері берілген. Құраннан алынған аяттар үлкен әріптермен арабша басылып, астыңғы жақтары қызыл және қара сызықтармен әдейі сызылған. Мұқабасы қою жасыл түсті. Мұқаба қалың картоннан жасалынған. Оның бұрыштары қажалып үгітілген, қатпар-қатпар қағаздары ыдыраған, бояуы кетіп ақтаңдақтанған. Мұқабаның үстіңгі беті ортасынан қақ айырылып жыртылған, ортасына және оның екі жақ шетінде ромб пішінді гүлжапырақтармен безендірілген әртүрлі көлемдегі үш өрнек салынған. Ою-өрнектер сырылған, қарайған, өрнектері мүлдем көрінбейтін хәлге жеткен. Жыртылған екі бөлігі екі жерден ұз-2,5 см, ені-1,3 см жұқа қаңылтыр темірмен жалғастырып бекітілген. Кітап түбі қоңыр түсті терімен түптелген. Түп терінің бояуы сырылып өшуге айналған, тесіліп айырылған, желімнен ажыраған. Мұқабаның екі жақ бетінің ішкі жақтарында желімнен ажыраған қағаз қалдықтары қалған. Кітаптың бас парағына (5-бетке дейін) нөмірленбеген 4 сары парақ жапсырылған. Ол парақтарға Құран сүрелерінің аяттары, әртүрлі мазмұндағы дұғалар және аңыз-хикаялардан алынған үзінділер бірнеше адамның қолымен қара қарындаш, көк, қара, қызыл сиялармен бейберекет жазылған. 1-бөлім мен 2-бөлімдердің бас парағында парсы тілінен тәржімалағанда мынадай мағыналы сөйлемдер берілген: “Бұл әйгілі Құран тәпсірін Әмір Низамуддин Әлишердің тұсында соның тапсырысы бойынша 897 хижри жылының басында жазуды бастаған гераттық дін уағыздаушы Камаладдин Хусейн оны (еңбекті) хижри бойынша 902 жылы аяқтап, содан кейін Сұлтан Хусейн Мирзаның қолдауымен 910 хижри жылында **Гератта** жарыққа шығарды”. Кітап хижра бойынша 1278 жылы (1861ж.) **Парсы елі баспаханаларының** бірінде басылып шыққан.

3. 1. Мұхаммедия. Көлемі - 33x22x3 см. (МОН ТК 5863). Мұхаммедия араб әліпбиімен татар тілінде жазылған. 13-тараудан тұрады. Беттері 1-379-ға дейін араб сандарымен белгіленген. Кітаптың жалпы мазмұны Мұхаммед пайғамбар өміріне арналады. Сонымен қатар кітапта ислам дініне, Аллаһтың елшілеріне қатысты тарихи мадақ өлең мен поэмалар берілген. Кітаптағы арнайы тараулар: Адам ата мен Хауа ананың жаратылуы”, “Пайғамбардың сахабалары”, “Дұғалар” “Жәннат және жәннан”, “Ақыр заман” т.б. болып келеді. Кітаптың негізгі мәтіні татар тілінде, ал Құраннан келтірілген аяттар, хадистер, тарау тақырыптары мен мазмұны араб тілінде жазылған. Мәтін өрнектелген текшенің ішіне жазылған. Бұл Мұхаммедия кітабы музей қорына **1947 жылы М.Ж.Көпеев кітапханасынан баласы Ф.М.Жүсіповтың** тапсыруымен түскен.

4. 1. Мұхтасар. Көлемі-27x19x4 см. (МОН ТК 15949). «**Muhtasar tarihi** ‘**umumi-Жалпы тарих мухтасері**». Материалы: қағаз, картон, қара сия. Түркияда басылып шыққан. Адам атадан XIX ғасырға дейінгі кезеңдерді қамтитын қысқаша тарихи шолу. Араб әліпбиінің негізінде түрік тілінде жазылған. Кейбір атаулар жақшаға алынып

латын әріптерімен жазылған. 3 қисм, 6 фасл. Әр фасл бірнеше бабқа бөлінген. 351 беттен тұрады. Авторы: Мухам Мурад. Иесі (сахибы) – кітапші Қурибат. Білім министрлігінің рұхсатымен екінші рет басылды. Баспахананың мекен-жайы – Баб Али көшесі, 20, **Стамбул, жылы–1302/1884** деп жазылған. Соңғы 301-бетке 3,8x2,5 см сопақ пішінді **көк мөр** басылған. Мөрде: “Мухамедъ Галимъ Ахмедъ Валиевичъ Габдурахмановъ. Г.Петропавловскъ” деп кирилл әріптерімен жазған.

4. 2. Мұхтасар. Көлемі-20x16,3 см. (МOM ТК 5867). Бұл мұхтасар араб және орыс тілдерінде жазылған. **Аты: «Muhtasaru-l-Uaqājat fi masā’ili-hidāiati - Тура жолға бастау мәселелерінің қысқаша ескертуі».** 234-беті араб тілінде, 92-бет орыс тілінде хатқа түскен. Авторы: Имам Абидулла бин Масғуд бин Тадж аш-Шариға. **Қазан. Университет баспасы 1843 ж.** Бұл кітапты жарыққа шығарған шығыстанушы Мырза Александр Казем Бек. Кітаптың 1-бетінде **“Его Превосходительству высокостепенному Хану Джіань-Гиру Букееву, усердно посвящаетъ Мирза Александр Казем-Бекъ”.** 2-бетінде “Мухтесерюль– вигкаетъ или сокращенный вигкаемъ курсъ мясюлманского законовѣднія по школь Ханефидовъ. Издан въ первый раз въ свѣтъ ординарнымъ профессором Казанскомъ Университетѣ, членом-корреспондентомъ императорской С.Петербургской Академии наук, членомъ обществъ: Королевского Великобританского и Ирландского Азиатского въ Лондонъ, Корелевского Съеверных антикваріевъ въ Копенгагенъ и проч. и проч. Мирзою Александромъ Каземъ Бекомъ”. Кітаптың 92- беті орыс тілінде жазылған. Онда: кіріспе, “иждахат” юриспруденция элементтері, көне заманнан бері **Сунниттердің** заң жүргізу жүйесі, заңгерлер және олардың құқықтары туралы жазылған. Ал қалған 234-бетіндегі негізгі еңбек араб тілінде аудармасыз берілген. Негізгі еңбекте мынадай тақырыптар қарастырылады: 1. «’at-taḥ ārat – таһарат – тазалық туралы – 2 бет», 2. ’as-salāuat – салауат – намаз оқу – 12 бет», 3. «зекет - ’az-zakauat –зекет беру – 37 бет», 4. ораза - ’aṣ-ṣaum – ораза тұту–44 бет», 5. қажылық-’al-ḥajju – қажылыққа бару», 6. «’an-nikāḥh–некелесу–60 бет». Осы сияқты шариғат заңдары қарастырылады. Осы танымал кітаптың авторы Абидулла бин Масғуд “Садру-ш-Шариға” атты кітап жазған. Ол юриспруденция білгірі атасының “Бурһану-ш-Шариға” атты бірнеше томдық Ханафия мазһабы (діни ағым) бойынша жазған діни-заң кітабын жеңілдету үшін 70 есе ықшамдап «Аль-Викает» атты еңбегін жазады. Өсе келе білімін арттырған Абидулла бин Масғуд осы кітаптың мағынасын жоймай тағы ықшамдап өзінің осы «Мухтасар әл-викает» атты еңбегін дүниеге келтіреді.

5.1. Грамматикалық оқулық. Көлемі-22x15,4x2,2 см. (МOM ТК 21458). **Араб тілінің грамматикасына** арналған оқулық. 86 парақ. 172-бет. Парақтары араб сандарымен нөмірленген. Мұқабасы қатты картоннан жасалынып қоңыр түсті терімен қапталған. Терінің беті сырылған. Бояуы кеткен, әр бір жері ойдым-ойдым тесіліп, қабыршақтанып түсе бастаған. Мұқаба түбінің терісі жартылай айырылып жыртылған, көн болып қатып қалған. Мұқабаның екі жақ бетіне ұз-20 см, ені 11,5 см. ақ қағаз желімделген. Қолжазбаның жартысынан аз бөлігі көк түсті параққа, қалған бөлігі сарғыш түсті параққа жазылған. Мәтіннің жан-жағына араб тілінде ұсақ жазумен түсініктемелер берілген. Жекелеген сөйлемдер мен сөздердің асты қара сиямен сызылған. Парақтары су май, сия жұғып ластанған. Сөйлем ішіндегі жекелеген әріптер қызыл сиямен таңбаланған. Қолжазба араб тілінің **фонетика** саласына арналған оқулық түрінде жазылған. Қолжазда араб тіліндегі 28 әріптің әліпби жүйесі бойынша орналасу тәртібі, дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлінуі, араб тілінде дауысты дыбыстар «әлиф, уау, иай-дифтонгтары» ал, қалған 25 әріптің дауыссыз екендігі туралы және олардың араб тілінің дыбысталу ерекшеліктеріне қарай «камария және шәмсия» әріптеріне бөлінетіндігі, тамақ, мұрын дауыссыздары, тілдегі дауыссыз дыбыстардың қосарланып келуі, дыбыстардың жуан және жіңішке болып айтылуы сияқты грамматикалық мәселелерді қарастырады. Қолжазбаның авторы, мекені, қай жылы жазылғаны белгісіз.

6. 1. Арабша-түрікше II-томдық сөздік. XIX- ғ. Көлемі- 23x14,5 см. (МOM ТК 214526). Парақтары араб сандарымен нөмірленген. В.И. Лениннің таңдамалы

шығармасының мұқабасына салынған. Түбі желімделмеген. Парақтары сарғайып, тігіс жібінен ажыраған. Кітап 19- беттен басталып 1201-беттен аяқталады. 1-бетпен 19-бет аралығындағы парақтары жоғалған. Баспахана мен құрастырушы автордың аты-жөні белгісіз. Мәтін қара сияны қолдана отырып ұсақ араб баспа әріптерімен текшенің ішіне әліпби жүйесінің ретімен жазылған. Сөздіктегі белгілі бір араб сөзінің тұсына сол тілде және түрік тілінде сөздің мағынасы, аудармасы немесе синонимдері берілген. I-том 19-беттегі «әлиф және ха» бөлімінен басталып, 616-беттегі «дад және йа» бөлімінен аяқталады. II-том 617-ші беттегі «та және бә» бөлімінен басталып, «һа және йа» бөлімінен аяқталады. Араб тілінде етістіктердің 16 бабы (түрі) бар. Араб грамматикасының морфология саласы бойынша дұрыс етістік түбірі үш дауыссыз дыбыстан құралады. Бұларды дұрыс етістіктер дейміз. Сөйлем құрауда негізгі 10 жиі қолданылады. Әр бабтың сөзжасау формасы (қалыбы) бар. Аталмыш тілде төрт түбірлі, ара-кідік бес түбірлі етістіктер де кездеседі. Сонымен қатар қосарланған етістіктер, хамзалы етістіктер, бос етістіктер т.б. етістіктер түрлері араб лексикалогиясында кеңінен қолданылады. Аталмыш сөздік араб әліпбиі негізінде жасалған. Сөздер араб әліпбиінің бірінші әрпі әлифке қалған 27 әріптің, яғни өз кезегінде қалған 28 атаулы әріпке (араб тілінде 28 әріп) рет-ретімен жалғанып келуі арқылы берілген. Мысалы: араб тіліндегі «әлифке» келесі әріп «бә» әрпі және оған келесі «тә» әрпі, оған келесі «дәл» жалғанып «әбд- әбәдә» түбірі тұрақсыз бастапқы хамзалы етістікті береді. Осы «әбд» түбіріндегі «ә-әлиф»- араб тіліндегі бірінші әріп, «б-бә»- екінші әріп, «д-дәл»- сегізінші әріп қосылып бір сөздің мағынасын білдіріп тұр. Араб тіліндегі «әбәдә» етістігі түрік тілінде «жабайылану, тағылану» деген мағына береді. Сөздіктегі сөздер тізбегі ары қарай араб тіліндегі сөздердің алғашқы қалыптасу, айтылу тегіне және әріптердің әліпби жүйесіндегі орналасу тәртібіне орай «әлиф+бә+тә+сә+джим+ха+ха+дәл+зәл+син+шин...» болып жалғаса береді. Сөздікте діни, жағрапиялық, тұрмыстық заттар атаулары молынан ұшырасады. Сөздіктің түркі тілдерін араб, парсы тілдерімен салыстыра зерттеудегі маңызы өте зор. **Кітап Стамбул қаласында** басылған. Авторы мен шыққан баспаханасы белгісіз.

7. 1. Әртүрлі діни мазмұнды кітап. Қолжазба. Көлемі- 18x22,5x4 см (МОН ТК 5875). Аталмыш құнды қолжазба араб және түрік тілдерінде аралас жазылған. Материалы: қағаз, сия, мата. Беттелмеген. 305 парақ, 610 бет, беттері түгел емес. **Діни және грамматикалық** тақырыптарды қамтитын бірнеше бөлімдерден тұрады. Қолжазбаны бірнеше адам жазған, себебі жазу түрлері, тілі, қатерлер саны (9, 12, 13, 23 қатар), ұзындығы әр түрлі. Қағазының көлемі бір келкі емес, түзу кесілмеген. Парақтары қалың кендірмен және қызыл түсті жіңішке жіппен дөрекі түптелген. Ең соңында кітап түбінің қалың жібін бірге қамти бір парақ жұқа көк қағаз мұқабаның түбір жақ жиегіне желімделген. Өрнектелген текшенің ішіне төмендегі мәтін жазылған. Осы шығармада қарастырылған кітаптар саны: 1. Имам Замахшаридің “Мафсулі”; 2. әл-Қади Джамалу-д-Дин әл-Мисридің «Шарху-л-мафсулі»; 3. Имам ас-Сығанакидің «Шарху-л-мафсулі»; 4. аш-Шайх ар-Радидің “Шарху-л-кафийати”; 5. аш-Шайх ал-Хабисидің «Шарху-л-Кафийати»; 6. аш-Шайх ибн Джуманың «Шарху-л-кафийати»; 7. әл-Ариф ал-Джамидің «Шарху-л-кафийати»; 8. әл-Имам әл-Асфара’инидің «ли-Баби-л-’и’раби»; 9. ас-Самджа’идің «Шарху-л-әлфийати»; 10. Мухаммад аз-Заннидің «әл Муктадаб ли-л-адиби»; 11. Ибраһим Эфендидің «Та’лифу-л-хаджи»; 12. аш-Шәйх ибн Хишамның «Мағнан ли-л-ләбиби». Қолжазба араб тілінде басталады, алғашқы бірнеше бетінде хадж (қажылық) талаптары сөз болады, аяқталмаған. Келесі бөлімнің кіріспесінде автор барлығы 40 бөлімді қамтиды. Автор: “әр бөлімде 10 хадистен тұратын пайғамбар хадистерін, ауызша ахбарлар мен риуаяттарды бір кітапқа жинадым. Кітапты “Китабу-л-Баб” деп атадым” деп жазған. Бірінші бөлімде ғылым пайдасы жайында мағұлматтармен қатар араб тілінде хадистер берілген. Келесі бөлімдерде “шаһадат кәлипасы” мен “бисмиллаһ” сөздерін айтудың пайдасы мен маңызы, “қабір азабы”, “аспан қақпалары”, “жәннат”, “күнәһарлық”, “қиямет күні”, “иман”, туралы жазылған. Жиектері қатты

жырымдалып жыртылған, қағаздары үлдіреген келесі бір парақта көк сиямен түркі тілінде “аруақтарға бағыштап оқыған құран қабыл болсын” деп жазылған. Мәтін соңы ары қарай жоғалған “Өсиетнамамен” жалғасады. Келесі бөлімдерде фикһ (үлкен мұсылман заңы) жөнінде және намаз шарттарын түсіндіретін араб тіліндегі мәтінмен қатар араб тілі мен түркі тілдеріндегі “етістіктер мен әлсіз әріптер”, “етістіктердің түрлері” т.б. грамматикалық мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар шарифат пен мұсылман парыздарын түсіндіретін түркі тіліндегі бөлімдер бар. **1947 жылғы Павлодар обылысы, Баянауыл аудандық экспедициялық жинамы. Мәшһүр Жүсіп Көпеев кітапханасынан алынған.**

8. 1. Қолжазба. Көлемі- 23x33x5,5 см. (MOM ТК 3122). Кітап «**Salawat Mas‘udi turki- Салауат Масғуд түрки**» деп аталады. Түрік тілінде. Материалы: қағаз, картон, ағаш, сия. Ислам діні негіздерін талдап түсіндіреді. Парсы тілінен түркіге аударып, араб әріптерімен жазылған. Парсы тіліндегі авторы: Шейх Факих Заһир Масғуд бин Махмуд бин Йусуф Самарқанди. Орталық Азиялық түркіге аударушының аты белгісіз. Беттері түгел, түптелген, араб сандарымен беттелген. Үш томға бөлінген. Барлық беттердегі мәтін 26,5x15x5 см сарғыш жылтырақ жолақшалармен қоршалған. Әр томның басы 10x15,5 см тұтас гүлжапырақтардан тұратын сарғыш өрнекпен басталады. 1-том: 4-328 бб., 2-том: 1-313 бб., 3-том: 314-538 бб. Мазмұны бөлек беттелген: 1-4 бб. Кітаптың 1 және 2,3 беттерінде аударушының атынан осы кітапты парсы тілінен түркіге аударудың маңыздылығы, пайдасы туралы жазылған: Ол (Масғуд) 84 құрметті кітаптардан (діни кітаптар) тақырыпша таңдап алып және 125 әйгілі сахабалардан хадистер келтіріп, 129 әзізләрден риуаяттар жазып, барлық мәселелерді арабшадан парсыға аударып парсылар үшін қымбат, қажетті кітапты дүниеге келтіріп үлкен бір сый жасады. Халық бұл сирек гауһарды (еңбекті) көп қажетсінгендіктен нұсқаны көбейтуге деген қажеттілік туды. Үндістанда және басқа мемлекеттерде қайтадан басылып елден елге тарады, бірақ нұсқаларда шектен тыс қателер жіберілді. Ғалымдар мен оқымыстылардың бір мәжілісінде осы кітап туралы сөз болып, кім де кім оны қате жібермей түрік мемлекеттерінің тіл ерекшеліктеріне сай түрік тіліне аударса ол барлық түркілерге үлкен пайда келтіріп, кітап дұрыс жатталып, таралар еді, сондықтан оны түрік тіліне аудару керек деп шешім қабылдады. Бұл істі еш қатесіз өз тілінде жазу керек, себебі қазір Русия мемлекетінде ғажайып фабрикалар, машиналар пайда болып түрлі-түрлі кітаптар шығару мүмкін болды. Қоқандық бір шайыр осы кітапты түрік тіліне аударған екен, оның нұсқасын көрдім, арабшасы нашар болғандықтан және фикһпен (мұсылман заңы) таныс болмағандықтан көп діни мәселелерде біршама қате жіберген екен. Құдайдан көмек тілеп, бөлек, дұрыс аударма жасауға шешім қабылдадым. Құдайым тілімді және қаламымды қатеден сақтап, бастағаным аяғына жетсін, әмин! **«Самарқан уәлаяты Димуров баспаханасында безендіріліп көркем басылып шықты».**

Овалдың үстіне және астына түркі тілде осы кітаптың жазылу себебі, мақсаты сөз етілген қара түспен ұсақ жазылған мәтін орналастырылған. Одан төменірек, жолдың ортасына кирил әріптерімен: Дозволено цензурою С.-П.-бургъ 11 октября 1904 года Типо-лит. Г.Н.Димурова въ Самаркандъ.

Құран кітабын мұсылмандар: “Китәбу-л-лаһи” (Аллаһтың кітабы), “Құран кәрім” (Жомарт кітап), “Китәб шәриф ” (Атақты кітап), “Китәб ғазиз” (Құдіретті кітап), “Зикр хақим” (Даналықты еске алу), “Кәләм шәриф”(Адал сөз), “Мусхаф шәриф” (Қасиетті қолжазба) деп атап ерекше құрметтейді⁸.

⁸ Бастапқыда Құран ауызша тарады. Мұхаммед (с.ғ.с.) қайтыс болғаннан кейін Әбу Бәкір халифа Құранды жатқа білетін қарилерді жинап, ислам діні ғұламаларының арнайы қатысуымен Құранды хатқа түсірді. Осы еңбектің нәтижесінде Китәб мусхаф дүниеге

Сонымен қатар музейімізде қорды байытып отырған әртүрлі көлемдегі діни мазмұнды кітаптар мен қолжазбалар бар. Аталмыш діни кітаптар мен қолжазбалар алуан түрлі діни тақырыптарды қамтиды. Бұл еңбектердің біразы адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрыс мәселелерін қарастыратын жалпы мұсылманның әлеуметтік өмір сүру нормалар жиынтығы - фикһа (үлкен мұсылман заңы) арналған. Фикһа Құран мен Суннәдан сұрыптап алынған заңдар жинақталған.

Қорда Қазан қаласынан шыққан әрі өзі, әрі мазмұны да жұқа кішкентай кітаптар мен кітапшалар көп кездеседі. Мұндай шағын кітапшалар (брошюра) “Адам ата мен Һауа ана”, “Пайғамбарлар”, “Періштелер” “Сахабалар”, “Аюбилер”, “Фатимидтер”, “Абассидтер”, “Селжүктер”, “Омеядтар” сияқты т.б. ислам тарихына қатысты көлемдірек тақырыптармен қатар “Намаз түрлері”, “Дұғалар”, “Таһарат алу”, “Ғұсыл алу”, “Азан

келді. Отыз үш мың сахаба бір түйінге келіп, қасиетті қолжазба Құранның хақтығына, әрбір әрпінің дұрыстығына кепілдік берді.

Ислам діні ілімдері жинақталған күллі мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран. Құран Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) 610-632 жылдар аралығында Мекке мен Мәдинәда Аллаһтан аяндар түрінде алған өсиеттерінің жинағы. Құран (арабша “оқу” деген мағына береді) әр түрлі көлемдегі 114 сүреден (тарау) тұрады. Сүрелер ұзақ және қысқа болып рет-ретімен орналасқан. Құранның бастапқы параларында мәтіні ұзақ сүрелер, соңына таман мәтіні қысқа сүрелер берілген. Ең ұзақ “Бақара” сүресінде 286 аят, ең қысқа “Насыр” сүресінде 3 аят бар. Құрандағы сүрелер Меккелік және Мәдинәлік болып екіге бөлінеді. Меккелік сүрелер саны 86, Мәдинәлік сүрелер саны 28. Әрбір сүре аяттардан тұрады.

Құранды дауыстап оқуға жеңіл болу үшін 30 бөлімге бөліп оқиды. Бөлім арабша “жүзүн”, қазақша бұл “сипәрә” немесе “пара” деп аталады. Ал үлкен мешіттерде оқу үшін 60 хизбке (бөлікке) бөлінеді.

Үшінші халифа Осман Құранның алты нұсқасын бастырып шығарып, оларды Бахрейн, Дамаск, Мысыр, Бағдат, Иемен, Мекке және Мәдинә қалаларына таратты. Бүгіндері әлемдегі Құран кітаптардың барлығы осы жеті нұсқаның көшірмелері болып табылады. Бүкіл Құран кітаптарының мағыналарында ешқандай айырмашылық жоқ.

Құран тәпсірі (Тафсиру-л-Құран- Құран сүрелері мен аяттарына мағыналық терең түсінік беру) алғашында халыққа ауызша жетіп отырды. Жекелеген сүрелер мен аяттарды мешіттерде жұма хутбасынан кейін имам түсіндіретін еді. Әйгілі тәпсірлерді ат-Табари, аз-Замахшари, әл-Байдауи, Фахр ад-Дин ар-Рази, әл-Кутубилер жазды.

Тәпсірдің суннәмен (Суннәт расул Аллаһ- Аллаһ елшісінің әдеп-үлгілері) тығыз байланысы бар. Суннә- Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өмір сүру принциптерінің үлгісі, ислам әлемі мен әрбір мұсылман баласының қоғамдық мәселелерін реттейтін сала. Суннә да әуелі ауызша насихатталып Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың сахабалары мен әйелдерінің жадында сақталынып, кейін әл-Бухари (870 жылы қайтыс болған), әл-Муслим (875 ж. қ.б.), Әбу Дауд (888 ж. қ.б.), ат-Тирмизи (892 ж. қ.б.), ан-Насаи (915 ж. қ.б.), ибн Маджа (887 ж. қ.б.) сияқты ислам ғалымдарының тарапынан топтастырылып хадис (әңгіме, жаңалық) ретінде хатқа түсірілді.

Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өмірі және оның Аллаһ тағала жарылқауымен атқарған пайғамбарлық қызметі, игі істері жайында жазылған кітапты “Мұхаммедия” дейміз. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар 632 хижри жылы қайтыс болғаннан кейін ол туралы «ілім» пайда болып, көптеген кітаптар жарық көрді. Мұсылмандардың тұрмыстық әдет-ғұрыптары пайғамбарлық өмір сүрудің дәстүрлі қағидаларымен байланыстырылды. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) іс-әрекетері жайындағы аңыз-әңгімелер мен хабарлар исламның арқа сүйер негізгі қағидаларының біріне айналып, мұсылман тарихнамасы мен әдебиетінен орын алды. Сонымен бірге Мұхаммедия аясында жазылған еңбектерде алғашқы пайғамбарлар мен ислам халифатын құруға ат салысқан сахабалар мен Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жақын туыстары турасында да көлемді мағұлматтар беріледі.

Мұхтасар араб тілінен аударғанда “қысқартылған” деген мағына береді. Әдетте мұхтасарда ислами тақырыптарға қалам сермеген ғалымдардың үлкен еңбектерінің мазмұны ықшамдалынып беріледі. Сондай-ақ мұхтасардың тағы бір ерекшелігі белгілі бір дінтанушы ғалым алдақашан жарық көрген діни кітаптар авторларының еңбегіне сүйене отырып кітаптағы уақиға желісін қысқа және ұтымды жеткізеді.

шақыру”, “Кәлима айту” “Мәсх тарту”, “Намаз оқу”, “Зекет беру”, “Ораза ұстау”, “Қажылыққа бару” т.б. сынды ұсақ тақырыпшалар мен қысқа сүрелерді қамтудан ары аспайды. Осы тектес кітапшалар мұсылманша хат танытын әрбір пенденің күнделікті оқитын “қойын кітабы” ретінде пайдаланылып отырған болса керек.

Ислами бағыттағы кітаптардың шығу тарихына көз жүгіртсек аталмыш кітаптардың мұсылман заңдары мен қағидалары топтастырылған Алланың сөзі – Құраннан бастау алатындығын көреміз. Құран Кәрімдегі тарихи уақиғалар, исламнан бұрынғы халықтардың тағдыры, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбармен оған дейінгі басқа пайғамбарлар мен нәбилердің өмірбаяндары, олардың дін жолында атқарған игі істері, көрген қиындықтары мен мұқтаждықтары көптеген діни кітаптардың сюжеттік құрылымына арқау болды.

Мұсылман мәдениеті мен әдебиетінің қарқындап дамыған ғасырларында көптеген діни мазмұнды кітаптар, қиссалармен қатар алуан түрлі ғылым салаларын қамтыған дүние жүзілік озық туындылар дүниеге келді, әлемдік өркениеттің асыл қазынасына айналды.

Лекция 14 Құлпытас, сәулет ескерткіштерінің сипаты мен атрибуциясы

ҮЛГІ

Белтенев Ж.М. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы араб жазулы эпиграфикалық ескерткіштердің тарихи деректілігі / Қазақтану халықаралық ғылыми журнал №2 (03) 2007 ж. 75-87 б. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Түркология ғылыми-зерттеу орталығы. Шымкент қаласы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ АРАБ ЖАЗУЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІЛІГІ

ҚР МОМ-дің ғылыми қызметкері Ж. Белтенев

Әлем мәдениеті тарихында араб жазуының орыны бөлек. Жазу адам ойын тек қана жазбаша жеткізу не болмаса әдеби шығармаларды, ғылыми зерттеулерді, әкімшілік іс-қағаздарын хаттау ғана емес, ол сонымен қатар белгілі бір тарихи кезеңнің дәлме-дәл уақытын көрсететін құжат, дәлелді дерек ретінде де қызмет атқарып келеді.

Араб мәдениеті халифат құрамындағы бөтен халықтар мен ұлыстарға көп ықпал етті. Жылдар өткен сайын ислам діні жергілікті халықтар арасында күшейе түсті. Мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранмен бірге енген араб тілі өзара қатынас құралы қызметін атқарумен қатар жергілікті ұлыстар мен ұлттардың жазу тарихына түбегейлі өзгерістер енгізді.

Бұл жайында белгілі ғалым, шығыстанушы В.А. Крачковская былай деп жазды: *“...Так образовались памятники арабской эпиграфики у народов иранского, тюркского и монгольского происхождения, часть которых жила, живет и поныне на территории СССР. Сила арабской культуры была настолько велика, что она вовлекла в свою сферу*

также не исламизованные страны и население. Примером для данного случая служат христианские народности Кавказа, особенно Армения и Грузия” (1, 128).

Қазақ даласындағы эпиграфикалық ескерткіштер - құлпытастардың басым көпшілігі Батыс Қазақстан өңірінің тарихи елді-мекендерінде мол шоғырланған. Жетісу, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аймақтарында да кездесіп жатады.

Құлпытас - негізінен Батыс Қазақстанда аса кең тараған қазақ тас ескерткіштерінің ерекше бір түрі. Бұл-қабірдің батыс жағына тігінен тұрғызатын тас бағандар. Құлпытастар - пішіні жағынан сан түрлі, сәндік- композициялық жағынан да бай, әр алуан шағын пішінді қабір үсті ескерткіштерінің бірі (2, 78).

Қазақ халқының дәстүрлі өлікті жерлеу ғұрпында бұл фәниден мәңгілік бақилыққа қайтқан марқұмның басына артында қалған ұрпақтары арнайы мұсылманша белгі орнатыны ежелден белгілі. Сондай құлпытастардың бірсыпырасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорында сақталып отыр. Бұл құлпытастар музей қорына әртүрлі жолдармен келіп түскен. Бірнешеуі арнайы экспедициялық жинақ кездерінде табылса, ал кейбіреуін кездейсоқ кісілер өткізген. Атап айтсақ, екі құлпытасты (ТҚ* 26248/4; 21926) 1886 жылы Н.Н. Пантусов (1849-1909) Сазанды ауылынан 12 шақырым жердегі Ақсу өзенінің бойынан, бір құлпытасты (ТҚ 19662/1) 1948 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы тапқан. Ал қалған материалдарды кім өткізгені жөнінде музейдің қорды есепке алу бөлімінің тіркеу кітаптарында ешқандай дерек жоқ.

ҚР МОМ қорындағы төрт құлпытастың ғана (ТҚ 26248/5; 26248/6; 26248/8; 634/1 уақытша тіркеу нөмірі) хронологиялық уақыты көрсетілген. Аталмыш құлпытастар 1867, 1871, 1875 жылдар аралығында қойылған. Қалған құлпытастардың сақтамы нашар болғандықтан тарихи уақытын анықтау мүмкін емес, ал кейбіреуінде мүлдем жазылмаған. Олардың тарихи мезгілі мұсылман күнтізбесі (Һижра) бойынша берілген. Біздің пайымдауымызша құлпытастар XVIII-ғасырдың соңы мен XIX-ғасыр кезеңіне жатады.

Осыған орай музей қорындағы зерттеу нысанына алынып отырған 15 сақтау бірлік құлпытасқа назар аударайық. Аталмыш құлпытастар пішіні жағынан әр алуан болып келеді. Кейбіреуінің сыртқы пішіні сопақ, екі ұшы дөңгеленіп біткен, ал келесі біреуі тақтадай жалпақ немесе төртқырлы ұзыншақ болып келген. Құлпытастардың көлемі біркелкі болмағандықтан салмақтары да әрқалай.

Белгілі ғалым С.Е. Әжіғали қазақ даласындағы құлпытастарды мынадай түрлерге бөліп көрсетеді: *“Стелы делятся на пять больших разрядов: грубые из необработанных или первично обработанных блоков, художественные (классические кулпытасы), ферты, антропоморфные и уникамы. Между этими разрядами имеются переходные типы памятников” (3, 319).*

Осыған орай ҚР МОМ қорындағы құлпытастарды табиғи жаратылысы мен ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтастыруға болады:

1. Граниттен (өзеннің табиғи көк тасы) жасалған құлпытастар (ТҚ 26248/1; 26248/2; 26248/3; 26248/3; 21926; 26223/1) – 6 сақтау бірлік
2. Рақушниктен (ұлутас) жасалған құлпытастар (ТҚ 26248/5; 26248/6) - 2 сақтау бірлік
3. Сланецтен (қара түсті тақта тас) жасалған құлпытастар (ТҚ 19662/3; 634/1) - 2 сақтау бірлік
4. Кварциттен (күмдақты ақ сұр тас) жасалған құлпытастар (ТҚ 634/2; 26248/8) - 2 сақтау бірлік
5. Күрең түсті жалпақ плита тастан (ТҚ 19662/1) жасалған құлпытас – 1 сақтау бірлік
6. Кірпіш пішінді күрең қызыл тастан жасалған құлпытас (ТҚ 26248/7) - 1 сақтау бірлік
7. Ақ сұр түсті құрылыс плитасының фрагменті (ТҚ 19662/8) - 1 сақтау бірлік

Музей қорындағы құлпытастар шебердің қолынан арнайы өңделіп шыққан материалдарға ұқсамайды, тастарға араб тіліндегі мәтіндерді әркім өзінше қашап жазған. Сондықтан болуы керек әріптердің биіктігі, қашалып жазылған тереңдігі бірдей емес. Эпитафия құлпытастардың тегістеу бетіне, кейбірінің бір жақ бүйіріне (ТК 21926) араб әріптерімен қашалып жазылған.

Кейбір құлпытастардың эпитафия түскен беткі жақтары да тегіс емес, дөнес, екі жақ бүйірі шығыңқы немесе ойыңқы, пішіндері де біркелкі болмағандықтан ені мен ұзындығы, биіктігі мен қалыңдығы сәйкес келе бермейді. Қордағы құлпытастар композициялық және стильдік жағынан Батыс Қазақстан өңіріндегі әрі ірі, әрі көлемді көркем өңделген тастардай емес, шағын және оларды өңдеуде арнайы оймыш техникасы қолданылмаған, тұрпайы өңделген. Бұл олардың тегістеу беткі жақтарына түскен арабша жазу үлгілерінен де байқалады. Жергілікті халық марқұмдардың басына белгі қою үшін өздері мекендейтін елді-мекендердің қарапайым табиғи тастарын таңдап алғаны көрініп-ақ тұр.

Әрине, құлпытас орнатушылар кез келген тасты ала салып жаза берді деуге болмас, тасқа қашап жазу өнері оңай шаруа емес екендігін ескерсек, бұл жерде олардың тасты пішіне қарай таңдау, бетін тегістеу, қырлау, бәдіздеу, оймалау сияқты біраз жұмыстар жүргізгендігі байқалады.

Қабір басына қойылған құлпытастар ашық далада көп жылдар бойы жатқандықтан болса керек жаздың ыстығынан, қыстың ызғарынан, желдің тозаңынан тастың эпитафия түскен беткі жағы тотығып, жазулары өшіңкіреп, оқып анықтау барысында едеуір қиындықтар туғызып отыр. Кейбір құлпытастар ыстық-суықтың зардабынан бел ортасынан морт сынып, бір жақ жартысы жоғалғандықтан мәтінді толық анықтау мүмкін емес.

Қордағы материалдар көлемі мен мазмұны жағынан айтарлықтай бай емес және олардың оқылу деңгейі де әрқилы болып келеді. Кейбір жағдайларда көне ескерткіштердегі көмескі жазудың анықталмауы мәтінді дұрыс түсінбеу, яғни тілді жақсы меңгермегендіктен емес, жалпы оның сақтамына байланысты болады. Әсіресе музейге белгісіз жолдармен келіп түскен ескерткіштер эпиграфистер үшін елеулі қиындықтар туғызады.

Құлпытас жазулары араб және қазақ тілдерінде берілген. Әдетте мәтіннің алғашқы жолдарында араб тілінде “кәлимә шәһәдә”, Құран аяттарынан үзінділер, марқұмның тілеуін тілеп Аллаһдан кешірім сұраған дұғалар жазылып, соңына қарай қайтыс болған кісінің ныспысы, руы, кейде таңбасы қоса қашалады. Ру таңбалары мәтіннің басында және аяғында бәдізделген.

Құлпытастар ішіндегі төртеуіне пішіндері төрт түрлі мынадай “ ”, “ 4”, “ 7”, “ П” қазақ руларының таңбалары қашалған. Бұл арадағы “түйе мойын” таңбасы қазақ елі ішіндегі Кіші Жүздің Байұлы тармағына кіретін жаппас, алтын руларына тиесілі, ал “босаға” пішінді таңба Орта Жүздің найман, қаракесек, қоңырат пен Кіші Жүздің алты ата әлім ішіне кіретін қаракете руларының бәрінде бірдей кездесе беретін таңбалар. Сол сияқты бір құлпытасқа найман ішіндегі бағаналы руының “тарақ” пішінді таңбасы қашалған (4, 549).

Құлпытастардың алтауы граниттен, екеуі ракушниктен, екуі сланецтен, тағы екуі кварциттен, қалған екеуі қызыл күрең тастан, біреуі ақ сұр түсті құрылыс фрагментінен жасалған. Граниттен жасалған құлпытастардың түсі көкшіл сұр, бір тектес болып келеді. Сондықтан да граниттен жасалған құлпытастардың табиғи ерекшеліктері мен жазу үлгілерінің ұқсастығы көбірек байқалады, яғни бұл тастар бір өңірден жиналған болуы керек деп топшылаймыз. Бір елдің баласы жаппас пен алтын руларының тастары өздері тығыз орналасқан Қызылорда немесе Батыс Қазақстан өңірінің бірінен табылғанын таңбалары да айғақтаса керек. Ал қалған материалдар Орталық Қазақстан мен Жетісу өңірінен жиналған болуы керек.

Музей қорындағы құлпытастардың ішіндегі екеуі (ТК 21926; 634/2 уақытша тіркеу нөмірі) әйел адамдарға арналып қойылған. Оған тас бетіне қашалған гүл суретімен, мәтін

мазмұны айғақ болып отыр. Сондай-ақ екі құлпытастың (ТК 26248/8; 634/2 уақытша тіркеу нөмірі) мәтін алдына және соңына алты ұшты терең қылып ойылған жұлдызшалар салынған.

Әдетте әйелдер эпитафиясында әкесінің, күйеуінің, баласының аты-жөндері жазылатын болған. Эпитафия марқұмның әкесімен ата-бабаларының аттарынан басқа оның анасының, немересінің, жиенінің аттары да кездеседі. Мұндай жағдай марқұмды таныту мақсатынан туындап, оның есімінің қасына замандастарына танымал туысының есімі қашалып отырған болуы керек. Эпитафияның соңында кей жағдайда құлпытасты орнатушы кісінің аты жазылады (5, 9).

Құлпытастарды көркемдеуде жұлдыз, күн сияқты солярлық белгілер: домалақ дөңестер мен ойықтар және тұрмыстық заттар, атап айтқанда кеселер салу да қолданылған. Көркемдік жағынан өзге бұл кеселер мен ойықтар діни наным-сенімдермен де байланысты болған. Жергілікті тұрғындардың сенімі бойынша жұлдыз, кесе тәріздес ойықтарда жаңбыр суы жиналып, одан құстар ішсе, бұл істің сауабы жерленген адамға тиеді екен (6, 9).

Біз әрбір ескерткіштің табылған уақыты мен мекені, қысқаша сипаттамасы, сақталынған орны, өлшемі, материалы, сақтамы, қанша жол жазу екендігі, жазу түрі, қалаған уақытта қатесіз оқуға мүмкіндік беретін жүйеленген арабша мәтіні мен транскрипциясы, хронологиясы, фотосуреті және эстампажы туралы толық мағұлматтар берілуі тиіс деп ойлаймыз.

Құлпытастардағы жазулардың барлығы бірдей нәтиже бере бермейді. Толық мағыналы бірегей жазулар сирегірек кездеседі. Әріптердің кейбір жерлері өшіп қалғандықтан жазудың оқылмауы, әрі материал қанша жақсы сақталынғанмен де ешқандай мағына бермеуі мүмкін. Әрине, ол материалдардан сирек те болса мәлімет алуға болады. Арабша мәтіндер көбінесе қателерге толы болып келеді. Олар түпнұсқаның төл қателері немесе көшіру, түзету барысында жіберілген әртүрлі қателер. Бірақ ешқандай қиындықтарға қарамастан барлық құлпытастарға ғылыми деректанулық сипаттамалар беру біздің басты міндетіміз.

Ендігі кезекте төмендегі құлпытастардың ғылыми сипаттамаларымен танысалық. Құлпытастар жоғарыда көрсетілген топтамаға (классификация) сай берілген.

ТК 26248/1. Араб жазулы құлпытас. Көлемі: 25x42,5x13 см. Салмағы шамамен-17 кг. Әріптің өлшемі-2,5; 3,5 см, қашалған тереңдігі-0,2 см. Сыртқы пішіні сопақ, екі ұшы дөңгеленген, оң жақ бүйірі ойықтау біткен, өзеннің өңделмеген табиғи көк тасы (гранит). Құлпытастың жазу түспеген астыңғы беті “ағашты жонғандай” жалпағынан сынған. Арабша мәтін түскен беті дөңестеу. Мәтін сегіз қатарға қашалып жазылған.

Мәтін транскрипциясы:

1. bismi Allahi-r-rahmani-r-rahim
2. la ilaha illa Allah Muhammad
3. rasul Allah salla Allahu ‘alaihi
4. ... (sallam) an-nabi ua ‘alaihi
5. as-sallam ruhina...
6. qabri makm ...
7. min dunia au fada baqa
8. ...ar mlsuna....

Қазақша аудармасы:

1. Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен
2. Аллаһдан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед
3. Оның елшісі, Аллаһ Тағала Оны қолдап жүрсін
4. ... Пайғамбарға сәлем ...
5. ... рухына тыныштық ...
6. қабірі макм
7. осы дүниеден бақилық кең дүниеге

8. ар мласуна

Құлпытастың екінші және үшінші жолдарында кәлима жазылған. Эпитафияның соңғы сөздерінің көмескі тартып дұрыс оқылмауына байланысты құлпытастың кімге арналып қойылғаны, жазылған тарихы туралы дерек жоқ. (Акт №37, 15. 06. 2002 ж).

ТК 26248/2 Араб жазулы құлпытас. Көлемі: 23x41,5x11,5 см. Салмағы шамамен-18 кг. Әріптің өлшемі-4,5 см, қашалған тереңдігі-0,2 см. Табиғи көк тастың (гранит) пішіні ұзыншақ, сопақтау біткен. Құлпытастың бас жағы морт сынған. Астыңғы ұшынның сол жақ бұрышы диаметрі-7 см көлемде ойылып сынған. Құлпытастың бас жағы сынып қалғандықтан араб тіліндегі мәтіннің үш жолы ғана сақталған.

Мәтін транскрипциясы:

1. hua al-hamd ...
2. ...lr alkr gfa...
3. ...Allahu-s-sallam

Қазақша аудармасы:

1. Оған (Аллаһ) мадақ
2.
3. Аллаһ тыныштық берсін.

Құлпытас бел ортасынан сынып қалғандықтан (жартысы жоқ) алдыңғы жолдарда қандай сөздер жазылғанынан біз бейхабармыз. Екінші жолдағы әріптердің көмескіленуіне байланысты сөздердің мағынасын анықтау мүмкін емес. Құлпытастың қай жылы, кімге қойылғандығы туралы мәлімет жоқ. (Акт №37, 15. 06. 2002 ж).

ТК 26248/3. Араб жазулы құлпытас. Өзеннің табиғи көкшіл сұр тасы (гранит). Көлемі: 23,5x28,5x14см. Әріптің өлшемі-3 см, қашалған тереңдігі-0,2 см. Салмағы шамамен-15 кг. Құлпытастың жазу жазылмаған астыңғы беті дөңес, бел ортасынан қақ бөлініп сынған, бас жағы сүйірлеу біткен. Тегістеу келген бетіне жеті жол мәтін жазылған. Жазуы анық емес, өте көмескіленіп кеткен. ХІХ-ғасырдың аяғы. (Акт №37, 15. 06. 2002 ж).

ТК 26248/4 Араб жазулы құлпытас. Пішіні сопақ, өзеннің өңделмеген көк тасы (гранит). Көлемі: 35,5x45,5x11 см. Салмағы шамамен-45 кг. Әріптің өшемі-3,5; 3,9 см, қашалған тереңдігі 0,2 см. Екі жақ беті дөңестеу болып біткен. Сол жақ бүйірі ішіне қарай кіріңкіреген. Әріптері өшіңкіреген, оқуға қиын. Кейбір сөздердің басы бар, аяғы аяқталмаған, мағынасы түсініксіз. Анық түскен алғашқы сөздердің мағынасына мән берген де ғана кейінгі сөздердің мазмұнын тұспалдап жеткізуге болады. Кейінгі уақыттарда оқилуға оңай болсын деген ниеттен туса керек әріптердің үстін қызыл бояумен бастырған із байқалады. Құлпытастың тегістеу бетіне араб тілінде алты жол мәтін қашалған.

Мәтін транскрипциясы:

1. b ...
2. Sahib ...
3. al-qabr Muhammad ibn Mahmud
4. gaffir Allahu lahu ua liualidihi
5. ua lijamaga almu ...
6. ua ilaha ua mnat ...

Қазақша аудармасы:

1. Б ...
2. Иесі
3. Махмұдұлы Мұхаммедтің қабірі
4. Аллаһ Тағала оның жәнә әке-шешесінің (қайтыс болған) күнәларын кешір
5. және тағы да барлығының ...
6. ... Аллаһ...

Құлпытастың қай жылдары қашалғаны туралы дерек жоқ. Сазанды ауылынан 12 шақырым жердегі Ақсу өзенінің бойынан табылған. Құлпытасты музейге Н.Н.Пантусов өткізген (Акт №37, 15. 06. 2002 ж.)

ТК 26223/1 Араб жазулы құлпытас. Өзеннің табиғи көк тасы (гранит). Түсі көкшіл. Көлемі: 30,5x35x6 см. Салмағы шамамен-15 кг. Әріптің өлшемі-4,5 см, қашалған тереңдігі-0,2 см. Құлпытастың басы сопақтау келіп, дөңгелене тұйықталған, ортан белінен қиғаш сынған. Құлпытастың жасалуы мен өңделуі өте қарапайым болғанмен эпиграфикасы ерекше талғаммен анық қашалған. Кейінгі кезде жазудың үстін қызыл бояумен бастырғандығы байқалады. Таза араб тіліндегі бес жол мәтін құлпытастың тегістеу бетіне жазылған.

Мәтін транскрипциясы:

1. haza al-qabr
2. aǵ - ŧeih al-imam al-adjil
3. Nuruddin bin Husein bin Muhammad
4. bin Turlaq bin Tuqmalik ...
5. gaffir Allahu lahu ua liualidihi qad mata

Қазақша аудармасы:

1. Бұл қабір
2. О дүниелік Шейх Имам
3. Нұруддин Хүсейнұлы Мұхаммедұлы
4. Тұрлақұлы Тұқмалиқұлының ...
5. Аллах Тағала оның және марқұм әке-шешесінің күнәсін кешірсін ...

Мәтінде айтарлықтай орфографиялық қателер кездеспейді. Құлпытас иесі көзі тірісінде шейх, имам болғаны эпитафиядан белгілі болып отыр. “Шейху-л-ислам - ислам ғұламасы” сөзі Х ғасырдан бері сопылық ілімнің, ислам діні қағидаларының білгірлеріне байланысты қолданылып келгенін ескерсек марқұмның көзі тірісінде жоғары лауазым иесі болғандығын байқаймыз. Аталмыш ескерткіштің мұсылманша тарихи уақыты көрсетілмеген, яғни жазылған уақытын дәлме-дәл айту қиындық туғызады. (Акт №12, 31. 03. 2002 ж).

ТК 21926. Араб жазулы құлпытас. Өзеннің өңделмеген табиғи көк тасы (гранит). Көлемі: 30x81 см. Әріптің өлшемі біркелкі емес-4,5; 5,5; 8,5 см, қашалған тереңдігі-0,3 см. Салмағы шамамен-90 кг. Тастың тұрқы ұзын, сопақ, екі ұшы доғалдау, оң жақ бүйірі ойыңқы, қуыс, сол жақ бүйірі шығыңқы біткен. Құлпытастың оң бүйірінің қапталы төменгі ұшына дейін 3,5 см қалыңдықта тігінен (ұз-36 см) сынған. Құлпытастың тегістеу келген бір бетіне араб жазуының куфи үлгісімен жеті жол, сол жақ бүйіріне екі жол мәтін жазылған. Жетінші жолдағы сөздің екі-ақ әрпі қалған. Ешқандай мағына бермеген соң оны хатқа түсіруді қажет деп таппадық. Мәтін таза араб тілінде жазылған.

Мәтін транскрипциясы:

1. Latif Fatima
2. bismi Allahi -r-rahmani -r-rahim
3. la ilaha illa Allah al-Нааqq
4. la ilaha illa Allah hua al-malik
5. al-Нааqqu-l-mus la ilaha illa allah
6. Нааqqu-l-malaikati ua-n-nasi
7.

Қазақша аудармасы:

1. Сүйкімді Фатима (Бәтимә)
2. Аса қамқор ерекше мейірімді Аллаһтың атымен
3. Аллаһтан басқа Құдай жоқ. Ол-Хақ (шындық иесі)
4. Аллаһтан басқа Құдай жоқ. Ол- бәрінің патшасы
5. Хақ Тағала мәңгі бар, Аллаһтан басқа Құдай жоқ
6. Ол періштелер мен адамдар үстінен қарайтын шындық Иесі

7.
Құлпытастың сол жақ бүйіріндегі екі жол арабша мәтіннің транскрипциясы:

1. haza al-habr li-imrati Mahmud bin Nuh
2. rahmatu -u-llahi ‘aleihim ua ajma‘in

Қазақша аудармасы:

1. Бұл қабір Нұхтың ұлы Махмұттың әйелінікі
2. Оларға және барлығына Аллаһтың рақымы тие берсін

Мәтінде ескерткіш белгінің қойылған тарихы, таңбалар, марқұмның қайсы рудан шыққандығы туралы мағұлматтар атымен жоқ. Құлпытастың тегіс бетіндегі жеті жол мәтіннің астына ұз-20 см және келесі бетіне ұз-30 см дала қызғалдағының суреті қашалып салынған. Қазақстан аумағына мұсылман діні дендеп енгеннен кейін халық құлпытастарға Құраннан алынған аяттармен қоса жылқы, қылыш, мылтық, мәсі, тәспі т.б. заттардың суретін қашап салуды үрдіске айналдырған. Осы тектес суреттер қайтыс болған адамның қоғамдағы орны мен әлеуметтік жоғары дәрежесін (статусын) көрсету үшін әдейілеп қашалып отырған. Ал, аталмыш құлпытасқа гүлдің суретінің салынуы қайтыс болған әйел адамның өрімдей жас болғанын көрсетсе керек.

Құлпытастың тегіс бетіндегі бірінші сөз тіркесінің «сүйкімді Бәтимадан» басталуы бұл тас белгінің иесі марқұм Бәтима есімді әйел адам екенін меңзеп отыр. Екіншіден, ертеде қазақ әйелдері шошынғанда немесе босанар алдында толғақ қысып жаны қысылғанда, қайтыс болар алдында Бибі-Бәтиманың есімін ауызға бірінші алатынын ескерсек, марқұмға Бибінің шапағаты тие берсін деген ниетпен тас қойғандар оның есімін әдейілеп жазуы бек мүмкін. Құлпытасты 1886 жылы Н.Н. Пантусов Сазанды ауылының маңындағы Ақсу өзенінің бойынан тапқан.

ТК 26248/5. Араб жазулы құлпытас. Пішіні төрт бұрышты, дөрекі өңделген ұлутас (мелкий ракушник). Түсі ақшыл сұр. Көлемі: 8,5x64,5x9,5 см. Әріптің өлшемі-3,5 3,9 см, қашалған тереңдігі-0,2 см. Салмағы шамамен-10 кг. Оң жақ ұшы үшкірлеу келген, кертіліп сынған, сол жақ ұшы қиғаш сынған. Мәтін бір қатарға араб әріптерімен жазылған.

Мәтін транскрипциясы:

1. Aqbol bin Maralbai aulad Sauit 1285

Қазақша аудармасы:

1. Маралбай ұлы Ақбол Сауыт әулеті 1285 жыл.

Жазудың соңындағы мұсылманша (нижра) берілген 1285 деген сандар бірлігі біздің жыл санауымыз бойынша 1867-жылға сәйкес келеді. Құлпытастың сол жақ бұршында қазақ руларының бірінің “*босаға - П*” таңбасы қашалынып салынған. Құлпытаста Құраннан үзінділер, кәлімәлар, дұғалар жазылмаған. Ру атының орнына таңбалары қашалған тастарда жиі кездеседі. (Акт №37, 15. 06. 2002 ж).

ТК 26248/6. Араб жазулы құлпытас. Дөрекі өңделген үшбұрышты ұлутас (мелкий ракушник). Көлемі: 13,7x43x13,9 см. Әріптің өлшемі-1,5; 2 см, қашалған тереңдігі-0,2 см. Салмағы шамамен-11 кг. Артқы жағының оң жақ бұрышы бел ортасына дейін қиғаш сынған, ортаңғы тұсы кертіліп ойылған. Сол жақ бұрышы тігінен тұзу сынған. Текше ішіндегі жазудың төртінші жолының тұсы соңғы сөздерімен қоса ойылып сынған. Мәтін ұз-24 см, ені-11,3 см текшенің ішіне төрт қатарға бейберекет жазылған.

Мәтін транскрипциясы:


1. bařm darinda Bahit ibn Toqsan {bi}
2. ibn řuait ... rugi Mangitai
3. sana 1289 ofat boldi
4. Hudaibirkan Miza ata ...

Қазақша аудармасы:


1. Бұл орында Бақыт ұлы Тоқсан {би}
2. ұлы Шуайт-тан ...руы Маңғытай

3. 1289-жылы опат (қайтыс) болды

4. Құдайберген Миза ата ...

Екінші жолдың соғы жағында руы маңғытай деп анық жазылған. Бірінші жолдың үстіндегі араб тілінің “рпіне ұқсас кескін қазақ руларының ішіндегі *маңғытай* тайпасының таңбасы болуы да мүмкін. Мұсылманша берілген 1289 сандар бірлігі біздің жыл санауымыздың 1871 жылына сәйкес келеді.

Тағы бір ескертетін жәйт құлпытасты қойған адамның қаншалықты сауатты болғанын кім білсін, тастың беті қағаз бетіндей тегіс, жұмсақ болмағандықтан шебердің қашап жазған әріп кескіндері тура түспей, рет сақтамай іркес-тіркес келген және араб әріптерінің ноқаттарының қайсысы қайсысына қатыстылығын ажырату қиындық туғызғандықтан сөздердің мағынасын (әсіресе кісі аттарын) тұспалдап анықтап отырмыз. (Акт №37, 15. 06. 2002 ж).

ТК 19662/3. Араб жазулы құлпытас. Қыратты, тастақты жерлерде кездесетін жұқалау келген табиғи қара тас (сланец). Көлемі: 34x60,5x2 см. Әріптің өлшемі-2 см, қашалған тереңдігі-0,1 см. Салмағы шамамен-4 кг. Тастың бір ұшы үшбұрыштанып, сүйірленіп біткен, екінші ұшы солдан оңға қарай қиғаш сынған. Екі жақ жалпақ беті де ыстық-суықтан әбден тозып, жарқаштанып кеткен. Құлпытастың тегістеу келген бетіне араб әріптерімен алты жол мәтін қашалып жазылған. Мәтіннен төрт елідей жоғарырақ Кіші жүз ішіндегі он екі ата Байұлына жататын Алтын руының мынадай “” таңбасы қашалған.

Мәтін транскрипциясы:

1. ašqadu la ilaha illa Allah Muhammad
2. rasul Allah ibn Iaquub
3. ibn Baiqula ua ibn Gar-
4. muhammad Gappas rugi Qalq-
5. aman suši Qonaqbai
6. Toqi aimagi

Қазақша аудармасы:

1. Аллаһтан басқа Құдай жоқ екеніне куәлік етемін, Мұхаммед
2. Аллаһтың елшісі, Йақуб (Жақып) ұлы
3. Байхұла ұлы, Жармұхаммед ұлы Жаппас руғы Қалқаман
4. сушы Қонақбай
5. Тоқы аймағы

Құлпытастың бірінші жолындағы “кәлима шәһәданың” кейбір сөздері жазылмаса да сөйлемнің транскрипциясын толық беруді ұйғардық. Мәтінде қазақша «ұлы» деген сөздің орнына арабша “ибн” сөзі жиі қолданылған. Құлпытастың оң жақ қапталының беті қабыршақтанып түсіп қалғандықтан кейбір сөздер өшіп қалуы да мүмкін. (Акт №139, 28. 05. 1985 ж).

ТК 634/1 (уақытша тіркеу нөмірі). Араб жазулы құлпытас. Жалпақ келген табиғи қара тақта тас (сланец). Көлемі: 15x 53x5 см. Салмағы шамамен-7 кг. Әріптің өлшемі-3 см; қашалған тереңдігі-0,1 см. Тастың беті тегіс, артқы жағы орта тұсына қарай шығыңқы, қырынан қарағанда үшбұрышты болып келеді: 30x23x53 см. Тас өңделген, арты және екі қапталы біркелкі тегіс емес, төменгі жиегі кетілген, оң жақ бұрышы қиғаш сынған. Тастың бетіне 13,5x37 см жоғарғы жағы күмбез тәрізді болып келетін текше қашалған. Аталмыш текшенің ішіне араб тілінде 14 жолдан тұратын марқұмға арналып дұға-тілек жазылған. Жазуы куфи үлгісіне келеді. Күмбездің оң жақ бұрышына мұсылманша 31 деген сандар қашалған. Күмбездің екі жағындағы тастың беткі өңделген қабаты ойылып сынған, мәтін жазылған бөлігіне де ойық дақтар түскен, кетілген тұстары бар. Текшенің астында “al-hamd-Аллаһқа мадақ” деген сөз жазылған.

Мәтін транскрипциясы:

1. bismi Allahi-r-rahmani-r-rahim
2. Allahumma nuru qabrihi

3. Allahumma nuru habbara bihi alaihi rahmatan ...
4. al-uaşıga
5. minna al-hm ...
6. ua bu al-mrd aš-šah al-Galala
7. fadala mrbi al-ga muqauuan
8. al-hagfa tah al-nahta bu hmui
9. sana muhhiq bu fi lailati-l-guma
10. ua fi-š-šahar fi-s-sadis
11. ua-l-ashara min šahri muharram
12. min šuhuri {galaihi} ihda
13. sabgumia ua salasuna
14. mn ... bl ... dagi ...

Қазақша аудармасы:

1. Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен
2. Аллаһ Тағала Оның қабірін нұрлы қыла көр...
3. Аллаһ Тағала Оны (марқұмды) өз рақымыңмен жарылқай гөр...
4. кең қыла көр ...
5.
6. ... жоғары мәртебелі Ақсақалды ...
7. дәрежесін арттыра көр (о дүниеде)...
8.
9. ... шындық Иесі жұма күні түнде
10. ... таңғы сағат алтыда
11. ... мухаррам айының онында ...
12. ... қасиетті айлар ішіндегі ...
13. ... 731 (жеті жүз отыз бір) жылы
14. ... қайтты ...

Мәтінді қашап жазған шебер араб тілінің жазу емлесі қағидаларын сақтамаған, сондықтан сөздер әртүрлі оқылады, кейбірін мүлде оқу мүмкін емес. Құлпытастағы күмбездің оң жақ бұрышындағы 31саны жазылғанын жоғарыда атап өттік, оның алдындағы жеті санының кескіні күмбездің сол жақ бұрышына түскен, бірақ анық емес, өшіңкіреген. Ал құлпытасты орнатушылардың 9 және 14 жолдардағы сөзбен жазған тарихи деректері марқұмның қасиетті мұхаррам (мұсылман күнтізбесінің бірінші айы, яки жаңа жыл) айының онында, жұма күні таңғы сағат алтыда бақилыққа қайтқанын дәлме-дәл көрсетіп отыр. Мұсылманша 731 жыл григориан жыл санауы бойынша 1330 жылға дөп келеді.

ТК 634/2 (уақытша тіркеу нөмірі). Араб жазулы құлпытас. Дөрекілеу өңделген ақ сұр түсті кварцит тасы. Көлемі: 8,7х 60,3х8 см. Салмағы шамамен-11 кг. Әріптің өлшемі-2,5 см, қашалған тереңдігі-0,3 см. Тастың мәтін жазылған оң жағының беткі өңделген қабаты сырылып сынған, жиектері кертілген, екі жақ ұшы арт жағын ала қиғаш шапқыланған, сары дақтар түскен. Екі жол мәтін құлпытастың тегістеу бетіне араб әріптерімен қазақ тілінде жазылған. Құлпытастың сол жақ бұрышына тақау d-6 см алты ұшты жұлдызша терең қашалып салынған.

Мәтін транскрипциясы:

1. ... Janbala Taštemir kizi Janfais ...
2. ... anasi

Қазақша аудармасы:

1. ... Жанбала Тастемір қызы Жанпейіс ...
2. ... анасы

Құлпытастың тарихи уақыты белгісіз, біздің пайымдауымызша XIX-ғасырдың аяғында жазылған болуы мүмкін. Құлпытастың эпитафиясын зерттей отырып оның әйел

адамға арналып қойылғанын аңғаруға болады. Әдетте әйелдер эпитафиясында марқұмның әкесінің, күйеуінің, баласының аты-жөні жазылатын болған.

ТК 26248/8 Араб жазулы құлпытас. Ақ сұр түсті кварцит тасы. Көлемі: 9x29,5x12 см. Әріптің өлшемі-3,5 3,9 см, қашалған тереңдігі-0,1 см. Салмағы шамамен-9 кг. Пішіні төрт бұрышты, кірпіш тәрізді. Құлпытастың сол жақ жартысы қиғаш сынған. Оң жақ жоғарғы бұрышында d-6,5 см, тереңдігі 1,8 см алты ұшты жұлдызша ойылып салынған. Жұлдызшаның маңдайына араб сандарымен хижри бойынша 1293, яғни біздіңше 1875 (XIX ғ. аяғы) деген сандар ойылып жазылған. Жұлдызшаның сол жағында сәл жоғарырақта “аруағ” деген жеке сөз жазылған. Мәтін екі жолға араб жазуымен қазақ тілінде жазылған. Екі жол мәтін арасына ұз-7 см бағаналы руының

“ ” таңбасы салынған. Тастың оң жақ төменгі бұрышында арабша “Аллаһ” деген жазу бар. Эпитафиядағы жазудың қазақша мағынасы: “Бағаналы Төртқара ұлы Қошмырзаның моласы”. Бағаналы руының найман ішіндегі белді аталардың бірі екенін ескерсек марқұмның осы елден шыққанын нақты айтуға болады. Тастағы жазулар анық, ешқандай қатесіз жазылған. Құлпытасты орнатушылардың есімдері жазылмаған. (Акт №37, 15.06.2002 ж).

ТК 19662/1. Араб жазулы құлпытас. Көлемі: 33,5x43x3 см. Салмағы шамамен-3,5 кг. Түсі қызыл қоңыр, қыштан жасалған жалпақ тас (плита). Пішіні жалпақ, бас жағы үшбұрышты, екінші ұшы доғал, екі жақ қапталы қиғаштау келіп біткен. Екі жақ беті де тегіс емес, бұдырлау. Құлпытастың тегістеу бір жақ бетіне араб жазуымен қазақша төрт жол мәтін жазылған. Кейінгі екі жол мәтін өшіп қалған.

Мәтін транскрипциясы:

1. ... Jappas rugi Dušar
2. ... gabqeni in kbi bin a and

Қазақша аудармасы:

1. ... Жаппас руынан Душар (кісі аты)
2. ... ғабқенінің кбе бин анд

Екінші жолдағы әріптердің көрінер-көрінбес кескіндері қалған, мағынасын шығару мүмкін емес. Мәтіннің астына Кіші Жүз ішіндегі он екі ата айұлына жататын жаппас руының “ 4 таңбасы қашалған. 1948 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған. (Акт №139, 28. 05. 1985 ж).

ТК 26248/7 Араб жазулы құлпытас. Түсі қызғылт сары. Көлемі: 12,5x41,5x11 см. Әріптің өлшемі-3,8 см, қашалған тереңдігі-0,2 см. Ұшар басын дөрекілеу үшбұрыштап өңдеген. Салмағы шамамен-7 кг. Жазу түскен тегістеу беті мен екі жақ қапталының әр жері шұрк-шұрк тесілген. Ал жазу түспеген келесі бетінің бас жағы қалыңдау, аяғына қарай жұқалау, яғни теріс аударып қарағанда оңнан солға қарай қиғаш біткен. Құлпытасқа араб жазуының куфи үлгісімен сегіз жол мәтін жазылған.

Мәтін транскрипциясы:

1.uhu
2. ...hmfar
3. ...ogili ...
4. ...sr...
5. ...sg...
6. ...usr
7. ...lfa sm...
8. ...amr

Араб әріптерінің бірінің кескіні мен ноқаттары өзгеріп кеткен жағдайда сөз басқадай оқылатынын ескерсек, дәл мына тастағы жазу соның толық куәсі бола алар еді. Құлпытастың әріптері ойылып жазылғанмен, көмескіленіп, оқылмайтын халге жеткен, сондықтан сан-саққа жүгіртіп жорамалдау да ешқандай нәтиже бермеді. Тек қана үшінші жолдағы түрікше «оғылы» сөзін анықтап оқу мүмкін болды. Құлпытастың кімге қойылғандығы, жазылған жылы туралы мағұлмат жоқ. (Акт №37, 15. 06. 2002 ж).

ТК 19662/8. Араб жазулы құлпытас. Қыштан жасалынған жалпақ тас (плита). Түсі ақ сұр. Көлемі: 33,5x25,5x2,5 см. Әріптің өлшемі-3,4 см. Салмағы шамамен- 3 кг. Тастың оң жақ төменгі және жоғарғы бұрыштары қиғаш сынған, беті сырылған. Тегістеу беті үш қатар көлденең сызықпен төрт бөлікке бөлінген. Бірінші бөлікке бір жол, екінші бөлікке бір жол, үшінші және төртінші бөліктерге екі жол мәтін көк сиямен араб тілінде өрнектеліп жазылған, қашалмаған.

Мәтін транскрипциясы:

1. ... usta di al-lki ...
2. ... ŝ i usta buan ...
3. ... summa gada gad liard gai ...
4. ... h ur qadir hma al-bad ...
5. gasd baq han Oqun Hodja tas ...
6. 132 ...

Қазақша аудармасы:

1. ... ұста ...
2. ...ши ұстаз буан
3. ... сумма ғада ғад лиард ғай ...
4. х ...ур қадир хма ал-бад ...
5. ғас бақ хан Оқун қожа тас ...
6. ... 132 ...

Әріптердің бояуы кетіп көмескіленген, мәтінді оқып мағынасын анықтау мүмкін емес. Сөйлемнің бас-аяғы жоқ, тек жекелеген сөздер мен буындар ғана әрең-пәрең оқылған болды. Құлпытастың кімге, қай жылы қойылғандығы жайлы мәлімет жоқ.

Біз аталмыш мақаламызда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музей қорындағы көп жылдар бойы үнсіз жатқан 15 құлпытасты сөйлетуге тырыстық. Құлпытастардағы араб жазулы мәтіндердің жүйелі аудармаларын, транскрипциясын түсіріп, олардың табиғи пішіні мен ерекшеліктеріне, хронологиялық мезгілдеріне қарай топтастырып, жан-жақты ғылыми сипаттамаларын беріп отырмыз. Музей қорында сақталынып отырған эпиграфиялық ескерткіштер - құлпытастардың қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеудегі дерек көзі ретінде аз да болса құнды мағұлмат беретініне сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

Крачковская В.А. Задачи арабской эпиграфики // Труды института востоковедения IV. АН СССР М., 1937.- 128 – бет.

Бекназаров Р.А. Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. – Алматы, 2005. - 78 – бет.

Ажигали С.Е. Архитектура Кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы, 2002. – 319 бет.

Қазақ Совет энциклопедиясы. 10-том. Алматы, – 1977. – 549-бет.

Серік А. Арыстанбаб мазаратындағы құлпытастар. Шымкент, 2000. – 9 – бет.

Сонда

* ТК (орысшасы-КП) - Экспонаттың түсім кітабындағы нөмірі

Лекция 15 Фото және фоноқұжаттарды атрибуциялау ерекшеліктері

Қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті, тұрмысы мен шаруашылығы статистар, зерттеушілер мен әскерилер түсірген фотосуреттерінде сақталып, ғылыми деректік **фотоқұжаттар** қатарын құрап отыр. Олардың қатында В.Оливецкий, А.Л.Кун, А.Фишер, В.Ю.фон-Бранке, С.Неуструев және Сырдария облыстық статистикалық басқармасының статистарын атауға болады.

ҚРМОН-ның фотоқұжаттар қорында, ҚР Орталық Мемлекеттік фотоқұжаттар және дыбыс мұрағатының қорында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың 1- жартысында түсірілген Сырдария

өзенінен қойларды қайықпен өткізу, суатқа тоқтаған көш, көш аялдамасы және дәстүрлі баспанаға қатысты суреттер де сақталған. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында 1920-1928 жылдары түсірілген суреттер музейлік, мұрағаттық фотоқұжаттар қорының бірқатарын құрайды. Тарихи кезеңдерде түсірілген кез келген фотосуреттер сол дәуірдің болмысын дәлме-дәл бере алады және мәңгілікке сақталады. Уақыт керуені алға жылжыған сайын олардың тарихи-мәдени құндылығы арта түспек.

Визуалдық фотоөнердің өзіндік соны ерекшелігі – белгілі бір тарихи кезеңдердегі адамдардың тұрмысындағы этномәдени сипаттарды нақты, боямасыз түрде, қимыл қозғалыстың, этникалық стереотиптерінің үлгілерін, мінез, әрекет, қозғалыста шынайы таңбалай алуында болып табылады. Түркістан генерал губернаторы Константин Петрович фон Кауфман (1818–1882) тапсырмасымен құрастырылған «Түркістан альбомындағы» фотоқұжаттар – қазіргі кезеңдегі қазақ этнографиясы мен археологиясына деген сұранысты белгілі бір талапта қағаттандыра алатын құндылықтар. Осы тұрғыдан алғанда XIX ғасырдағы өлке тарихына қатысты соны зерттеулерде визуалдық фотоқұжаттардың деректік мәлімет ретінде маңызы ерекше құнды. Аталмыш альбомға шығыстанушы Александр Людвигович Кунның (1840–1888 жж.) қазақ даласынан түсірген фотолары енген. Қазақтардың этномәдени болмысы жөнінде жан-жақты танымдық, ғылыми мәлімет беретін альбомның құндылығы мен маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түсуде. «Түркістан альбомы» РҒА Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейінде (Кунскамера) сақталған. Қазақтардың тарихи-этнографиясына айғақ болатын фотоқұжаттардың негізгі денін статистар мен топографтар түсіріп, ғылыми айналымға ендірген.

Этнограф ғалымдар үшін тарихи дәуірлерден келіп жеткен заттай деректер, жазба деректер, визуалдық деректер, наротивтік құжаттар зерттеу нысанысындағы халықтың тіршілігіндегі байырғы дүниетанымының іздерін, олардың біз зерттеп отырған кезеңдегі сақталу, синтезделу жолдарын ғылыми талдауға негіз болады.

ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕР МЕН КӘСІПШІЛІК

Қолөнер өндірісі мен сан түрлі үй кәсіпшілігі қазақ даласы тұрғындарының күнделікті кам-қарекетінің ажырамас бөлігі еді. Көшпелі өмірдің (тұрмыстың) қатал жағдайлары дәстүрлі мәдениеттің осы саласына әсерін тигізіп, үй өндірісін (шарушылығын) отбасы немесе әулет мүшелерінің мұқтаждары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған натуралды шаруашылықтың бір бөлігі етті және сирек жағдайда айырбас немесе сауда жасаудың нысанына айналдырды. Қазақстанның Ресейге қосылуы және XIX ғасырда капитализмнің қауырт дамуы Орталық Азия елдерінің далаларына тауар-ақша қатынастарының енуі мен қолөнерді натуралды шаруашылықтан бөлуге себеп болды. Соған қарамастан дәстүрлі кәсіпшіліктің өнімі жалғасын тауып, ең алдымен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының сұраныстарына жауап беріп отырды. Қазақ қоғамында қолөнер өндірісін еркек және әйел кәсібіне айқын бөлу байқалды. Еркектердің қолөнері темір ұстасы, зергерлік, ағаш ұстасы, былғары илеу, сүйектен ою-өрнек, тас қашау сияқты кәсіптерді қамтыса, ал әйелдер жүн өңдеумен, тоқыма ісімен, кесте тігумен, жіп иірумен айналысты.

Ағаш өңдеу қолөнері халыққа шаруашылық жүргізу мен күнделікті тұрмыс үшін қажет көптеген заттар ұсынды. Ағаш шеберлері жасаған киіз үй қаңқасының көптеген элементтері өте құнды өнім болды (**фото 1199-31**). Көшпелілердің тұрғын жайы сүйегінің жылжымалы қанаттарын, күмбез сырғауылдарын, шаңырақты, есікті дайындау айтарлықтай біліктілікті талап етті. Киіз үйдің ағаш бөлшектерін өндіру Қазақстанның әсіресе орман-тоғайға бай солтүстік аудандарында, атап айтқанда Көкшетау уезінде кеңінен тарады. Кейбір ағаш элементтерге, ең алдымен киіз үйдің есігі мен шаңырағына қашап ою-өрнек салынды. Өсімдік-гүл тәріздес әсем ою-өрнекпен ағаш жиһаздар да көмкерілді, олар: азық-түлік сақтайтын кебеже (**фото 2519-42**), сандық (**фото 1199-95**), киім ілетін бақан (**фото 2519-13**), кереует (**төсағаш**) (**фото 1199-132, 2301-23**), сондай-ақ әртүрлі ағаш ыдыс-аяқтар мен басқа да тұрмыстық бұйымдар (**фото 2519-14**). Егін шаруашылығының дамуына байланысты жер өңдеу мен астық бастыруға қажет ағаштан жасалатын құрал-сайманға зәрулік өсе түсті.

Ағаш шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың ішінен ер-тоқым үлкен маңызға ие болды.

Көшпелі тұрмыс шаруашылығының қажеттіліктерін әкелінетін шикізатпен жұмыс істеп, ат әбзелдерінің керек-жарағын, үзеңгілер, тағалар жасаған темір ұсталары да қанағаттандырып отырды. Сондай-ақ жер жырту құралдарының металл бөлшектері, қол орақтар, пышақтар дайындалды. Фабрикалық өндірістен шыққан анағұрлым арзан тауарлардың ішкі рынокқа жаппай түсуіне қарай дәстүрлі темір ұстасы кәсібінің көлемдері мен маңызы азая түсті.

Қазақтардың арасында зергерлік іс барынша дамыған кәсіп болды. Жергілікті зергерлер алтынмен тозаңдату әдісін білсе де, бірақ олар негізінен күміспен жұмыс істеді. Металл өндеудің көптеген техникалары орын алды: темір құю, қақтау, кертту, қалыптау, шеку **(фото 1199-22)**. Зергерлік эшекейлер жасау үшін сырттан әкелінетін күміс те, сондай-ақ ресейлік күміс шақалар да пайдаланылды. Әйел эшекейлерінің ішінде түрлі білезіктер, сакиналар, жүзіктер, шолпылар мен сырғалар барынша кең тарады **(фото 1199-24, 1199-73, 1199-274)**. Қазақтардың киімдері де зергерлік заттармен эшекейленді.

Сүйектен ою-өрнек оятын кәсіп зергерлік іске ұқсас болды. Арнайы өңделген сүйектер (тұяқты жануарлардың мүйіздері жиі пайдаланылды) түрлі жиһаздық заттарды безендіруге қолданылды. Сүйек пен мүйіз сондай-ақ қанжарлардың, пышақтар мен камшылардың саптарын дайындауға пайдаланылды.

Теріден жасалған көптеген заттар қазақтардың күнделікті керек-жарақтары болды. Әдетте әрбір отбасы үй жануарларының да, сондай-ақ аңшылық кәсіпшіліктің арқасында алынған аңдардың да терілерін өндеумен өз бетінше айналысты. Өңделген терілерден түрлі қысқы киімдер-тымақтар, тондар мен ішіктер жасалды. Көптеген тері бұйымдарына арнайы қалыптың көмегімен ою-өрнектер салынды. Көшпелі тұрмыс шаруашылығы жағдайларында ат әбзел-саймандарын: тартпа-айылдар, жүгендер, құйысқандар, өмілдіріктер, былғары ер-тұрмандар және т. б. **(фото 1199-55, 1919-395, 2519-49/5, 2519-50/2)** дайындау аса маңызды мәнге ие болды. Теріден (былғарыдан) су тасуға және қымыз сақтауға арналған ыдыстар тігілді. Теріні илеу мен өндеуге етік тігу кәсібі **(фото 1199-51, 1199-62, 1199-200)** тығыз байланысты болды. Көбіне ерлердің кәсібі болып саналатын былғары ісіне әйелдер де қатысты.

Үй кәсібі толығымен әйелдердің дәрегейіне жатты **(фото 1199-408, 2833-8)**. Үй тұрмысының заттары негізінен меншікті шаруашылықтың шикізаттарынан – қойдың, түйенің жүндерінен, ешкінің түбіті мен қылынан, аың қылы мен терісінен жасалды **(фото 1199-443)**. Түрлі мақсаттар, бірақ ең бірінші кезекте киіз үйдің жабыны мен оның ішкі жасауы үшін пайдаланылатын киіз дайындау мен оны өңдеу **(фото 1199-174)** үй кәсібінің маңызды саласын құрады. Соның ішінде, атап айтқанда, еденге төселетін киіз кілем-текеметтер **(фото 1707-27, 2519-33)**, қабырғаға ілегін киіз кілемдер-сырмақтар мен түскиіздер **(фото 1707-17, 2519-34, 2519-40)**, әр түрлі киіз-текеметтер **(фото 1707-6)**. Тоқыма өндірісінің өнімі де сондай-ақ киіз үйге кеңінен қолданылды. Киіз жабынды киіз үйдің қаңқасына байлайтын ою-өрнекті баулар **(фото 2519-15/2)** және киіз үйдің бүкіл өн бойымен күмбез сырғауылдары байланатын басқұрлар Қазақстанның барлық аймақтарында тоқыма станоктарында дайындалды **(фото 1199-147)**. Кілем өндірісі біршама кең етек жайды-түкті де және түксіз де кілемдер дайындалды. Кілем бұйымдарының ішінде құрақтардан құралып, еденге төселетін немесе киіз үйдің керегесіне ілінетін алаша ең көп тараған зат болды **(фото 1707-4)**. Дала қамысы-шиден дайындалатын бұйым тоқу да (өрү де) **(фото 1199-214, 1707-20, 2519-44, 2833-2)** ежелгі кәсіпшілікке жатады. Кесте тоқу Орталық Азияның оңтүстігіндегі отырықшы аймақтардағы сияқты Қазақстанда аса қатты дамыған жоқ, бірақ ол қазақ әйелінің дәстүрлі істерінің маңызды бөлігін құрады **(фото 2833-7)**. Кестеленген гүлді өрнектермен киімнің элементтері-- көйлектің жеңдері, жағалары, етектері, бас киімдер, сондай-ақ сүлгілер, жамылғылар мен қабырғаға ілінетін кілемдер безендірілді **(фото 1199-80, 1199-288)**.

ДӘСТҮРЛІ БИЛІК ИНСТИТУТТАРЫ

Қазақстан аумағында ғасырлар бойы кәдуілгі құқық (әдет-ғұрып құқығы) - әдет (заң) үстемдік құрды. Ол көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымымен, саяси және экономикалық өмірімен тығыз байланыста болды. Халықтың аумақтық-рулық топтарының арасындағы қайшылықтар мен дау-жанжалдарды шешу әдеттің ең басты функцияларының бірі болып табылды. Кәдуілгі құқықтың өзіндік ерекшелігі-қылмыстық және азаматтық қылмыстардың арасында межелердің (шектердің), сондай-ақ мемлекеттік құқық бұзу ұғымының болмауы. Сот билігінің негізгі органы билер соты болды. Қазақтардың дәстүрлі заңдық нормаларына сәйкес сот ашық, сайыспалы болып, ол жәбірленушінің тарапынан берілген қуыну (талап) арызының негізінде қылмыстық та, сондай-ақ азаматтық та істерді қарады. Қоғамда беделі бар және кәдуілгі құқықтың нормаларын білетін кез-келген еркін ер адам бидің міндетін орындай алды. Билер дауласушы тараптардың өзара келісімі арқылы сайланды, тек сот басталар алдында ғана биге қарсылық білдіруге болатын еді. Би сот билігін жүргізгені үшін талап-арыздың бүкіл сомасының 10%-ын және іс жүргізу нормаларын бұзғаны үшін салынатын барлық айыппұлдарды сыйақы ретінде алып отырды. Бидің беделі шығарған шешімдерінің әділдігіне және қос тарапты да қанағаттандыра білу қабілетіне, дауласушыларды ымыраға келтіруі мен жанжалды тоқтатуына байланысты болды.

Хан билігін Ресей өкіметтері тоқтатқанға дейін, билер сотының шешіміне наразы болған жағдайда, жеңілген тарап үкімге қарсы шағым арыз беру арқылы хан сотына жүгінуге құқылы еді. Егер хан шығарылған үкімнің әділдігіне күмән келтірсе, онда ол істі қайта қарауға ұсынатын. Бірақ шағым берген кісінің айыбы дәлелденсе, онда бидің беделіне кір келтіруге және оның әлеуметтік мәртебесін түсіруге әрекет жасағаны үшін айыптыны шығарылған үкімнің талаптарын орындатумен қатар, дүре соғумен де жазалайтын еді.

Әдет тікелей жергілікті құқық болып, ал оның арқауы бидің билігі болғанымен, кәдуілгі құқықтың көптеген нормаларының сақтанымпаздығы мен орнықтылығы (тұрақтылығы) өзіне назар аудартады, бұлардың әрқелкі нысандары осы уақытқа дейін қолданылып келген. Екінші жағынан, әдеттің нақ сол көп нұсқалылығы мен икемділігі Ресей биліктері көшпелілердің кәдуілгі құқығын өзгерген саяси жағдайларда жұмыс істеуіне біршама тез бейімдеуге мүмкіндік туғызып, сол арқылы екі құқықтық жүйенің қақтығысынан болатын қиындықты біршама жеңілдетуге жағдай жасады.

XIX ғасырдың ішінде империялық Ресей саясатының ықпалында болған қазақтардың дәстүрлі құқықтық жүйесі түбегейлі (заманауи) өзгерістерге ұшырады. Ресей империясының заңдарын көшпелілерге тікелей тарату мүмкін емес еді, сондықтан әдеттің дәстүрлі заңды нормалары мен метрополия енгізген заңдардың қорытпасы сияқты құқықтық жүйе осы өңірге бекіді. Ресей үкіметі қазақтар қоныстанған жерлерге жаңа аумақтық-әкімшілік бөлуді енгізіп, ол атқарушы және сот билігі органдарының айрықша сатылы лауазымын ұйғарды. Соттардың екі буынды жүйесі заңдастырылды. Губерниялар мен обылыстардың жоғары сот инстанциялары жалпы мемлекеттік заңдарға негізделсе, ал төменгілері былайша бөлінді: сырттан келгендер (келімсектер) жалпы ресейлік заңдардың соттылығына жатса, ал жергілікті тұрғындар кәдуілгі құқықтың нормалары бойынша билер сотында соттасты, олар 1886 жылдан сайланбалы халық судьяларының (қазыларының) институтымен ауыстырылды (**фото 423-10, 106-88**). Бұл орайда Ресей үкіметі жергілікті соттардың соттауына жататын қайсыбір маңызды (күрделі) қылмыстық және азаматтық істерді алып қойды, бірақ олардың қарауына отбасылық-некелік дауларды қалдырды. Уақыт озған сайын билердің сотына ресейлік бақылау қатаңдай түсіп, билердің өкілеттіктері тарылды және кәдуілгі құқық нормаларының қолданылуы шектелді. Халық соттарының ресейлік әкімшілік-сот жүйесіне тәуелділік (бағыныштылық) дәрежесі әрбір нақты аймақта өзгешеленді (**фото 1199-66, 1707-57,**

1708-75, 2301-35). Әдеттік және жалпы империялық соттардың қатар жұмыс істеу практикасы екі сот-құқықтық жүйенің сиыспайтынын (үйлеспейтінін) көрсетті. Дәстүрлі құқықтық жүйенің тағдырына нүкте қойылды. Ресей ықпалының аймағына кірген Орталық Азияның бүкіл аумағында империялық билік қатынастарының жаңа жүйесі қалыптасып, ол дәстүрлі сот- құқықтық институттардың құрылымы мен функцияларына ғана емес, сонымен бірге осы аумақтарға қоныстанған халықтардың әлеуметтік құрылымына да өзгерістер әкелді. Қазақтың кәдуілгі құқығының тарихы да осыған ұқсас. Билер соттарының ресейлік билік органдарының қаулыларымен келісілмеген оқиғалар белгілі, сондықтан даулы мәселелерді тексеру үдерісі жиі ұзаққа созылатын. Ресей әкімшілігінің өкілдеріне әдетте әдет нормаларымен реттелетін істерді қарауына және түрлі жағдайларды дәстүрлі шешуге сәйкес келетін халық соттарының қаулыларын даулауына тура келді. Ресей биліктерінің қаулылары көшпелілердің құқықтық жүйесіне көбіне қайшы келетін еді және кейбір жағдайларда ол отбасының араздығына, міндетті тонау мен барымтаға себеп болды. Бүкіл рудың мүдделерін көздейтін заңдар жеке адамның құқығын қолдайтын "еуропалық" заңдармен ауыстырылды. Осы үдеріс бәрінен де XIX ғасырдың соңындағы билер съездерінің жазбаша қаулыларынан (ереже) айқын көрінді, олар кәдуілгі құқықтың ғасырлар бойы қалыптасқан нормаларын жиі бұзып, осы нормаларды ресейлік билік құрылымдарының өкілдері санкциялаған жаңа ережелермен ауыстырды,

XIX ғасырдың соңына қарай әдеттің кейбір ережелері жалпыимпериялық заңнаманың нормалары арқылы толық ығыстырылды. Ең терең өзгерістер сот-құқықтық жүйені қозғады. Көшпелілердің дәстүрлі мәдениетіне қатысты әлеуметтік нормативтік ережелер (дәстүрлі тұрмыс нормалары) екі саяси-құқықтық жүйелердің қақтығысы кезінде анағұрлым аз өзгерістерге ұшырады және кәдуілгі құқықтың нормаларымен реттелуін одан әрі жалғастыра берді.